

Бірқұдайшылық

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخى >



Тәрбиеші ұстаздар



Аударған:

Дамир Хайруддин
Ілияс Сырым

Тексерген:

[«Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы](#)

التوحيد




نخبة المربين



ترجمة: دامير خيرالدين، إلياس صيريم
مراجعة: إدارة الموقع "ميراث أبي حنيفة"

«Балаларға Ислам туралы»
сериясы

Бірқұдайшылық



Бірінші оқу жылына арналған оқу құралы

Бірінші кітап

Араб тілінен аударған:
Дамир Хайруддин
хижраның 1431 жылы/2010 жыл

Қазақ тіліне орыс тілінен аударған
Ілияс Сырым
хижраның 1432 жылы/2011 жыл



بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Аса Мейірімді, мұсылмандарға ерекше Рахымды Аллахтың атымен!

БІРІНШІ САБАҚ

I

ТАҚЫРЫП: ӘРБІР АДАМ НЕНІ БІЛУГЕ МІНДЕТТІ

Сұрақ: **Раббың кім?**



Жауап: **Раббым – Аллах!**

Сұрақ: **Дінің – қай дін?**



Жауап: **Дінім – Ислам!**

Сұрақ: **Пайғамбарың кім?**



Жауап: Пайғамбарым – Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын).¹

II

ЖАТТЫҒУ

Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

Рабым -



Дінім -



Пайғамбарым -



III

¹ **Аудармашының ескертпелері:** Пайғамбар тілге алынған кезде: «Саллә-Ллаһу аләйһи уа салләм», - деп, оған салауат айту керек. Бұл сөз (дұға) осы жерде және осы кітапта «оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын» деп аударылған. Әрбір мұсылман адам Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аты аталған кезде оған салауат айтуы міндетті (уәжіп) болып табылады. Аллаһ былай деген: «**Расында, Аллаһ және оның періштелері Пайғамбарға салауат айтады. Әй, мүміндер! Оған салауат және ықыласпен сәлем келтіріңдер**» («әл-Ахзаб» сүресі, 56-аят).

ТАПСЫРМА




Мына таңертең айтылуға тиісті Аллаһты еске алу сөздерін естеріңе сақтаңдар:

"Радыйту би-Лләһи Раббән, уә би-ль-исләми динән уә би-Мухаммадин нәбийән".

Мағынасы: «Мен Аллаһқа Раббы ретінде, Исламға дін ретінде және Мұхаммадқа пайғамбар ретінде разымын!»²

IV

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Балаларға Аллаһ Тағаланың адамдардың үстінен ұлықтығын түсіндіріңіз, өйткені Ол оларды жоқтан бар етіп жаратты және сансыз нығметтер берді, ал адамдар сол нығметтерді тек Жалғыз Оған ғана құлшылық ету үшін пайдаланулары керек;
-  Аллаһтың Өз құлдарына деген Мейірімі туралы баяндап беріңіз, өйткені Ол оларға Мұхаммад есімді (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Өзінің елшісін жіберді. Кім Кім Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мойынсұнса, сол бұл дүниеде де, қайтыс болғаннан кейінгі өмірде де жетістік пен бақытқа ие болады;
-  Аллаһ Тағала Өзінің құлдары үшін қош көріп, ұнатқан Ислам дінінің ұлықтығын түсіндіріңіз. Өйткені Аллаһ Тағала былай деп айтты ғой: “Бүгін діндеріңді толықтастырдым және нығметімді тамамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым” («әл-Мәйда» сүресі, 3-аят).

² **Аудармашының ескертпелері:** Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мунзир есімді сахабасы Африкада болған кезінде былай деп айтатын: «Мен Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естігенмін: **«Кім таңертең: «Мен Аллаһқа Раббы ретінде, Исламға дін ретінде және Мухаммадқа пайғамбар ретінде разымын!» - деп айтса, мен ол үшін оның қолынан ұстайтыныма және ол Жәннатқа кіргізілмейінше оны жібермейтініме кепілдік беремін».** Әл-Мунзири «әт-Тарғиб уә әт-Тархиб» (1/309), әл-Хайсами «Мәжмұ әз-Зауаид» (10/119). Шейх әл-Әлбани «Сильсиләт әл-Ахадис әс-Сахиха» (№2686) кітабында хадисті сахих деп келтірген.

Ал **«Аллаһтың кез келген құлы кеш батқанда және таң атқанда үш рет: «Мен Аллаһқа Раббы ретінде, Исламға дін ретінде және Мухаммадқа пайғамбар ретінде разымын!» - деп айтса, Аллаһ оны Қиямет Күні разы етуіне міндетті түрде құқықты болады!»** деген хадиске келер болсақ, бұл хадис әлсіз (даиф) болып табылады, бұл туралы шейх әл-Әлбани «Сильсиләт әл-Ахадис әд-Даифа» (№5020) кітабында жан-жақты түсіндіргеніндей.

 Оқушылардың жүректеріне Исламды қадірлеудің өскіндерін салыңыз.

 **Бұл сабақтың мақсаты:**

- 1- Оқушыларға әрбір адам нені білуі керек екенін түсіндіру;
- 2- Оқушыларды Ислам дінін сүйуге, құрметтеуге иландыру.

ЕКІНШІ САБАҚ

I

ТАҚЫРЫП: РАББИМ - АЛЛАҺ

Сұрақ: **Раббың кім?**



Жауап: **Раббым – Аллаһ.**

Сұрақ: **Аллаһ қайда?**



Жауап: **Аллаһ көктердің (аспандардың) үстінде.**

Сұрақ: **Кім сені жаратып, Өз нығметтерімен өсірді?**



Жауап: **Мені жаратқан және Өз нығметтерімен өсірген – Аллаһ.**

II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

Сұрақ: **Раббың кім?**

Сұрақ: **Аллаһ қайда?**

Сұрақ: **Кім сені жаратып, Өз нығметтерімен өсірді?**

III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

👉 Аллаһтың көктердің (аспандардың) үстінде екеніне Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Аллаһ қайда?», - деген сұрағына: «Көктердің (аспандардың) үстінде», - деп жауап берген күң қыз туралы хадис шариғи дәлел болып табылады («Сахих» Муслим, № 5308);

👉 «Аллаһ мені Өз нығметтерімен өсірді» деген сөздердің мағынасын түсіндіріңіз. Ол: «Аллаһ мені ішкі және сыртқы нығметтермен нығайтты. Сыртқы нығметтерге қауіпсіздік, денсаулық және аман-есендік жатады. Ішкі нығметтерге иман және тура жолмен жүргізу (һидая) жатады;

👉 Оқушылардың жүректеріне Аллаһтың ұлылығын салуға тырысыңыз.

💡 **Бұл сабақтың мақсаты:**


- 1- Оқушыларда Аллаһ Тағаланы ұлықтауға деген ұмтылыстарын ояту;
- 2- Оқушыларға Аллаһ Өзінің жаратылыстарынан жоғарыда екенін түсіндіру;
- 3- Аллаһтың Өз жаратылыстарына берген кейбір нығметтері туралы оқушылардың естеріне салу.

ҮШІНШІ САБАҚ

I

ТАҚЫРЫП: РАББЫ ТУРАЛЫ БІЛУ

Мен Раббым туралы Оның белгілері (аяттары) арқылы және Оның жаратылыстары арқылы білемін, мысалы: түн, күндіз, көктер мен жер.



Аллаһ маған өмір берді, кейін Ол маған өлім береді, әрі Оған қайта ораламыз.

II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

Сұрақ: Сен өзіңнің Раббың туралы не арқылы білесің?





بِأَيِّ شَيْءٍ تَعْرِفُ رَبَّكَ؟

Сұрақ: Кім саған өмір берді және кім саған кейін өлім береді?

مَنْ الَّذِي أَحْيَاكَ ثُمَّ يُمِيتُكَ؟

III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушыларға Аллаһ Тағаланың басқа да істерін атап көрсетіңіз! Мысалы, жаңбыр жаудыру, өсімдіктерді өсіру, дұға-тілектерге жауап беру, қайғы мен ауыртпашылықтардан құтқару;
-  Оқушыларды Аллаһтың белгілері мен Оның жаратылыстары жайлы ой құруға ынталандырыңыз;
-  Аллаһқа қайту (нушур) сөзінің мағынасын түсіндіріп беріңіз. Ол қайтыс болғаннан кейін өз істеген амалдарына есеп беру үшін және оларға не сый, не жаза алу үшін қайта тірілу;
-  Оқушылардың жүрегіне өлімнен кейін қайта тірілуге деген сенімді салуға тырысыңыз.



Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Оқушылардың саналарына Аллаһтың кейбір белгілерін (аяттарын) салу;
- 2- Оқушыларды Аллаһтың белгілері және Оның жаратылыстары жайлы ой құруға ынталандыру;
- 3- Оқушыларға адамдар қайтыс болғаннан кейін, Аллаһ Тағала оларды істеген амалдарына есеп алу үшін және сый немесе жаза беру үшін қайта тірілтетінін түсіндіру.

ТӨРТІНШІ САБАҚ

I

ТАҚЫРЫП: АЛЛАҺ – ЖАРАТУШЫ

اللَّهُ الْخَالِقُ

Аллаһ мені және барлық адамдарды жаратты.

اللَّهُ الَّذِي خَلَقَنِي، وَخَلَقَ جَمِيعَ النَّاسِ.

Аллаһ көктер мен жерді жаратты.

اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ.

Аллаһ түн мен күндізді, Күн мен Айды жаратты.

اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ اللَّيْلَ وَالنَّهَارَ، وَالشَّمْسَ وَالْقَمَرَ.

II

ЖАТТЫҒУ

Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

1)барлық жаратылыстарды жаратты.

۱- الَّذِي خَلَقَ الْخَلْقَ.

2)көктер мен жерді жаратты.

۲- الَّذِي خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ.

3)Күн мен Айды жаратты.

۳- الَّذِي خَلَقَ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ.

III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Оқушыларға жаратылғанның ұлықтығы олардың Жаратушысының ұлықтығына нұсқайтынын, сондықтан да тек Жалғыз Аллаһ қана ғибадат етуге лайықты екенін түсіндіріңіз;
- 👉 Оқушыларды Аллаһтың жаратылыстарының, мысалы, аспанның, жердің, ағаштардың ұлықтығы туралы ой қозғатуға тырысыңыз;
- 👉 Оқушылармен бірге Аллаһ Тағаланың басқа да жаратылыстарының мысалдарын келтіріңіздер;
- 👉 Оқушылар оларды жаратқан Аллаһ Тағаланың ұлықтығын сезінулері үшін, оларды Аллаһтың жаратылыстары туралы ой қозғауға ынталандырыңыз.

💡 Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Оқушылардың санасына Аллаһ Тағаланың ұлықтығын күйеу үшін, оларды Аллаһ Тағаланың жаратылыстары туралы ой қозғауға ынталандыру;
- 2- Оқушыларға Аллаһ Тағаланың адамдарға деген мейірімін түсіндіру, өйткені Ол оларды жоқтан бар етіп жаратты.

АЛЛАҒ – ЖАРАТУШЫ

اللَّهُ الْخَالِقُ

Аллаһ тауларды, теңіздерді және талдарды жаратты.

اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ الْجِبَالَ، وَالْبَحَارَ، وَالْأَشْجَارَ

Аллаһ Тағала былай деп айтты:

«Аллаһ — барлық нәрсенің Жаратушысы. Ол – барлық нәрсенің Қамқоршысы» («Зүмәр» сүресі, 62-аят).

Сондықтан да мен барлық нәрсені Жаратқан Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге міндеттімін.

إِذَا يَجِبُ عَلَيَّ أَنْ أَعْبُدَ اللَّهَ وَحْدَهُ الَّذِي خَلَقَ كُلَّ شَيْءٍ

IV

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Аллаһ жаратқан жоғарыда аталған үш нәрсені атаңдар!

عَدَدٌ ثَلَاثًا مِنْ مَخْلُوقَاتِ اللَّهِ.

2) Аллаһ — барлық нәрсенің Жаратушысы. Осы сөздерге шариғи дәлел келтіріңдер!

اللَّهُ خَالِقُ كُلِّ شَيْءٍ. مَا الدَّلِيلُ عَلَى ذَلِكَ؟

3) «Ол сондай Аллаһ, Күнді жарық, Айды нұр етіп жаратты» («Йунус» сүресі, 5-аят).

قال تعالى: ﴿هُوَ الَّذِي جَعَلَ الشَّمْسُ ضِيَاءً وَالْقَمَرَ نُورًا﴾

Келесі сөйлемдерді толықтырыңдар:

املاً الفراغ التالي:

Күннің келтіретін пайдаларына мыналар жатады:

..... مِنْ مَنَافِعِ الشَّمْسِ

Айдың келтіретін пайдаларына мыналар жатады:

..... وَمِنْ مَنَافِعِ الْقَمَرِ

V

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

 Оқушыларға тек Аллаһ қана жалғыз Жаратушы екенін түсіндіріп беріңіз;

👉 Оқушыларға тек барлық нәрсенің Жаратушысы Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету керектігін түсіндіріңіз;

👉 Оқушыларға кейбір жаратылыстардың, мысалы, теңіздер мен ағаштардың пайдасы туралы айтып беріңіз!

💡 **Бұл сабақтың мақсаты:**

- 1- Оқушыларға Аллаһтың кейбір жаратылыстары туралы ескерту;
- 2- Аллаһ барлық нәрсенің Жаратушысы екендігі туралы шариғи дәлелді оқушылардың естеріне салу;
- 3- Аллаһтың жаратылыстары туралы ой қозғауға оқушыларды ынталандыру.

БЕСІНШІ САБАҚ

I

**ТАҚЫРЫП:
АЛЛАҒТЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАРЫНДА КӨРІНІС ТАБАТЫН ОНЫҢ
ҚҰДІРЕТІНІҢ КЕЙБІР МҰҒЖИЗАЛАРЫ**

من عجائب قدرة الله في مخلوقاته

«Раббымыз! Сен мұны босқа жаратпадың, Сен Пәксің, бізді От азабынан сақта!» («Әли Имран» сүресі, 191-аят).

﴿ رَبَّنَا مَا خَلَقْتَ هَذَا بَطْلًا تُسَبِّحُكَ فَقِنَا عَذَابَ النَّارِ ﴾
(سورة آل عمران آية ١٩١)

Қалайша Құдайға мойынсұнбаушылық танытуға болатыны таң қалдырады. Және әрбір нәрседі Оның Жалғыз екендігіне нұсқайтын белгі бола тұра, қалайша көпші Жалғыз Оның бар екендігін теріске шығара алады!




فوا عجباً كيف يُعصى الإله أم كيف يجحده الجاحد
وفي كل شيء له آية تدل على أنه واحد

Тек барлық нәрсенің Жаратушысы ғана Оған құлшылық етуге лайықты!

(الخالق لهذه الأشياء هو المستحق للعبادة)

II

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушылар Аллаһтың жаратылыстарының ұлықтығын саналы түрде түсінулері үшін, оларға мұның түрлі қырларын ашып көрсетіңіз;
-  Оқушыларға Аллаһтың белгілері туралы ой қозғау мұсылманның иманын, Раббысы туралы білімін, Оған деген махаббатын және Оны құрметтеуін арттыратынын түсіндіріңіз;
-  Оқытушы оқушыларға Аллаһ Тағаланың оларды қоршаған жаратылыстарының адамға және басқа да жаратылыстарға әкелер пайдаларын түсіндіре отырып, оларды осы жаратылыстар туралы ой қозғауға ынталандыруы қажет.

 **Бұл сабақтың мақсаты:**

- 1- Оқушыларға Аллаһтың жаратылыстарының ұлықтығының түрлі қырларын түсіндіру;
- 2- Оқушыларды Аллаһтың белгілері мен Оның Жаратылыстары туралы ой қозғауға ынталандыру.

АЛТЫНШЫ САБАҚ

I

ТАҚЫРЫП:
АЛЛАҺ – РИЗЫҚ БЕРУШІ


اللَّهُ الرَّزَّاقُ

Аллаһ аспаннан жаңбыр жаудырады.

اللَّهُ الَّذِي يُنَزِّلُ الْمَطَرَ مِنَ السَّمَاءِ.

Аллаһ бізге тамақ пен сусын береді.

اللَّهُ الَّذِي يَرْزُقُنَا الطَّعَامَ وَالشَّرَابَ.



Аллаһ бізге көру мен есту қабілетін берді.

اللَّهُ الَّذِي رَزَقَنَا السَّمْعَ وَالْبَصَرَ.



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Сұрақ: **Кім бізге тағам мен сусын берді?**






2) Келесі сөйлемдерді толықтырыңдар:

1- Мен нығметінің арқасында көру қабілетімді пайдалана аламын.

2- Мен нығметінің арқасында арқасында есту қабілетімді пайдалана аламын.

III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушыларға жаңбырдың пайдасы туралы айтып беріңіз;
-  Балалардың назарын суды ысырап етпей пайдалану қажет екендігіне аударыңыз;
-  Балалардың назарын тамақтың қалдықтарын арнайы орынға қою керектігіне бұрыңыз, өйткені бұл - Аллаһтың нығметтеріне шүкіршілік танытудың белгісі. Ал Аллаһтың нығметтері үшін шүкірлік ету олардың көбеюіне себеп болады, өйткені Аллаһ Тағала былай деп айтты: «Егер шүкіршілік етсеңдер, Мен сендерге бұдан да көбін сыйлаймын» («Ибраһим» сүресі, 7-аят);
-  Оқушыларға көру мен есту қабілеттерінен келетін ұлы пайдаларды көрсетіңіз;
-  Оқушылардың назарын Аллаһ бізге тамақ, сусын, есту және көру қабілеттері сияқты ұлы нығметтерді, Оған құлшылық етуге деген күш-қуатымыздың болуы үшін нәсіп еткеніне аударыңыз.

 **Бұл сабақтың мақсаты:**

- 1- Оқушылардың естеріне Аллаһтың кейбір нығметтерін салу;
- 2- Оқушыларды Аллаһқа Оның берген нығметтері үшін шүкіршілік етуге ынталандыру.


АЛЛАҺ – РИЗЫҚ БЕРУШІ

اللَّهُ الرَّزَّاقُ


Аллаһ бізге денсаулық пен қауіпсіздік берді.



Аллаһ Тағала былай деп айтты: «Шүбәсіз, Ол Аллаһ – Ризықтандырушы, Күш-қуат Иесі, Мықты» («әз-Зәрият» сүресі, 58-аят).




Сондықтан да мен маған барлық нәрсені берген Аллаһқа шүкіршілік етуім қажет!



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Сұрақ: Бізге барлық нәрсені берген кім?



2) Мына суреттен Аллаһтың нығметтерінің ішіндегі екі нығметін ажыратып көрсетіңіздер!

اسْتَخْرِجْ مِنَ الصُّورَةِ نِعْمَتَيْنِ مِنْ نِعَمِ اللَّهِ.



3) Келесі сөйлемдерді толықтырыңдар:

املاً الفراغ التالي:

Мұсылман адам Раббысына әрбір нығмет үшін шүкіршілік етеді және: «.....!» - деп айтады.

يشكر المسلم ربه عند كل نعمة فيقول

1) Егер Аллаһ жерге жаңбыр жаудырмаса, жер қандай күйде болады?
(.....)

2) Аллаһ жерге жаңбыр жаудырған кезде жер қандай күйде болады?
(.....)

ما حال الأرض إذا لم ينزل الله عليها المطر؟

(.....)





ما حال الأرض عندما أنزل الله عليها المطر؟

(.....)



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушыларға тек Жалғыз Аллаһ Тағаладан ғана ризық сұрау қажет екендігін түсіндіріңіз;
-  Оқушыларды Аллаһтан денсаулық пен қауіпсіздік сұрауға ынталандырыңыз;
-  Оқушыларды кез келген нығмет үшін «Әлхамду лиЛляһ!» («Аллаһқа мадақ!») деп айтуға ынталандырыңыз;
-  Аллаһтың нығметтерінің басқа да мысалдарын атап көрсетіңіз. Бұрын өмір сүрген салиқалы дін өкілдері былай деп айтатын: «Нығметтерді атау нығметтерді Сыйлаушының, Жоғары және Мақтаулының жақсы көруін шақырады».

**Бұл сабақтың мақсаты:**

- 1- Оқушыларға Аллаһтың Ризық беруші екендігіне шариғи дәлелдерді атап көрсету;
- 2- Оқушыларды Аллаһ оларға беріп жатқан ұлы нығметтері үшін шүкіршілік етуге ынталандыру.

ЖЕТІНШІ САБАҚ

I

ТАҚЫРЫП:
МЕН РАББЫМ – АЛЛАҒА ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТЕМІН!

أَعْبُدُ اللَّهَ رَبِّي

Мен мұсылманмын. Мен тек Аллаға ғана құлшылық етемін.

أَنَا مُسْلِمٌ أَعْبُدُ اللَّهَ وَحْدَهُ

Мен мұсылманмын. Мен Аллаһты жақсы көремін және оған мойынсұнамын.

أَنَا مُسْلِمٌ أَحِبُّ اللَّهَ وَأَطِيعُهُ

Мен мұсылманмын. Мен Аллаһтан қорқамын және оған бағынамын.

أَنَا مُسْلِمٌ أَخَافُ اللَّهَ وَلَا أَعْصِيهِ

Мен мұсылманмын. Мен тек Аллаға ғана дұға етіп жалбарынамын және Онымен бірге ешкімге дұға етіп жалбарынбаймын.

أَنَا مُسْلِمٌ أَدْعُو اللَّهَ وَحْدَهُ، وَلَا أَدْعُو مَعَهُ غَيْرَهُ

II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Сұрақ: Біз жалғыз кімге ғана құлшылық етеміз?

مَنْ الَّذِي نَعْبُدُهُ وَحْدَهُ؟

2) Бос орындарды мына сөздермен толтырыңдар:
Жәннат, намаз, Құран, Аллаһ

املاً الفَرَائِغَاتِ بِالْكَلِمَةِ الْمُنَاسِبَةِ:
الجَنَّةِ ، الصَّلَاةَ ، الْقُرْآنَ ، اللَّهَ.

1. Мұсылман адам текғана дұға етіп жалбарынады.

✦ المسلم يدعو وحده.

2. Мұсылман адам қатаң түрде орындайды.

..... ✦ المسلم يحافظ على أداء

3. Мұсылман адам Аллаһтың разылығын алу үшін және кіру үшін,
..... көп оқиды.

✦ المسلم يكثر من تلاوة ليفوز برضا
الله سبحانه ودخول

III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:



Оқушыларға Аллаһ - Жаратушы, Ризық беруші, өмір Беруші, өлім Жіберуші

және тек Ол ғана құлшылық етуге лайықты екенін түсіндіріңіз;

- 👉 Оқушыларға ғибадат-құлшылықтың намаз, ораза, дұға ету, құрбан шалу т.с.с. түрлерін ескертіңіз;
- 👉 Оқушыларды Аллаһқа мойынсұну амалдарын жасауға ынталандырыңыз.



Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 – Оқушыларды тек Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге және Онымен бірге ешкімге құлшылық етпеуге ынталандыру;
- 2 – Оқушыларға құлшылықтың кейбір түрлерін атап көрсету;
- 3 – Оқушыларды Аллаһ Тағаланың ызасын келтіретін күнәларды жасаудан алдын ала сақтандырып ескерту;
- 4 – Оқушыларда Ислам дінін мақтаныш ету сезімін ояту.

СЕГІЗІНШІ САБАҚ

I

ТАҚЫРЫП:
ДІНІМ – ИСЛАМ!

دِينِي الْإِسْلَامُ

Мен мұсылманмын. Менің дінім – Ислам.

أَنَا مُسْلِمٌ دِينِي الْإِسْلَامُ.

Аллаһ Тағала былай деп айтты: «Ақиқатында, Аллаһтың қасында шынайы дін – Ислам» («Әли Имран» сүресі, 19-аят).

قال تعالى: ﴿إِنَّ الدِّينَ عِنْدَ اللَّهِ الْإِسْلَامُ﴾

Ислам – бұл:

الْإِسْلَامُ هُوَ:

Аллаһқа ғана құлшылық ету, Оған мойынсұну, Оған бағынбаудан бас тарту және Исламнан басқа кез келген діннен аулақ болу.

توحيد الله، وطاعته، وترك معصيته
واجتناب كل دين غير دين الإسلام.

II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Сұрақ: Дінің - қай дін?

ما دِينُكَ؟

1) Оң жақтағы бағанадан сол жақтағы бағанада орналасқан тиісті сөздерге қарай сызықтар сызыңдар.

صل العمود الأول بما يناسبه من العمود الثاني:

ИСЛАМ – БҰЛ:

КЕЗ КЕЛГЕН ДІННЕН АУЛАҚ БОЛУ
АЛЛАҒА

ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТУ

БАС ТАРТУ

ТЕК ҚАНА

БАҒЫНБАУДАН

ИСЛАМНАН БАСҚА



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Исламның ерекше өзгешіліктерін атап көрсетіп, оқушыларға оның маңызын түсіндіріңіз және олардың жүректеріне осы ұлы дінге деген махаббаттың өскіндерін салыңыз;
- 👉 Исламды бекем түрде ұстану арқылы ғана Тозақтан құтылып, Жәннатқа кіруге болатынын оқушыларға түсіндіріңіз;
- 👉 Оқушыларға Исламның бір бөлігі мұсылмандарға деген сүйіспеншілік пен кәпірлерге деген жек көрушілік, сондай-ақ кәпірлерге ұқсамау міндеттілігі болып табылатынын түсіндіріңіз.

💡 Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Оқушыларға Исламның маңызын түсіндіру;
- 2- Оқушылардың бойына мұсылмандарға деген сүйіспеншілікті сіңдіру;
- 3- Оқушыларды көпқұдайшылықтан және көпқұдайшылардан сақтандыру.

ДІНИМ – ИСЛАМ

دِينِي الْإِسْلَامُ


«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және

Мухаммад – Аллаһтың елшісі» деген куәлік – Исламның негізі



Аллаһ Тағала былай деп айтты: «Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, өсте одан қабыл етілмейді де, Ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады» («Әли Имран» сүресі, 85-аят).

Сөйтіп, мен мұсылманмын, әрі Исламнан басқа дінді қабылдамаймын!



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Сұрақ: **Исламның негізі не?**

مَا أَسَاسُ الْإِسْلَامِ؟

2) Мына сөйлемдердегі бос орындарды жақшадағы сөздердермен толтырыңдар: (Исламнан, Тозаққа)

..... басқа кез келген дін өтірік болып табылады.

Исламды ұстанбай өлген адам түседі.

املاً الفَراغَ التَّالِيَّ بما يناسبه من الكلمات التالية:
(الإسلام - النار).
كُلُّ دِينٍ غَيْرِ..... باطلٌ، من مات على غير الإسلام دخل.....

3) Аллаһ Исламнан басқа дінді қабыл етпейді. Бұл сөзге шариғи дәлел келтіріңдер.

لا يَقْبَلُ اللَّهُ غَيْرَ الْإِسْلَامِ دِينًا. اذْكَرِ الدَّلِيلَ.

4) Мұсылман адам иман куәлігін (шахада) айтатын кезді білдіретін сөздердің жанына белгі қойыңдар.

Азан айтқанда –

Тамақтанғанда –

Дәрет алып болған соң –

Түшкіргеннен кейін –



МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Аллаһтың Елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Муаз есімді сахабаны, оған Аллаһ разы болсын, Йемен тұрғындарына жібергенде, оларды ең бірінші шақыруға бұйырған нәрсесі «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ» куәлігі болғаны баяндалатын хадиске нұсқаныз (бұл хадисті әл-Бухари (№7372) және Муслим (№19) өздерінің «Сахих» жинақтарында келтірген);
- 👉 Оқушыларға екі куәліктің ұлықтығын және маңызын, адам Исламға сол сөздерді айту арқылы алғаш кіретінін түсіндіріңіз;
- 👉 Жалған діндердің мысалдарын келтіріңіз: иудаизм, христиан, пұтқа табынушылық т.б.
- 👉 Исламнан басқа дінді ұстанып қайтыс болған адам Тозаққа түсетінін түсіндіріңіз.

💡 Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Оқушыларға Исламның негізін ескерту;
- 2- Оқушыларға Ислам дінін мақтаныш ету сезімін ұялату;
- 3- Исламнан басқа кез келген дін жалған екенін оқушыларға түсіндіру.

ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ

I

**ТАҚЫРЫП:
ПАЙҒАМБАРЫМ – МУХАММАД
(оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!)**



Пайғамбарым – Мухаммад ибн Абдуллаһ ибн Абдулмутталиб.

Аллаһ оны барлық адамдарға жіберді.



Аллаһ оны адамдарды тек Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шықыру үшін және олардың Аллаһтан басқа кез келген нәрсеге құлшылық етуден бас тартулары үшін жіберді.

أرسله الله ليَدْعُوهُمْ إِلَى عِبَادَةِ اللَّهِ وَحْدَهُ، وَتَرْكِ عِبَادَةِ مَا سِوَاهُ.

II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:


- 1) Пайғамбардың есімі
- 2) Аллаһ оны барлық жіберді.
- 3) Аллаһ оны адамдарды шақыруы үшін жіберді.
- 4) Аллаһ оны адамдардың жіберді.




III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Оқушыларға Аллаһтың Өз құлдарына деген нығметтерінің (мейірімінің) бірі – оларды Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақырған Мухаммад пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) жібергені екендігін түсіндіріңіз;
- 👉 Оқушыларға Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген махаббаттың талап ететін нәрселерінің бірі – оның бұйрықтарына бағыну және оған ілесу екенін түсіндіріңіз;
- 👉 Аллаһтан басқа әлдебіреуге құлшылық етуден сақтандырыңыз;

 Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) аты аталғанда оған салауат айтуға ынталандырыңыз (үйретіңіз);

 Оқушылардың санасына қонымды сөздермен оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) піл жылында дүние келуінің тарихын баяндап беріңіз.



Бұл сабақтың мақсаты:

1- Оқушыларды Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) шыққан тегімен таныстыру;

2- Аллаһ Тағаланың Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) барлық адамдарға жібергенін түсіндіру;

3- Оқушыларға Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) адамдарға жіберілгенінің даналығын түсіндіру.


ПАЙҒАМБАРЫМ – МУХАММАД (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!)

Кім Елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) мойынсұнса, Жәннатқа кіреді.

Кім Елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) бағынбаса, Тозаққа түседі.

СОНДЫҚТАН:

Мен Елшіні (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) жақсы көруім керек және оған бағынуым керек.



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

1) Кім Елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) мойынсұнса,кіреді, ал кім Елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) бағынбаса, түседі.

.....مَنْ أَطَاعَ الرَّسُولَ ﷺ دَخَلَ.....، وَمَنْ عَصَاهُ دَخَلَ.....

2) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) сипаттарына шыншылдық,, жатады.





من صفات الرسول ﷺ: الصِّدْقُ،

3) Аллаһтың Елшісінің аты аталғанда не деп айту қажет?

.....

مَاذَا تَقُولُ عِنْدَمَا تَسْمَعُ اسْمَ رَسُولِ اللَّهِ ﷺ؟

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушыларды Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) мойынсұнуға және оны жақсы көруге ынталандырыңыз. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) бұйырған нәрсесіне қайшы келуден сақтандырыңыз;
-  Аллаһтың Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) жақсы көрген адам онымен бірге Жәннатта болатынына нұсқаңыз, бұл мына хадисте жеткізілгеніндей: «Адам жақсы көргендерімен бірге болады» («Сахих» әл-Бухари, №6169);
-  Оқушылар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан сайын жақсы көріп, оған ілесуді қалаулары үшін, Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) өмірінен тиісті мысалдарды келтіріп, оның кейбір адамгершілік сипаттары, мысалы, шыншылдығы, сенімділігі, аманатшылдығы, кішіпейілділігі, кешірімділігі туралы баяндап беріңіз;
-  Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары (оларға Аллаһ разы болсын!) тарапынан Пайғамбарға деген махаббат пен мойынсұнушылықтың мысалдарын келтіріңіз. Олар ешқашан оған бағынудан бас тартпағандықтары туралы да ескертіңіз.

Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Оқушыларға Пайғамбарға деген (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) махаббат оған мойынсұнуда және оның өнегесіне ілесуде көрінетінін түсіндіріңіз;
- 2- Оқушыларға кім Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) мойынсұнса – Жәннатқа кіретінін, ал кім оған бағынбаса – Тозаққа түсетінін түсіндіріңіз;
- 3- Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырған нәрсесіне қайшы келудің қауіптілігін ескертіңіз.


ОНЫНШЫ САБАҚ

I

ТАҚЫРЫП: ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН

Аллаһ Тағала Қасиетті Құранды Өзінің елшісі Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) түсірді.

Қасиетті Құран – Аллаһ Тағаланың Сөзі.



Құранды жақсы көріп, оқу керек және оған сәйкес амал жасау қажет)

يَجِبُ عَلَيَّ مَحَبَّتُهُ وَقِرَاءَتُهُ، وَالْعَمَلُ بِهِ.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Аллаһ Тағала Өзінің елшісі Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірген Кітап қалай аталады?

مَا الْكِتَابُ الَّذِي أَنْزَلَهُ اللَّهُ تَعَالَى عَلَى رَسُولِهِ مُحَمَّدٍ ﷺ.

Бос орындарды тиісті сөздермен толтыр:

2) Мен мұсылманмын. Менің Кітабым – Қасиетті

أنا مسلم كتابي الكريم.







Мухаммад пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) былай деп айтты: «Сендердің жақсыларың – Құранды және оны өзгелерге үйреткендерің».

قال ﷺ: (خَيْرَكُمْ مَنْ الْقُرْآنَ وَعَلَّمَهُ).

Мен Аятуль Курсиді жаттап, оны әр намаздан кейін және ұйықтаудан бұрын оқимын.

أنا أحفظ آية الكرسي وأقرأها بعد كل صلاة وقبل النوم

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушылардың санасына қонымды сөздермен Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Хира үңгірінде Қасиетті Құран түсіріле бастағанының тарихын баяндап беріңіз;
-  Оқушылардың жүректеріне Қасиетті Құранға деген махабаттың өскіндерін салыңыз;
-  Оқушыларға Қасиетті Құранды жаттаған адамға Аллаһтың үлкен сыйы бар екенін түсіндіріп, оны жаттауға ынталандырыңыз. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!): *«Сендердің жақсыларың – Құранды үйренгендерің және оны басқаларға үйрететіндерің»,* - деп айтты («Сахих» әл-Бухари, №5027). Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!) сондай-ақ былай деді: *«Кім Құраннан бір әріп болса да оқыса, соған бір игі іс (жазылады), ал (әрбір) игі іске он есе (сауап беріледі), және мен: «Әлиф, Лям, Мим – бұл бір әріп», - деп айтып тұрған жоқпын, жоқ, «Әлиф» - (бір) әріп, «Лям» - (бір) әріп және «Мим» - (бір) әріп»* (әт-Тирмизи «Сунан», №2910).
-  Дәлел ретінде Аллаһ Тағаланың *«Қашан Құран оқылса, оған құлақ салып тыңдандар да, үндемендер. Мүмкін, мархаметке бөленесіңдер!»* («әл-Ағраф» сүресі, 204-аят) деген сөздерін келтіріп, оқушылардың назарын Қасиетті Құранға құрмет көрсетуге, оны ұлықтауға, оны естіген кезде үнсіздік сақтап, тыңдауға аударыңыз;
-  Құранның басқа да аяттарын, атап көрсетіңіз, мысалы, Ескерту (өз-Зикр), (жақсы мен жаманды) Айырып көрсетуші (әл-Фурқан), Кітап (әл-Китаб);
-  Оқушыларды (оларға Құран – бұл қайтыс болған адамдарға бағыштап оқып беру үшін емес, тірі адамдарға Жәннатқа апарар тура жолды көрсету үшін және мүміндерге басшылық ретінде түсірілген Кітап екенін ескерте отырып – аудармашыдан (каз)) **Құранға сәйкес амал етуге, ондағы бұйрықтарды орындауға және ондағы тыйым салынған нәрселерден аулақ болуға ынталандырыңыз.**

Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Оқушыларға Қасиетті Құран Аллаһтың Сөзі болып табылатынын түсіндіру;
- 2- Оқушыларға Қасиетті Құранды құрметтеу қажет екендігін ескерту;
- 3- Оқушыларға Қасиетті Құрандағы бұйрықтарды орындау міндетті екендігіне нұсқау;
- 4- Оқушыларға Қасиетті Құранда аталған тыйым салынған нәрселерден аулақ болу міндетті екендігіне нұсқау.

БІРІНШІ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
БІРІНШІ ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КІТАПТЫҢ МАТЕРИАЛЫН ҚАЙТАЛАУ

1) Сұрақ: Раббың кім?

مَنْ رَبُّكَ؟

2) Сұрақ: Аллаһ қайда?

أَيْنَ اللَّهِ؟

3) Сұрақ: Сені жаратқан және саған ризық берген кім?

مَنْ الَّذِي خَلَقَكَ وَرَزَقَكَ؟

4) Аллаһ Тағала былай деп айтты: «Аллаһ - барлық нәрсенің Жаратушысы» («әз-Зумар» сүресі, 62-аят).

قال الله تعالى: ﴿اللَّهُ خَلِقُ كُلِّ شَيْءٍ﴾ (سورة الزمر آية 62)

Аллаһ Тағаланың үш жаратылысын атаңдар:

1- _____

2- _____


3- _____



5) Сұрақ: Жаңбырды кім жаудырады?

مَنْ الَّذِي يُنَزِّلُ الْمَطَرَ؟

6) Сұрақ: Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кімдерге жіберілген еді?

لِمَنْ أُرْسِلَ النَّبِيُّ مُحَمَّدٌ ﷺ؟ 

7) Бос орындарды мына тиісті сөздермен толтырыңдар:
(Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), Ислам, Тозаққа,
Аллаһ, Жәннатқа, Қасиетті Құран)

[مُحَمَّدٌ ﷺ - الْإِسْلَامُ - النَّارُ - اللَّهُ - الْجَنَّةُ - الْقُرْآنُ الْكَرِيمُ]

а) Ауырған кезімде маған шипа береді.

الَّذِي يَشْفِينِي إِذَا مَرَضْتُ هُوَ 

б) Менің дінім -

دِينِي 

в) Менің Пайғамбарым -

نَبِيِّ 

г) Аллаһ Өзінің пайғамбары Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірген Кітап.....деп аталады.

الْكِتَابُ الَّذِي أَنْزَلَهُ اللَّهُ عَلَى نَبِيِّ مُحَمَّدٍ ﷺ هُوَ 

д) Кім Елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бағынбаса,
.....түседі, ал кім оған бағынсакіреді.

مَنْ أَطَاعَ الرَّسُولَ دَخَلَ وَمَنْ عَصَاهُ دَخَلَ 

ЕКІНШІ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
ҮШ НЕГІЗ

الأصول الثلاثة*

Адам білуге тиісті үш негіз - бұл:

- 1 - Пенденің өз Раббысы туралы білуі
- 2 - Пенденің өз діні туралы білуі
- 3 - Пенденің өз Пайғамбары (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы білуі



Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан: «Аллаһқа Раббысы ретінде, Исламға діні ретінде және Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбары ретінде разы болған адам иманның ләззатын сезінеді» (Муслим өзінің «Сахихында», №34 келтірген).



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

Адам білуге тиісті болған үш негіз - бұл:

1 - Пенденің өз туралы білуі

2 - Пенденің өз туралы білуі

3 - Пенденің өз туралы білуі

2) Адам білуге тиісті үш негізге қандай шариғи дәлел бар?



Аллаһтың құлына қабірде үш сұрақ қойылады:

1- Раббың кім?


2- Дінің - қай дін?


3- Пайғамбарың кім?



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРПЕЛЕР:

 Оқушыларға «қандай да бір заттың тірегі қызметін атқаратын басты бөлігі» дегенді білдіретін «негіз» сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.

 Оқушыларға Аллаһтың құлы осы үш негіз туралы өзінің қабірінде: «Раббың кім? Дінің - қай дін? Пайғамбарың кім?» - деп сұралатынын түсіндіріңіз. Кім осы сұрақтарға дұрыс жауап берсе, соны Аллаһ Жәннат бақтарымен марапаттайды, ал кім оларға жауап бере алмаса, Аллаһ азапты жазаға тартады. Бұл жөнінде Абу Даудтың «Сунан» кітабында (№ 4753) келтірілген әл-Бара бин Азибтің (оған Аллаһ разы болсын) хадисінде баяндалады.

 **Бұл сабақтың мақсаты:**

- 1- Балаларға үш негіз туралы баяндап беру;
- 2- Оқушыларға осы үш негіздің шариғи дәлелдерін көрсету;
- 3- Оқушыларда Ислам дініне деген мақтаныш пен құрмет сезімдерін ояту.

ҮШІНШІ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
ПЕНДЕНІҢ ӨЗ РАББЫСЫ ТУРАЛЫ БІЛУІ



Үш негіз:

- 1 - Пенденің өз Раббысы туралы білуі
- 2 - Пенденің өз діні туралы білуі
- 3 - Пенденің өз Пайғамбары (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы білуі



Менің Раббым - Аллаһ. Жаратушы (әл-Халиқ),

Ризық Беруші (әр-Раззақ),

Істерге Өкім етуші (әл-Мудаббир).


Тек Ол ғана құлшылыққа лайықты, ал Одан басқа ешкім құлшылыққа лайықты емес.



Мен өзімнің Раббым туралы Оның белгілері (дәлелдері) арқылы және Оның жаратылыстары арқылы білемін. Мысалы: түн, күндіз, күн, ай, аспан мен жер.



Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Түн мен күндіз және Күн мен Ай - Аллаһтың дәлелдерінен. Күнге де, Айға да сәжде қылмаңдар. Оларды жаратқан Аллаһқа сәжде қылыңдар; егер Оған құлшылық қылатын болсаңдар» («Фуссыләт» сүресі, 37-аят).



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) «Раббы» («әр-Рабб») сөзінің мағынасы қандай?

مَا مَعْنَى الرَّبِّ؟

2) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

- Мен өз Раббым туралы Оның..... арқылы және Оның білемін.

..... أَعْرِفُ رَبِّي بِ.....

- Түнді және күндізді жаратқан -

..... الَّذِي خَلَقَ اللَّيْلَ وَالنَّهَارَ هُوَ.....

3) Мына суреттен Аллаһтың үш жаратылысын ажыратып көрсетіңдер:

1 -


2 -

3 -



4) Мына аяттағы Аллаһтың белгілерінің астын сызыңдар:

«Көрмедің бе? Расында Аллаһ, түнді күндізге қосып, күндізді түнге қосады. Сондай-ақ Күн мен Айды бағындырды. Барлығы белгілі бір мерзімге дейін жүреді. Рас, Аллаһ, олардың істегендерін толық білуші» («Лұқман» сүресі, 29-аят).








5) Күн мен Ай Аллаһ бізге Өз Рахымымен сыйлаған Оның ұлы жаратылыстарына жатады. Күн мен Ай қандай пайда келтіретіні туралы баяндап беріңдер?



Мен мұсылманмын. Мен Аллаһтың барлық жаратылыстарды жаратқанына және оларға ризық бөліп бергеніне кәміл сенемін. Аллаһ бұл ғаламның барлық істеріне өкім етеді және тек Ол ғана құлшылыққа лайықты!



МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРПЕЛЕР:

-  Оқушыларға, Құран аяттары мен хадистерге сілтеме жасай отырып, Аллаһтың жаратылыстарының ұлылығын көрнекі түрде көрсету үшін, бұл сабақты олармен бірге сыртта өткізіңіз;
-  Аллаһ Тағала былай деп айтты: «Әй, Адам баласы! Сондай сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларыңа құлшылық қылыңдар. Әрине сақтанған боларсыңдар. Ол сондай Аллаһ, сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты, әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әр түрлі өсімдіктен ризық шығарды. Сондықтан біле тұра, ешкімді Аллаһқа серік қоспаңдар» («әл-Бақара» сүресі, 21-22-аяттар).
Ибн Касир былай деп айтқан: «Осы нәрселердің Жаратушысы құлшылық етуге лайықты».
-  Оқушыларға Аллаһтың жаратылыстары туралы ой шолу құлшылық болып табылатынын түсіндіріңіз;
-  Оқушыларды Аллаһқа есендікте де (мысалы, Одан пайдалы ілім мен адал ризық-несібе сұрап), қайғы-қасіретте де (мысалы, Аллаһтан ауруға шипа сұрап және ауыртпалықтардан босатуды тілеп) дұға етуге ынталандырыңыз;
-  Оқушыларды Аллаһқа Оның ұлы нығметтері үшін шүкіршілік айтуға ынталандырыңыз. Осындай нығметтерге, нақтылап айтқанда, Күн мен Ай жатады, өйткені оларда адамзат пен жануарлар үшін және өсімдіктер үшін өте үлкен пайда бар.

Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Баларға үш негіздің біріншісін түсіндіру;
- 2- Оқушыларға «Раббы» («әр-Рабб») сөзінің мағынасын түсіндіру;
- 3- Оқушыларға Аллаһтың кейбір жаратылыстарын атап айтқызыдыру.


ТӨРТІНШІ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
ЖЫНДАР МЕН АДАМДАРДЫҢ ЖАРАТЫЛУЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚ

الْحِكْمَةُ مِنْ خَلْقِ الْجِنِّ وَالْإِنْسِ

Аллаһ жындар мен адамдарды тек Өзіне құлшылық етулері үшін ғана жаратты!



Бұған шариғи дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері: «Жын мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым» («өз-Зәрият» сүресі, 56-аят).



Құлшылық - Ғибадат (әл-'ибада)

Бұл Аллаһ жақсы көретін және разы болатын барлық нәрсенің жинақталған анықтамасы, мейлі олар жасырын немесе жария, сөздер немесе амалдар болсын.



Құлшылық-ғибадаттың мысалдары:

Аллаһқа деген махаббат, Аллаһтан қорқу, Аллаһқа дұға етіп жалбарыну, намаз, ораза, ата-анаға деген ізет-құрмет.

من أمثلة العباداة:
حُبُّ اللَّهِ، وَالْخَوْفُ مِنَ اللَّهِ، وَالِدُعَاءُ، وَالصَّلَاةُ، وَالصِّيَامُ، وَبِرُّ الْوَالِدَيْنِ.

II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Аллаһ сені ұлы Даналығымен жаратты. Ол даналықтың мәні неде? Шариғи дәлел келтір!

خَلَقَكَ اللَّهُ لِحِكْمَةٍ عَظِيمَةٍ؛ اذْكُرْهَا مَعَ الدَّلِيلِ.

2) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

Құлшылық (ғибадат) - бұл Аллаһ жақсы көретін және разы болатын барлық нәрсенің жинақталған анықтамасы, мейлі олар немесе, немесе болсын.


– العباداة: هي اسم جامع لكل ما يُحِبُّهُ اللَّهُ وَيَرْضَاهُ مِنْ
و..... الظاهرة و.....

Құлшылықтың түрлеріне намаз,.....,.....,.....жатады.

– من أنواع العباداة الصلاة: و..... و.....
و.....

3) Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Мүмін ер немесе әйелден кім түзу іс істесе, әлбетте оған өте жақсы өмір сыйлаймыз. Өрі оларға істеген істерінен жақсырақ сыйлық береміз» («ән-Нәхл» сүресі, 97-аят).

- Жақсы өмірге не арқылы қол жеткізуге болады?



Құлшылық (ғибадат) - көкіректің (ақиқат үшін) ашылуына және жүректің тынышталуына себеп.

الْعِبَادَةُ سَبَبٌ لِّانْشِرَاحِ الصَّدْرِ وَطَمَإِينَةِ الْقَلْبِ .

III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРПЕЛЕР:

👉 Оқушыларға Аллаһтың барлық жаратылыстарында және Оның барлық бұйрықтарында даналық бар екенін түсіндіріңіз. Нақтырақ айтар болсақ, адам жай жаратылған жоқ; жоқ, ол мәні Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету мен Оған серік қоспау болған ұлы іс үшін жаратылды. Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Шынымен, Біз сендерді босқа жараттық деп, тіпті Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?» («әл-Муминун» сүресі, 115-аят).


👉 Құлшылықтың басқа да, сыртқы (басқаша айтқанда «дене амалдары» деп аталатын), мысалы, зекет, қажылық, құрбан шалу сияқты, сондай-ақ ішкі (басқаша айтқанда «жүректің амалдары» деп аталатын), мысалы, сүю, қорқу, үміт ету тағы да сол сияқты түрлерін атаңыз;

👉 Ғибадат көкіректің ашылуына себеп болып табылатынын түсіндіріңіз. Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Мүмін ер немесе әйелден кім түзу іс істесе, әлбетте оған өте жақсы өмір сыйлаймыз. Өрі оларға істеген істерінен жақсырақ сыйлық береміз» («ән-Нәхл» сүресі, 97-аят).

💡 **Бұл сабақтың мақсаты:**

- 1- Оқушыларға жындар мен адамдардың жаратылуындағы даналықты түсіндіру;
- 2- Оқушыларға «ғибадат» сөзінің мағынасын түсіндіру;
- 3- Оқушыларға жындар мен адамдардың жаратылуындағы даналыққа

нұсқайтын шариғи дәлелді саналарына құю.



وَجُوبُ عِبَادَةِ اللَّهِ وَحْدَهُ

Аллаһ бұйырған ең ұлы іс - бұл бірқұдайшылық (таухид).

Бірқұдайшылық - бұл жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету.

Аллаһ тыйым салған ең зор күнә - бұл көпқұдайшылық (ширк).

Көпқұдайшылық - бұл Аллаһпен қатар басқаларға құлшылық ету.



Бұған Аллаһ Тағаланың мына Сөздері шариғи дәлел болып табылады:
«Оларға: «Шын мәнінде, Аллаһқа ғана құлшылық етуге және Оған ешбір серік қоспауға бұйырылдым», - де» («Әр-Рағд» сүресі, 36-аят).



ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Аллаһтан басқаға құлшылық етуді білдіретін сөз қалай аталады?

ماذا تُسمّى عبادة غير الله؟

2) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

- Аллаһ бұйырған ең ұлы іс - бұл

♦ أعظم ما أمر الله به

- Аллаһ тыйым салған ең ұлы іс - бұл

♦ أعظم ما نهى الله عنه

- Бірқұдайшылық - бұл..... де , өмірде де бақытқа жеткізетін жалғыз жол.

♦ التوحيد سبيل للسعادة في والآخرة.

- Көпқұдайшылық - бұл өмірдегі бақытсыздыққа және жазаға ұшырауға ең үлкен себеп.

♦ الشرك أعظم سبب للشقاء في الدنيا، والعذاب في


3) Тек жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етудің міндетті екендігіне нұсқайтын шариғи дәлелді келтіріңдер!


أذكر دليلاً على وجوب عبادة الله وحده.


Бір Аллаһқа ғана құлшылық ету - бұл дүниеде де, келесі өмірде де бақытқа жеткізетін жалғыз жол!


عبادة الله وحده هي سبيل السعادة في الدنيا والآخرة.

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРПЕЛЕР:

 Оқушыларға барлық пайғамбарлардың елшілік қызметінің мәні бір, яғни бірқұдайшылыққа шақыру және көпқұдайшылыққа тыйым салу болғанын түсіндіріңіз. Мысал ретінде олар туралы «әл-Ағраф» сүресінде және басқа да сүрелерде баяндалатын кейбір пайғамбарлардың (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) хикаяларын келтіріңіз;

 Оқушыларға бірқұдайшылықтың маңыздылығын түсіндіріңіз! Оларға бұл дүниеде де, келесі өмірде де бақытқа апарар бірқұдайшылықтан өзге жол жоқ екенін ұғындырыңыз!

 Оқушыларға көпқұдайшылықтың қауіптілігін түсіндіріңіз. Оларға көпқұдайшылықтың бұл дүниеде бақытсыздыққа, ал келесі өмірде азапты жазаға ұшыраудың ең үлкен себебі болатынын түсіндіріңіз. Сондықтан да Ибраһим, оған Аллаһтың сәлемі болсын, өзінің Раббысына: «Мені және менің ұлдарымды пұтқа табынудан сақта!» («Ибраһим» сүресі, 35-аят), - деп жалбарынған екен.

 Оқушыларға көпқұдайшылықтың кейбір мысалдарын келтіріңіз. Мысалы: Аллаһтан басқаға арнап құрбан шалу; Аллаһтан басқамен ант ету; жамандық пен көзді қайтару мақсатымен тұмар, көзмоншақ, қызыл шүбірек, ала жіп т.с.с. тағу.

Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Оқушыларға бірқұдайшылықтың ұлылығын түсіндіру;
- 2- Оқушыларды бірқұдайшылықпен үйлеспейтін көпқұдайшылықтан сақтандыру;
- 3- Оқушыларға тек Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етудің міндетті екендігіне нұсқайтын шариғи дәлелді ескерту.

АЛТЫНШЫ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
АЛЛАҒАН БАСҚАҒА ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТУ – КӨПҚҰДАЙШЫЛЫҚ

عِبَادَةُ غَيْرِ اللَّهِ شِرْكٌ

Аллаһтан басқаға құлшылық етуші көпқұдайшыл (мушрик) болып табылады.

مَنْ عَبَدَ غَيْرَ اللَّهِ فَهُوَ مُشْرِكٌ

Мысалы, Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарынушы, немесе Аллаһтан басқаға құрбан шалушы.

مَنْ دَعَا غَيْرَ اللَّهِ
مِثْلُ
وَمَنْ ذَبَحَ لِغَيْرِ اللَّهِ


Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Аллаһқа құлшылық етіңдер, әрі Оған серік қоспаңдар!» («ән-Ниса» сүресі, 36-аят).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَأَعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا﴾
(سورة النساء آية ٣٦)

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Аллаһтан басқаға құлшылық етуші көпқұдайшыл (мушрик) болып табылады.

- Шариғи дәлел келтіріңдер!
- Көпқұдайшылықтың мысалдарын келтіріңдер!



2) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:


1 - Көпқұдайшылдың жазасы - мәңгі қалу.



2 - Кім құлшылықтың қандай да бір түрлерін, мысалы, дұғаны және Аллаһтан басқаға арнаса, сол көпқұдайшыл болып табылады.



3 - Не себепті шайтан адамдардың көпқұдайшылыққа түсуін қалайды?



Көпқұдайшылық - бұл осы дүниеде де, Ақыретте де бақытсыз болудың себебі!



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРПЕЛЕР:

- 👉 Оқушыларға кім құлшылықтың кез келген түрін (мысалы, дұға тілеу, құрбан шалу, сәжде жасау т.с.с) Аллаһтан басқаға арнаса, көпқұдайшыл және көпір болып табылатынын түсіндіріңіз, тіпті егер мұндай адам намаз оқып, ораза ұстап, үлкен және кіші қажылық жасаса да және өзін мұсылман деп санаса да.
- 👉 Оқушыларға Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде өмір сүрген алғашқы көпқұдайшылар құлшылықтың кейбір түрлерін Аллаһқа арнап жасағанын, бірақ бұл олардың көпқұдайшылығының себебінен оларға ешбір пайда бермегенін түсіндіріңіз;
- 👉 Оқушыларға көпқұдайшылықтың жазасы - Тозақта мәңгі қалу екенін түсіндіріңіз. Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Ақиқатында, кім Аллаһқа ортақ қосса, Аллаһ оған Жәннатты арам етеді. Оның орны тозақ оты. Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ!» («әл-Мәйда» сүресі, 72- аят);
- 👉 Оқушыларға шайтанның адамдарға дұшпан екенін және адамдардың өзімен бірге Тозаққа кіруі үшін олар көпқұдайшылық пен адасушылыққа түскенін қалайтынын түсіндіру.

💡 Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Оқушыларды көпқұдайшылықтан сақтандыру;
- 2- Оқушыларға көпқұдайшылықтың кейбір түрлері туралы айтып беру;
- 3- Оқушыларға қандай да бір құлшылықты Аллаһтан басқаға арнаудың шариғи үкімін түсіндіру;
- 4- Оқушыларға Аллаһтан басқаға құлшылық ету көпқұдайшылық екеніне шариғи дәлел келтіру;
- 5- Оқушыларға мұсылмандарды күпірлікте айыптауға қатаң тыйым салынған екендігін, және жалпы айтылған шариғи үкімдерді нақты адамға қолдану тек шариғат құзыр берген жағдайда ғана іске асатынын түсіндіру.

ЖЕТІНШІ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
1-6 САБАҚТАРДА ӨТКЕН МАТЕРИАЛДЫ ҚАЙТАЛАУ

1) Адам білуге тиісті болған үш негізді ретімен жазыңдар:

1 - Пенденің өзтуралы білуі

2 - Пенденің өз туралы білуі

3 - Пенденің өз туралы білуі



2) Мына қасиетті аятта аталған Аллаһтың белгілерін және жаратылыстарын атаңдар:

Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Шәксіз, көктердің және жердің жаратылуында, түннің және күндіздің өзгеруінде, әлбетте, ақыл иелері үшін дәлелдер (белгілер) бар» («әл-Имран» сүресі, 190- аят).

3) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

1 - Аллаһтың жындар мен адамзатты жаратуындағы даналық - олар

..... ١- الْحِكْمَةُ مِنْ خَلْقِ اللَّهِ لِلْجِنِّ وَالْإِنْسِ

2 - Аллаһтан басқаға құлшылық етуші.....болып табылады.

..... ٢- مَنْ عَبْدَ غَيْرِ اللَّهِ تَعَالَى فَهُوَ

3 - Аллаһ бұйырған ең ұлы нәрсе - бұл

..... ٣- أَكْبَرُ مَا أَمَرَ اللَّهُ بِهِ

4 - Аллаһ тыйым салған ең зор іс - бұл

..... ٤- أَكْبَرُ مَا نَهَى اللَّهُ عَنْهُ

СЕГІЗІНШІ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
ЕКІНШІ НЕГІЗ: ПЕНДЕНІҢ ӨЗ ДІНІ ТУРАЛЫ БІЛУІ

الأصل الثاني: معرفة العبد دينه

Үш негіз:

1 - Пенденің өз Раббысы туралы білуі

2 - Пенденің өз діні туралы білуі

3 - Пенденің өз Пайғамбары (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы білуі



Діннің үш сатысы бар:

Бірінші саты - Ислам


Екінші саты - иман

Үшінші саты - ихсан



2) Келесі анықтаманы тиісті сөздермен толықтырыңдар:

Ислам - бұл Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету және
, сондай-ақ бас
 тарту және өзге кез келген аулақ
 болу.



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРПЕЛЕР:

- 👉 Оқушылардың жүректеріне Исламға деген махабаттың және осы дінді мақтаныш ету сезімінің өскіндерін салыңыз;
- 👉 Ислам бақытты, тыныштықты және көкіректің (ақиқат үшін) ашылуын қамтамасыз ететінін, ал көпқұдайшылық және адасушылық көкіректің қысылуының ең үлкен себептері екенін түсіндіру. Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Кім тура жолыма ілессе, сонда ол адаспайды және машақат тартпайды. Ал кім үгітімнен бет бұрса, сонда күдіксіз оған бір тар тұрмыс болады. Сондай-ақ Қиямет күні оны соқыр түрде қайта тірілтеміз» («Таһа» сүресі, 123-124-аяттар);
- 👉 Оқушыларға Исламды қабылдап, осы діннің кеңшілігінде дамыл мен тыныштық тапқан кейбір адамдар туралы айтып беріңіздер.

💡 Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Оқушыларға діннің сатыларын түсіндіру;
- 2- Баларға «Ислам» сөзінің мағынасын түсіндіру;
- 3- Оқушылардың бойларына Ислам дінін мақтаныш ету сезімін сіңдіру.

ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
ИСЛАМНЫҢ ТІРЕКТЕРІ

أَرْكَانُ الْإِسْلَامِ

Ислам бес тірекке негізделген:

Бірінші тірегі: «Лә иләһа илләЛлаһ, Мухаммад - расулюЛлаһ (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад - Оның елшісі)» деп куәлік беру.

Екінші тірегі: намаз оқу

Үшінші тірегі: зекет беру

Төртінші тірегі: рамазан айында ораза ұстау

Бесінші тірегі: жағдайы жететін адам Меккеге қажылық жасау



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Исламның тіректері нешеу?

2) Исламның тіректері болып табылатын сөздердің астын сызып шығындар:

Рамазан айында ораза ұстау; ата-анаға іззетті болу; жағдайы жететін адамның Меккеге қажылық жасауы; Қасиетті Құранды оқу; намаз оқу; «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммед - Оның елшісі» деп куәлік беру; зекет беру.

3) Келесі сөйлемді аяқтаңдар:

Аллаһтың құлы Қиямет күні есепке тартылатын алғашқы нәрсе - бұл





.....

Исламның бір-бірімен байланысты бес тірегі бар. Адам Жәннатқа кіруі үшін оларды (қалдырмай) орындауы қажет.



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРПЕЛЕР:

-  Оқушыларға тиісті мысал келтіру арқылы «тірек» (рүкін) сөзінің мағынасын түсіндіріңіз. Оқушыларға Ислам тек бес тіректі орындау арқылы ғана ұстанылатынын және бекітілетінін түсіндіріңіз;
-  Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Ислам бес тірекке негізделген:», - деген хадисті (Муслим «Сахих», № 16) келтіріп, бұл тіректер Аллаһ тарапынан парыз етілгендігін растаңыз;
-  Оқушыларға Аллаһтың құлы Қиямет күні сұралатын ең алғашқы амал - намаз екенін түсіндіріп, оларды намазды өз уақытында орындауға ынталандырыңыз. Бұл туралы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанындай: *«Ақиқатында, Аллаһтың құлының амалдарының ішіндегі Қиямет күні есепке ең бірінші болып тартылатын нәрсесі - бұл намаз. Егер ол түзу болса, онда ол жетістікке жетіп, құтылады. Ал олай болмаса, ол сәтсіздікке ұшырайды да, зиян шегеді»* (әт-Тирмизи, №413).
-  Оқушыларды намазды тастаудан (қалдырудан) ескертіңіз және оларға намазды қалдырушы не кіші, не үлкен күпірлікке түсетінін түсіндіріңіз, бұл туралы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанындай: *«Біз бен олардың арамыздағы шарт намазда. Оны қалдырған күпірлікке түсті»* (әт-Тирмизи, №2621).

 **Бұл сабақтың мақсаты:**

- 1- Оқушыларға Ислам бес тіректен тұратынын ескерту;
- 2- Оқушыларға осы бес тіректің орындалуының шариғи үкімін түсіндіру;
- 3- Оқушыларға намаздың маңыздылығын және оны бұлтартпай орындаудың парыз екенін түсіндіру.

ОНЫНШЫ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
ЕКІ КУӘЛІКТИҢ МАҒЫНАСЫ

مَعْنَى الشَّاهِدَتَيْنِ

«Лә иләһа иллә-Ллаһ» куәлігінің мағынасы:

Аллаһтан басқа құлшылышылыққа лайықты құдай жоқ



«Мухаммадан расулю-Ллаһ» куәлігінің мағынасы:
(Мухаммад - Аллаһтың елшісі):

Ол бұйырған нәрселердің барлығында оған бағыну.

Ол хабарлаған нәрселердің барлығына сену.

Ол тыйым салған және (істеуден) тоқтатқан нәрселерден аулақ болу.

Аллаһқа тек ол бекіткендей етіп құлшылық жасау.



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

а) Мен мұсылманмын. Мен: «.....және Мухаммад», - деп куәлік беремін.

أَنَا مُسْلِمٌ أَشْهَدُ أَنْ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا

б) «Лә иләһа иллә-Ллаһ» куәлігінің мағынасы:

.....

مَعْنَى لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ :

в) Аллаһты еске алудың ең жақсы сөздері

«.....» болып табылады.

أَفْضَلُ الذِّكْرِ

2) «Мухаммад - Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасы неде?

مَا مَعْنَى شَهَادَةِ أَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ؟

3) Бізге Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырған үш амалды жазыңдар:

1 - Намаз оқу

2 -

3 -

4 -

اَكْتُبْ ثَلَاثَةً مِنَ الْأُمُورِ الَّتِي أَمَرَنَا الرَّسُولُ ﷺ بِهَا:

.....	إِقَامُ الصَّلَاةِ
.....

Екі куәлікті мойындау және араб тілінде айту арқылы адам Ислам дініне кіреді!



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРПЕЛЕР:

- 👉 Балаларға адам солар арқылы Исламға кіретін дінді ұстанудың екі куәлігінің ұлы маңызын түсіндіріңіз;
- 👉 Оқушыларға Аллаһпен қатар басқаларға негізсіз құлшылық ететін адамдар бар екендігін атап көрсетіңіз. Мысалы, дұға-тілектерін және құрбандықтарын пайғамбарлар мен әулиелердің қабірлеріне жасайтындар. Бұл Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тыйым салған үлкен көпқұдайшылыққа жатады;
- 👉 Оқушыларға «Лә иләһа иллә-Ллаһ» куәлігі оны айтушыға, ол оның мағынасын білсе, оның талаптарына сәйкес амал етсе және оны бекер ететін нәрселерден сақтанса ғана пайда келтіретінін түсіндіріңіз;
- 👉 Оқушыларға Аллаһты еске алу сөздерінің ең жақсысы «Лә иләһа иллә-Лллаһ» екенін және кімнің бұл дүниедегі соңғы сөздері «Лә иляһа иллә-Ллаһ» болса, сол Жәннатқа кіретінін түсіндіріңіз;
- 👉 Оқушыларға «Мухаммад - Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасын жан-жақты түсіндіріңіз:
 - а) Ол бұйырған нәрселерде оған бағыну: Исламның рүкіндерін және міндетті болған амалдарын толық орындау;
 - б) Ол хабарлаған нәрселерге, мысалы, Қиямет күнінің басталуына, Жәннатқа, Тозаққа т.с.с. иман келтіру;
 - в) Ол тыйым салған және сақтандырған нәрселерден, яғни опат етуші күнәлардан

және жеңіл күнәлардан аулақ болу. Ал опат ететін күнәлардың ең үлкені көпқұдайшылық болып табылады;

г) Аллаһқа тек ол бекіткендей етіп құлшылық ету, яғни Аллаһқа және Оның Елшісіне мойынсұну амалдарын орындау, дінде ол істемеген және нұсқамаған, мысалы, Пайғамбардың туған күнін тойлау (мәуліт) сияқты істерден аулақ болу.



Бұл сабақтың мақсаты:

- 1- Балаларға «Лә иләһа иллә-Ллаһ» куәлігінің мағынасын түсіндіру;
- 2- Оқушыларға «Мухаммад - Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасын түсіндіру;
- 4- Оқушыларды Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі және сәлемі болсын) бұйрықтарына қайшы келетін нәрселерден сақтандыру.

ОН БІРІНШІ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
ЕКІНШІ САТЫ - ИМАН

الْمَرْتَبَةُ الثَّانِيَّةُ: الْإِيمَانُ

Иман алты тіректен тұрады:

1. Аллаһқа иман;
2. Оның періштелеріне иман;
3. Оның Кітаптарына иман;
4. Оның елшілеріне иман;
5. Қиямет күніне иман;
6. Тағдырға, одан болған жақсылыққа да, жамандыққа да иман.



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Иманның қанша тірегі бар?

كَمْ عَدَدُ أَرْكَانِ الْإِيمَانِ؟

2) Иманның тірегін білдіретін әрбір шеңберге реті бойынша сәйкес келетін санды қойыңыз:

- () Аллаһқа иман () Иләһи Кітаптарға иман
 () Періштелерге иман () Қиямет күніне иман
 () Елшілерге иман () Тағдырға, одан болған жақсылыққа да, жамандыққа да иман



3) Аллаһ Тағала былай деп айтты:

«(Мухаммад) Аллаһ Нұхқа нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді сондай-ақ Ибраһимге, Мусаға және Ғисаға нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылды» («әш-Шура» сүресі, 13-аят).

قال تعالى: ﴿شَرَعَ لَكُمْ مِنَ الدِّينِ مَا وَصَّى بِهِ نُوحًا وَالَّذِي أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ وَمَا وَصَّيْنَا بِهِ إِبْرَاهِيمَ وَمُوسَى وَعِيسَى﴾ (سورة الشورى: آية 13).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді: «Мухаммад - Аллаһтың елшісі» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят)

وقال تعالى: ﴿مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ﴾ (سورة الفتح: آية ٢٩).

Осы екі аятта есімдері аталған пайғамбарларды көшіріп жазыңыз:

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)
- 5)








استخرج أسماء الأنبياء الواردة في الآية:

- ١-
- ٢-
- ٣-
- ٤-
- ٥-

Иманның осы алты тірегіне иман келтіру арқылы адам осы дүниеде де, Ақыретте де бақытты болады.



МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушыларға «иман» сөзінің мән-мағынасын түсіндіріп беріңіз. Бұл - жүрекпен сену, тілмен айту және дене мүшелерімен амал жасау;
-  Оқушыларға Жәбірейілдің танымал хадисін, нақтылап айтқанда онда «Маған иман туралы айтып бер» деген сұраққа, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «(Иман) сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның Кітаптарына, Қиямет күніне және тағдырға, одан болған жақсылықтарға да, жамандықтарға да сенуің» (Муслим өзінің «Сахихында», № 8 жеткізген), - деп жауап бергенін түсіндіріп беру;
-  Оқушыларға адамның бұл дүниеде және Ақыретте бақыты болуы иманның осы алты тірегіне иман келтіруне байланысты екенін түсіндіріңіз;
-  Оқушыларға иманның белгілеріне: Аллаһқа деген махаббат және Оған мойынсұну; Аллаһ үнемі бізді бақылап тұрғанын және біздің жасырын да айқын да нәрселеріміздің барлығын білетінін ұғыну; Құранды жаттау, оның аяттары туралы ой толғау және оларға амал ету; игі істер істеу арқылы Қиямет күніне дайындалу; Аллаһтың алдын ала бекітіп (жазып) қойғанына және тағдырына разы болу жататынын түсіндіріңіз;
-  Кейбір пайғамбарлардың, періштелердің, сондай-ақ Аллаһ түсірген Кітаптардың аттарын атаңыздар;
-  Оқушыларға Аллаһтың жазмышына және тағдырына нұсқайтын кейбір сөздерді үйретіңіз. Мысылы, «Қаддара-Лаһу уә мә шәә фәъәл (мұны Аллаһ тағдырға жазған әрі Оның қалағаны болды)».
-  Оқушыларға иманның осы алты тірегіне иман келтіру қажеттілігін, әрі осы тіректердің біреуін болса да теріске шығару адамды көпір ететінін түсіндіріңіз.



Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 - Оқушылар иманның алты тірегінің барлығын атап айтуы қажет;
- 2 - Оқушыларға осы алты тірекке иман келтірудің шариғи үкімін түсіндіріп беру;
- 3 - Оқушыларға иман - бұл сенім, сөз және амал екенін түсіндіру.

ОН ЕКІНШІ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
ӨЛГЕННЕН СОҢ ҚАЙТА ТІРІЛугЕ ИМАН КЕЛТІРУ

الإيمان بالبعث

Өлгеннен соң қайта тірілуге иман келтіру Қиямет күніне иман келтіруге қатысты

الإيمان بالبعث من الإيمان باليوم الآخر

«Қайта тірілу» (әл-ба'с) сөзінің мағынасы Аллаһ адамдардан есеп алып, оларға жаза мен сыйын беру үшін, оларды өлгеннен соң қайта тірілтіп, қабірлерінен шығаратынында.

مَعْنَى الْبَعْثِ
أَنَّ اللَّهَ يُحْيِي النَّاسَ بَعْدَ مَوْتِهِمْ وَيُخْرِجُهُمْ
مِنْ قُبُورِهِمْ لِلْحِسَابِ وَالْجَزَاءِ.

Тағдырға иман келтірудің шариғи үкімі: бұған иман келтіру міндетті (уәжіп).

Аллаһ Тағала былай деді:

«Біз сендерді Одан (топырақтан) жараттық. Оған қайтарамыз да, екінші рет содан шығарамыз» («Та Ха» сүресі, 55-аят).



Өлгеннен соң қайта тірілуді теріске шығаратын адам туралы шариғи үкім: мұндай адам кәпір болып табылады.

II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Адамдар өлгеннен соң оларды кім тірілтеді?

مَنْ الَّذِي يُحْيِي النَّاسَ بَعْدَ مَوْتِهِمْ؟

2) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңыз:

Өлгеннен кейін қайта тірілуге иман келтіру, ал кім мұны жоққа шығарса, сол шариғат бойыншаболады

الإيمان بالبعث وحكم من ينكره

3) Аллаһ Тағаланың келесі сөздерін соңына дейін жалғастырып жазыңдар:

«Біз сендерді одан.....»

أَكْمِلْ قَوْلَهُ تَعَالَى: ﴿مِنْهَا خَلَقْنَاكُمْ﴾ .

4) Аллаһ Тағаланың Құдіретінің бір көрінісіне Оның адамдарды олар өлгеннен соң ұлы іс үшін қайта тірілтуі жатады. Бұл қандай ұлы іс?

مِنْ قُدْرَةِ اللَّهِ تَعَالَى أَنَّهُ يُحْيِي النَّاسَ بَعْدَ مَوْتِهِمْ لِأَمْرِ عَظِيمٍ، مَا هُوَ؟

Қиямет күні кімнің кітабы оң қолына берілсе, сол жетістікке жеткендердің қатарында болады да, жеңіл есепке алынады. Ал кімнің кітабы сол қолына берілсе, сол зиян шеккендердің қатарында болады да, ауыр есепке алынады.



III


МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Оқушылардың жүректерінде Қиямет күніне, өлгеннен соң қайта тірілуге, есеп беру мен жазаға иман келтірудің міндеттілігін нығайтыңыз. Оларға Қиямет күнінің кейбір қорқынышты нәрселері туралы, сондай-ақ Аллаһ Өзіне ғана құлшылық еткен Өзінің кейбір құлдарын бұдан арашалайтыны жайында айтып беріңіз, әрі оқушылар үйренген аяттарды осыған мысал келтіріңіз, мысалы, «Ал енді кімнің дәптері оңынан берілсе, сонда Ол дереу жеңіл есеппен есептеледі» («әл-Иншиқак» сүресі, 7-8 аяттар);
- 👉 Оқушылардың жүректеріне өлгеннен соң орын алатын нәрселерге дайындалу қажеттілігінің өскіндерін салыңыз;
- 👉 Оқушылардың жүректерінде өлгеннен соң қабірлерден қайта тіріліп шығудың шындық екендігін бекітіңіз және оларға осыны істеуге Құдіретті Аллаһ Тағаланың ұлығы туралы баяндап беріңіз.
- 💡 Бұл сабақтың мақсаты:

1 - Оқушыларға «қайта тірілу» сөзінің мән-мағынасын түсіндіріп беру;


2 - Оқушыларға өлгеннен кейін қайта тірілуге иман келтірудің шариғи үкімін түсіндіріп беру;

3 - Оқушыларға өлгеннен соң қайта тірілуді теріске шығаратын адамға қатысты шариғат үкімін түсіндіріп беру.




الْمَرْتَبَةُ الثَّلَاثَةُ: الْإِحْسَانُ

Ихсан - бұл сенің Аллаһқа Оны көріп тұрғаныңдай етіп құлшылық етуің, ал сен Оны көрмесең де, ақиқатында, Ол сені көріп тұр.



Бұған шариғи дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Шынында, Аллаһ тақуалармен, сондай-ақ жақсылық істеушілермен (мухсинун) бірге» («ән-Нәхл» сүресі, 128-аят).



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Бос қалған орындарды тиісті сөздермен толтырыңыздар:

Ихсан - бұл сенің Аллаһқа құлшылық етуің, ал сен Оны....., ақиқатында, Ол сені көріп тұр.

الإِحْسَانُ: هُوَ أَنْ كَأَنَّكَ تَرَاهُ، فَإِنْ لَمْ
فَإِنَّهُ يَرَاكَ.

Дін сатыларының ішіндегі үшінші сатысы - бұл....., әрі ол олардың ішіндегі ең жоғарғысы болып табылады.

المرتبة الثالثة من مراتب الدين..... وهي أعلاها.

2) Ихсанға нұсқау болатын шариғи дәлелді келтіріңіз:

.....
.....

أذْكَرُ دَلِيلًا عَلَى الْإِحْسَانِ.

3) Ықыласты түрде иман келтірген адам оны ешкім көріп тұрған болмаса да, ұрлық жасамайды. Не үшін?

Мен Аллаһ мені әркез бақылайтынын білемін, сондықтан да мен жасырын да, басқаларға көрсетіп те күнә жасамаймын.

Мен Аллаһ Тағаланың разылығына ұмтылып, құлшылық рәсімдерін жасаймын.



III

МУҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Оқушыларға ихсан - діннің ең жоғарғы сатысы екенін түсіндіріп беріңіз;
- 👉 Оқушыларға құлшылықты ең көркем түрде орындау ихсанға жататынын түсіндіріңіз;
- 👉 Оқушылар өз бойларында Аллаһ Тағала құлдарын әркез бақылайтынын сезіну түйсігін тәрбиелеуге ынталандырыңыз. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деген: «Шәксіз, Аллаһ сендерді Бақылаушы» («ән-Ниса» сүресі, 1-аят);
- 👉 Оқушыларға ізгі адамдардың өмірінен алынған, оларда сол кісілер Аллаһ оларды бақылап тұрғандығын қалайша сезінгеніндігі туралы баяндалатын оқиғаларды айтып беріңіз. Мысал ретінде Омар ибн Хаттаб пен, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһтан қорқып, сүтке су аралыстырудан бас тартқан қыздың оқиғасын келтіруге болады.

💡 Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 - Оқушыларға «ихсан» сөзінің мән-мағынасын түсіндіріп беру;
- 2 - Оқушыларға ихсанға нұсқайтын шариғи дәлелдерді келтіру;
- 3 - Оқушыларды Аллаһқа ықыласты түрде құлшылық жасауға ынталандыру.


ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ
ТАҚЫРЫП:
ҮШІНШІ НЕГІЗ – ПЕНДЕНІҢ ӨЗ ПАЙҒАМБАРЫ ТУРАЛЫ БІЛУІ

Үш негіз - бұл

- 1 - Пенденің өз Раббысы туралы білуі
- 2 - Пенденің өз діні туралы білуі
- 3 - Пенденің өз Пайғамбары (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы білуі



Мухаммад Пайғамбар - Абдуллаһтың ұлы, ол ибн Абдул-Муталлибтің ұлы, Хашимнің ұлы, Хашим - құрайш тайпасынан, ал құрайштықтар - арабтардан.



Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) - пайғамбарлардың мөрі (соңғысы).

Бұған шариғи дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Мухаммад сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Аллаһ әр нәрсені толық білуші» («әл-Ахзаб» сүресі, 40-аят).

Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) махаббат пен мойынсұну танытудың шариғи үкімі: бұл әрбір мұсылманға міндетті (уәжіп).



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңыздар:

Мухаммад Пайғамбар, ол Абдул-Муталлибтің ұлы, ал Абдул-Муталлиб.....ұлы.

..... نَبِيِّ مُحَمَّدٍ بِنُ بِنِ عَبْدِ الْمُطَّلِبِ بِنِ

Аллаһтың Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көру мен оған мойынсұну шариғи үкімі бойыншаболып табылады.

حُكْمُ مَحَبَّةِ وَطَاعَةِ الرَّسُولِ مُحَمَّدٍ ﷺ

Пайғамбарлардың мөрі (соңғысы) -

خَاتَمُ الْأَنْبِيَاءِ هُوَ.....

Мен Елшіні (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көремін және Мен Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздеріне жәнеілесемін.

أَنَا أَحَبُّ الرَّسُولِ وَ..... وَأَقْتَدِي بِقَوْلِهِ وَ.....

2) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Мен үшін жұма күні күндіз және кешке жиі салауат айтыңдар! Кім мен үшін бір рет салауат айтса, ол үшін Аллаһ он рет салауат айтады», - деп айтқан (бұл хадисті имам әл-Бәйһақи өзінің «әс-Сунан» жинағында (3/249) келтірген).

قال ﷺ (أكثرُوا الصلاة عَلَيَّ يَوْمَ الجمعةِ وليلةِ الجمعةِ فمن صَلَّى عَلَيَّ صلاةً صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ عَشْرًا) رواه البيهقي في سننه ٢٤٩/٣.

Осы хадисті оқып, келесі сұрақтарға жауап беріңіздер:

Қай күні Аллаһтың Елшісі үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жиі салауат айту мустахаб (сауапты, құпталады)?

في أي يوم يُسْتَحَبُّ الْإِكْتِثَارُ مِنَ الصَّلَاةِ وَالسَّلَامِ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ ﷺ؟

Мұғалімдеріңізбен бірге сахабалардың (оларға Аллаһ разы болсын) Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген махаббаты бейнеленетін оқиғаны еске алыңыздар.

تَعَاوَنَ مَعَ مُعَلِّمِكَ فِي ذِكْرِ قِصَّةِ تَعْبُرُ عَنْ مَحَبَّةِ الصَّحَابَةِ رَضِيَ اللَّهُ
عَنْهُمْ لِلنَّبِيِّ ﷺ .

Мен Аллаһтың Елшісі Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүйемін және оған мойынсұнамын.

أنا أحبُّ الرسولَ محمدًا ﷺ وأطيعُهُ .

III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Оқушылармен бірге діннің бірінші және екінші негіздерін қысқаша қайталап шығыңыз және осы екі негіздің үшінші негізбен байланысын орнатыңыз;
- 👉 Оқушыларға адамдардың көпшілігі Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келгенге дейін қандай надандықта және адасушылықта болғанын түсіндіре алу үшін, бұл сабаққа алдын ала дайындалыңыз;
- 👉 Оқушыларға Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шыққан тегінің ардақтылығын түсіндіріп беріңіз;
- 👉 Оқушыларға «пайғамбарлардың мөрі» деген сөз тіркесінің мағынасын, яғни Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың соңғысы болғанын әрі одан кейін пайғамбар болмайтынын түсіндіріп беріңіз;
- 👉 Оқушыларға Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шектен шықпастан және артық кетпестен сүю қажеттілігін түсіндіріп беріңіз. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қатысты шектен шығушылыққа оған дұға етіп жалбарыну немесе оған көмек тілеп жүгіну жатады;
- 👉 Оқушыларға Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүю бізден оған мойынсұнуды жіне сөздеріміз бен істерімізде оған ілесуімізді


талап ететінін түсіндіріңіз;

👉 Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салауат айтатын адамға уәде етілген сауап үлкен болғандығы себепті, оқушыларды оған салауат айтуға ынталандырыңыз. Бұл, әсіресе, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аты алағаннан соң салауат айтуға қатысты.



Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 - Оқушылардың естеріне Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шежіресін салу;
- 2 - Оқушылардың бойына Аллаһтың Елшісіне деген (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) махаббатты және мойынсұнушылықты сіңдіру;
- 3 - Оқушыларға Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлардың мөрі екендігіне шариғи дәлел келтіру;
- 4 - Аллаһтың салауаты - бұл Оның Өз құлын жоғары мәртебедегі ең жақын періштелеріне мақтауы.



1) Әрбір адам білуі және соған сәйкес амал етуі қажет болған үш негізді жазыңыз:

Пенденің туралы білуі

Пенденің діні туралы білуі

Пенденің туралы білуі



2) Иманның барлық тіректерін соңына дейін ретімен жазып шығыңыз:

Аллаһқа,


.....,

Оның Кітаптарына,

.....,

Қиямет күніне және

..... иман келтіру қажет.




3) Келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

1 - Исламның ең бірінші тірегі қалай аталады?

2 - Пайғамбарлардың мөрі кім болып табылады?

3 - Ихсан деген не?



**ЕКІНШІ САБАҚ
ДІННІҢ САТЫЛАРЫ****مَرَاتِبُ الدِّينِ**

Діннің үш сатысы бар, олар:

- 1 - Ислам
- 2 - Иман
- 3 - Ихсан



Бірінші саты - бұл ИСЛАМ



«ИСЛАМ» сөзінің мағынасы:

Аллаһқа бірқұдайшылық арқылы мойынсұну, Оған бой ұсыну арқылы бағыну және көпқұдайшылық пен көпқұдайшылдардан бас тарту.



«ИСЛАМ» сөзінің мағыналық түсіндірмесі:

Аллаһқа бірқұдайшылық арқылы мойынсұну – бұл жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету;

Оған бой ұсыну арқылы бағыну - бұл Аллаһ бұйырған нәрселерді орындап, Ол тыйым салған нәрселерден тыйылу;

Көпқұдайшылық пен көпқұдайшылдардан бас тарту - бұл көпқұдайшылықты жек көру және оның жалған екендігіне мығым сену, сондай-ақ көпқұдайшылдарды ұнатпау.



ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Діннің үш тірегі бар. Төмендегі суретке қарап оларды ретімен жазыңыз:

(.....).....(.....).....ихсан.....)




2) Төмендегі сөздерді қолданып, «Ислам» сөзінің анықтамасын ретімен жазыңыз:

мойынсұну, бас тарту, көпқұдайшылдардан, көпқұдайшылық пен, Аллаһқа бірқұдайшылық арқылы, Оған бой ұсыну арқылы бағыну

Ислам - бұл.....

.....



3) Төмендегі сөздердің сәйкес келетіндерін қолданып, екі бағананы толтырыңыз:

Аллаһқа сәжде жасау, Аллаһқа дұға ету, Аллаһтан басқаға дұға ету, Аллаһтан басқаға сәжде жасау, ата-анаға ізет-құрметті болу, ата-анаға бағынбау

Аллаһ бұйырған істерге мыналар жатады:

Аллаһқа дұға ету

.....

.....

Аллаһ тыйым салған істерге мыналар жатады:

Аллаһтан басқаға дұға ету

.....







.....



Кім игі істер жасаса, сол бұл дүниеде де салиқалы және тыныш өмірге қол жеткізіп, Ақыретте де Жәннат бақтарына кіріп, жетістікке жетеді.



МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушыларға Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы үш саты туралы сұрағандығын айтып беріңіз. Бұл туралы хадисті имам Муслим өзінің «Сахихында» (№8) келтіреді;
-  Оқушыларға «Ислам» сөзі тілдік мағынасында «мусаләма» (бейбітшілік, татуласу) сөзінен туындағанын, яғни ол «ұрыс-керістер мен жанжалдарды тастау» дегенді білдіретінін түсіндіріңіз. Тура сол сияқты мұсылман да (муслим) – бұл Аллаһқа бой ұсыну арқылы бағынып және көпқұдайшылық пен көпқұдайшылдардан бас тартып, Аллаһтың бұйрықтарына мойынсұнушы;
-  Оқушыларға Аллаһқа мойынсұнудың және Оған бой ұсыну арқылы бағынудың жемістеріне осы дүниеде салиқалы және бақытты өмір сүру, Аллаһтың разылығы арқылы жетістікке жету, Жәннатқа кіріп, Тозақтан құтылу жататынын түсіндіріп беріңіз;
-  Оқушыларға Ибраһим (аләйһис-сәләм) хикаясын: ол қалай көпқұдайшылық пен көпқұдайшылдардан бас тартқанын, оларға қатысты қалай жек көрушілік танытқанын және қалай өзіне ілесуге шақырғаны туралы айтып беріңіз. Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында, сендерге Ибраһим және онымен бірге болғандар бір көркем өнеге болды. Сол уақытта олар елдеріне: "Сендерден де, Аллаһтан басқа табынғандарыңнан да бас тартамыз. Сендермен арамызда мәңгі дұшпандық, өшпенділік басталды. Сендерге Аллаһтың бірлігіне иман келтіргендеріңе дейін қарсымыз", - деген»** («әл-Мумтахина» сүресі, 4-аят);
-  Оқушыларға көпқұдайшылық пен көпқұдайшылдарға деген жек көрушілік оларға қатысты әділетсіздік (зұлымдық) танытуды және олардың үстінен зорлық-зомбырлық жасауды тіпті білдірмейтінін түсіндіріңіз. Олармен дүние мәселелерінде істесуге болады;
-  Көпқұдайшылдардан бас тартудың кейбір мысалдарын келтіріңіз: оларға деген жек көрушілік және оларға ұқсамауға ұмтылу. Олардың жалған сенімдерін түсіндіріңіз және жалғыз хақ дін Ислам екенін ұғындырыңыз.



Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 - Оқушыларға діннің үш сатысын түсіндіру;
- 2 - Оқушыларға «Ислам» сөзінің мағынасын түсіндіру;
- 3 - Оқушыларға көпқұдайшылдардан бас тартудың кейбір мысалдарын келтіру.

ҮШІНШІ САБАҚ
ИСЛАМНЫҢ ТІРЕКТЕРІ

أَرْكَانُ الْإِسْلَامِ

Исламның тіректері бесеу:

- 1 - «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі» деген куәлік;
- 2 - намаз орындау;
- 3 - зекет беру;
- 4 - рамазан айында ораза ұстау;
- 5 - жағдайы бар адамға Аллаһтың Қасиетті Үйіне (Қағбаға) қажылық жасау.



Бұл бес тіректің шариғи дәлелі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздерінде:

«Ислам бес тірекке (негізделген): «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад – Оның елшісі» деген куәлікке, намаз орындауға, зекет төлеуге, рамазан айында ораза ұстауға және (Аллаһтың) Үйіне қажылық жасауға» (бұл хадисті әл-Бухари және Муслим жеткізген).

الدَّلِيلُ عَلَى ذَلِكَ قَوْلُهُ ﷺ:

«بني الإسلام على خمس: شهادة أن لا إله إلا الله وأن محمداً رسول الله، وإقام الصلاة، وإيتاء الزكاة، وصوم رمضان، وحج البيت»

II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Исламның барлық тіректерін соңына дейін жазыңдар:

(1) «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі» деген куәлік;

(2).....
.....;

(3) зекет төлеу;

(4)
.....
.....;

(5).....
.....

أكمل كتابة أركان الإسلام:

1- شهادة أن لا إله إلا الله وأن محمداً رسول الله

2-.....

3- إيتاء الزكاة.

4-.....

5-.....

2) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

Бес уақыт; Исламнан; деген куәлік, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ; мұсылман.

املاً الفراغات التالية بما يناسبها من الكلمات التالية :
(خمس - الإسلام - شهادة أن لا إله إلا الله - مسلم) .

- Аллаһ.....басқа ешқандай дінді қабыл етпейді.

لا يقبل الله ديناً غير

- Мен күндіз және түнде.....намаз оқимын.

أصلي في اليوم والليلة..... صلوات .

- Исламның бірінші тірегі -

бұл..... және
Мухаммад – Аллаһтың елшісі» деп куәлік беру.

أول أركان الإسلام وأن محمداً رسول الله .

3) Исламның тіректеріне қатысты Сүннеттен дәлел келтіріңіздер.




اذكر دليلاً من السنة على أركان الإسلام .

Ислам - бұл Жәннатқа кірудің және Тозақтан құтылудың жалғыз себебі.


الإسلام هو السبب الوحيد لدخول الجنة والنجاة من النار

III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушыларға Исламның осы тіректері онсыз дін тұра алмайтын іргетас болып табылатынын түсіндіріңіз, өйткені ғимарат та іргетассыз және тіректерсіз тұра алмайды ғой;
-  Оқушыларға Исламды ұстанудың жемістеріне мұсылманның өмірі мен мал-мүлкіне қол сұғуға болмайтындығы жататынын түсіндіріңіз. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Маған адамдар: «Лә иләһа иллә-Ллаһ (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ)», - деп айтпайынша олармен соғысу бұйырылды. Ал кім: «Лә иләһа иллә-Ллаһ», - деп айтса, сол арқылы менен өз мүлкі мен өмірін қорғап қалады, тек қақылы жағдайдан бөлек (мал-мүлкі мен өмірін алуға рұқсат ететін еш нәрсе істемесе), әрі сонда (тек) Аллаһ олармен есеп айырысады»** (бұл хадисті әл-Бухари, № 2946 жеткізген).
- (Ал өзінің қоштасу қажылығында ол адамдарға (Арафатта) құтпа айтып, онда тағы да мұсылмандардың қанының, мал-мүлкінің және ар-намысының ұлықтығына нұсқады, әрі оларды (сол) орын мен уақыттың ұлықтығымен салыстырды. Абу Бакр, Аллаһ оған разы болсын, былай деп баяндайтын: **«Құрбан Айт күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге құтпа айтты да, соңынан: «Ал сендер бүгін қандай күн екенін білесіңдер ме?», - деп сұрады. Біз: «Аллаһ пен Оның елшісі жақсырақ біледі», - деп жауап бердік, ал ол үнсіз тұрып қалды, және біз оны өзгеше атайды ма деп ойлап қалдық. Бірақ ол: «Бұл - Құрбан Айт күні емес пе?», - деді. Біз: «Иә», - деп жауап бердік. Кейін ол: «Ал бұл қандай ай?», - деп сұрады. Біз: «Аллаһ пен Оның елшісі жақсырақ біледі», - дедік. Ал ол үнсіз тұрып қалды және біз оны басқаша атайды ма деп ойлап қалдық, бірақ ол: «Бұл - зұль-хижжа емес пе?», - деді. Біз: «Иә», - деп жауап бердік. Сонда ол былай деді: **«Ақиқатында, сендердің араларыңдағы қарым-қатынастарың - сендер үшін осы қалаларыңдағы, осы айларыңдағы осы күндерің қандай қасиетті болып табылса – қандарың да, мал-мүліктерің де және ар-намыстарың да сондай қасиетті болуы керек! Осындағылар мұны осында жоқтарға хабарласын. Өйткені, ақиқатында, осындағы адам бұл жөнінде осыны өзінен жақсы түсінетін адамға жеткізуі мүмкін»**» (әл-Бухари 1741, Муслим 1679) – аудармашыдан (қаз)).**
-  Оқушыларға Ислам ғана Жәннатқа кірудің және Тозақтан құтылудың себебі екенін әрі Аллаһ Тағала Исламнан басқа ешқандай дінді қабыл етпейтінін түсіндіріп беріңіз. Аллаһ Тағала былай деді: **«Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де, Ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады»** («Әли Имран» сүресі, 85-аят);
-  Оқушыларға Исламды қабылдап, осы дінді ұстану арқылы бақыт пен күш-

қуатқа қол жеткізген бұрынғы және қазіргі заманның адамдары (халықтары, соның ішінде қазақ халқы, мысалы, біздің халқымыз он ғасырға жуық уақыт бойы мұсылман халықтарының құрамында болып келгені, сол арқылы өз діні мен мұсылмандық болмысын сақтап келгені, енді сол діннің елімізде қайта жаңғырып, халқымыз Құран мен Сүннетке иланып жатқаны, бабаларымыз да осы дінді ұстанудың арқасында берекелі өмір сүргені – аудармашыдан (қаз.)) туралы айтып беріңіз;

 Омар ибн әл-Хаттабтың, Аллаһ оған разы болсын, былай дегені жеткізіледі: *«Біз - Аллаһ бізді Ислам арқылы ұлықтаған халықпыз. Егер біз басқа нәрсе арқылы ұлылыққа ұмтылғанымызда, Аллаһ міндетті түрде бізді қорлайтын еді».*



Бұл сабақтың мақсаты:


- 1 - Оқушылар Исламның бес тірегін тізіп айта білуі керек;**
- 2 - Оқушыларға Исламның тіректеріне шариғи дәлел келтіру;**
- 3 - Оқушыларға діннің осы бес тірегінің маңыздылығын түсіндіру.**

ТӨРТІНШІ САБАҚ
ИСЛАМНЫҢ БІРІНШІ ТІРЕГІ

«АЛЛАҒТАН БАСҚА ҚҰЛШЫЛЫҚҚА ЛАЙЫҚТЫ ҚҰДАЙ ЖОҚ ЖӘНЕ
МУХАММАД – АЛЛАҒТЫҢ ЕЛШІСІ» ДЕГЕН КУӘЛІК



«АЛЛАҒТАН БАСҚА ҚҰЛШЫЛЫҚҚА ЛАЙЫҚТЫ ҚҰДАЙ ЖОҚ» ДЕГЕН КУӘЛІК



«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәлікті ұстанудың міндетті екендігіне шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде:

«Аллаһ, періштелер және әділет үстінде тұрушы ғылым иелері тым Үстем, Хикмет Иесі Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқтығына куәлік берді» («Әли Имран» сүресі, 18-аят).



«Лә ИЛӘһА ИЛЛӘ-ЛЛАһ» сөздерінің мағынасы:

Аллаһтан басқа оған құлшылық етуге құқықты ешкім жоқ.




II


ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Исламның бес тірегінің алғашқысының астын сызыңыз:

- намаз оқу;
- рамазан айында ораза ұстау;
- зекет төлеу;
- «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі» деп куәлік беру;
- мүмкіндігі бар адамның Аллаһтың Қасиетті Үйіне қажылық жасауы.



2) «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ» деген куәліктің міндетті екендігіне шариғи дәлел келтіріңіз.



3) «Лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздерінің мағынасы неде?



4) Бос орындарды тийсті сөздермен толтырыңыздар:

Адамдарды шақыруға тиісті ең алғашқы нәрсе - бұл.....

Жәннаттың кілті - бұл



5) Оқушылармен бірге «"Лә иләһа иллә-Ллаһ" сөздерінің артықшылықтары» деген тақырыпта сабақ дайындаңыз.

Аллаһты еске алу сөздерінің (зікірдің) ең жақсысы:

ЛӘ ИЛӘҺА ИЛЛӘ-ЛЛАҺ

أَفْضَلُ الذِّكْرِ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ

III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Оқушыларға кімде-кім: «Лә иләһа иллә-Ллаһ», - деп айтып, осы сөздер әмір ететін нәрселерге амал ететін болса, сол Жәннатқа кіретінін түсіндіріңіз;
- 👉 Оқушыларға кімде-кім құлшылықтың бір түрін болса да, мысалы, дұға етіп жалбарынуды, Аллаһтан өзгеге арнаса, сол адам тіпті: «Лә иләһа иллә-Ллаһ», - деп айтса да, көпқұдайшыл болатынын, өйткені бірқұдайшылықтың мәні құлшылық-ғибадатты тек Аллаһқа ғана бағыштауда екенін түсіндіріңіз;
- 👉 Оқушыларға Жәннаттың кілті – бұл «Лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздері екенін түсіндіріп беріңіз. Әрбір кілттің міндетті түрде тістері болады, ал Жәннаттың кілтінің тістері - бұйырылған нәрселерді орындау және тыйым салынған нәрселерден аулақ болу;
- 👉 Оқушыларға «Лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздері Аллаһты еске алу сөздердің (зікірдің) ең жақсысы болып табылатынын түсіндіріңіз, бұл туралы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Аллаһты еске алу сөздерінің ең жақсысы – бұл «Лә иләһа иллә-Ллаһ», - деп айтқанындай** (бұл хадисті өт-Тирмизи, №3383, жеткізген).
- 👉 Оқушыларға адамдарды шақыруға тиісті болған ең алғашқы нәрсе – бұл «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәлік екендігін түсіндіріңіз. Бұл туралы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Му'аз атты сахабасын Йеменге қазы әрі ұстаз ретінде аттандырғаны туралы хадисте баяндалады. Сол кезде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған былай деген: **«Ақиқатында, сен Кітап иелерінен болған халыққа барасың. Оларға жеткен кезінде, оларды «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ» деп куәлік беруге шақыр»** (бұл хадисті әл-Бухари, № 4347, жеткізген).
- 👉 Оқушыларға Аллаһқа шақырудың ұлы артықшылығын түсіндіріңіз. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Егер Аллаһ сен арқылы бір адамды болса да хақ жолға салса, бұл сен үшін ең таңдаулы мал-мүліктен** (хадисте сөзбе-сөз: «...қызыл түйелерден», - деп айтылған – аудармашының ескертпесі) **жақсырақ»** (бұл хадисті әл-Бухари (№ 3701) және Муслим (2406) келтірген).

💡 Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 - Оқушыларға исламның алғашқы тірегін түсіндіру;
- 2 - Оқушыларға «Лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздеріне шариғи дәлел келтіру;
- 3 - Оқушыларға «Лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздерінің мағынасын түсіндіру.

**БЕСІНШІ САБАҚ
ИСЛАМНЫҢ БІРІНШІ ТІРЕГІ (ЖАЛҒАСЫ)**

«МУХАММАД - АЛЛАҒТЫҢ ЕЛШІСІ» ДЕГЕН КУӘЛІК




«Мухаммад - Аллаһтың елшісі» деген куәліктің мағынасы:

- 1 - Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырған нәрселерде оған бағыну;
- 2 - Ол хабарлаған нәрселерде оған иман келтіру;
- 3 - Ол тыйым салған және сақтандырып ескерткен нәрселерден аулақ болу;
- 4 - Аллаһқа тек ол бекіткендей етіп құлшылық-ғибадат жасау.



«Мухаммад - Аллаһтың Елшісі» деген куәліктің міндетті екендігіне шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде қамтылған:


«Мухаммад сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың мөрі (соңы). Аллаһ әр нәрсені толық білуші» («әл-Ахзаб» сүресі, 40-аят).



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) «Мухаммад - Аллаһтың Елшісі» деген куәліктің мағынасы неде?



2) Бірінші сөйлемнің үлгісі бойынша сөз тіркестерін аяқтаңдар:

а) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге Аллаһқа мойынсұнуды бұйырды әрі Оған мойынсұнбауға тыйым салды;

أ- أَمَرْنَا رَسُولُ اللَّهِ ﷺ بِطَاعَةِ اللَّهِ، وَنَهَانَا عَنْ مَعْصِيَتِهِ

б) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге бірқұдайшылықты (таухидті) бұйырды және бізге.....Тыйым салды;

б- أَمَرْنَا رَسُولُ اللَّهِ ﷺ بِالتَّوْحِيدِ، وَنَهَانَا عَنْ.....

в) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге шыншыл болуды бұйырды және.....Тыйым салды;

в- أَمَرْنَا رَسُولُ اللَّهِ ﷺ بِالصِّدْقِ، وَنَهَانَا عَنْ.....

3) «Мухаммад - Аллаһтың елшісі» деген куәліктің міндетті екендігіне шариғи дәлел келтіріңіз;

أذْكَرُ الدَّلِيلِ عَلَى شَهَادَةِ أَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ .

4) Бірінші бағанадағы (А) сөз тіркесінен екінші бағанадағы (Б) тиісті сөз тіркесіне сызық өткізіңіз. Нәтижесінде «Мухаммад – Аллаһтың Елшісі» куәлігінің мағынасы шығу керек.

Бағана (А)

Пайғамбар бұйырған
нәрселерде
Ол хабарлаған нәрселерге
Ол тыйым салған және
ескерткен нәрселерден
Аллаһқа тек Ол
бекіткендей етіп

Бағана (Б)

иман келтіру
оған бағыну
құлшылық ету
аулақ болу

صل كل فقرة من العمود (أ) بما يناسبها من العمود (ب) :
معنى شهادة أن محمداً رسول الله:

العمود (ب)	العمود (أ)
<ul style="list-style-type: none"> ما نهى عنه وزجر. فيما أخبر. بما شرع. فيما أمر. 	<ul style="list-style-type: none"> طاعته وتصديقه واجتناب وأن لا يعبد الله إلا

5) Сіз сыныптастарыңызға Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаяны туралы қандай кітапты оқуды ұсынар едіңіз?

اذكر كتاباً في سيرة النبي محمد ﷺ تنصح زملاءك بقراءته.

Аллаһтың Елшісіне деген (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шынайы махаббат оған барлық нәрседе бағынуда және оған ауытқымай ілесуде.



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Оқушыларға Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырған нәрселердің барлығында мойынсұнудың міндетті екендігін түсіндіріңіз. Аллаһ Тағала былай деді: **«Сендерге Елші бергенді алындар және ол сендерге тыйым салған нәрселерден аулақ болыңдар»** («әл-Хашр» сүресі, 7-аят);
- 👉 Оқушыларды Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан, соның ішінде ғайып нәрселер, мысалы, Қиямет Күнінің басталуы, Жәннат пен Тозақ туралы сөздеріне сенуге ынталандырыңыз;
- 👉 Оқушыларды Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мойынсұнбаушылықтан ескертіңіз. Мысалы, Аллаһ Тағала Тозақтың тұрғындары осы жіберген кемшіліктері туралы өкініп, тәубе ететінін айтады: **«Олардың беттері от ішінде аударылатын күні: "Әттең! Бізге не болды? Аллаһқа бой ұсынып, Елшісіне көнген болсақ еді", - дейді!»** («әл-Ахзаб» сүресі, 66-аят).
- 👉 Оқушылардың жүректерінде Аллаһқа тек Оның Өзі бұйырғандай етіп құлшылық ету және дінге Аллаһтың әмірі болмаған қандай да болсын жаңалықтар енгізбеу керек екендігін бекітіңіз. Мысалы, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеден Иерусалимге көтеріліп барған және көкке көтерілген (әл-исра уәл-миғраж) түнін, анасының күнін, туған күнін т.с.с. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Діндегі әрбір жаңалық – бұл адасушылық»**, - деген (бұл хадисті Муслим, № 867 жеткізген);
- 👉 Оқушыларға Аллаһтың Елшісіне деген (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шынайы махаббат оған барлық нәрседе бағынуда және оған ауытқымай ілесуде екенін түсіндіріңіз;
- 👉 Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаяны туралы кейбір кітаптарды оқушыларға атап көрсетіңіз.

💡 **Бұл сабақтың мақсаты:**

- 1 - Оқушыларға «Мухаммад - Аллаһтың елшісі» деген куәліктің мағынасын түсіндіру;
- 2 - Оқушыларға «Мухаммад - Аллаһтың Елшісі» деген куәліктің міндетті екендігіне дәлел келтіру;
- 3 - Оқушыларды Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайшы келуден сақтандыру.

АЛТЫНШЫ САБАҚ
ИСЛАМНЫҢ ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТІРЕКТЕРІ

الرُّكْنُ الثَّانِي والثَّالِثُ

ЕКІНШІ ТІРЕК - НАМАЗ ОҚУ

ҮШІНШІ ТІРЕК – ЗЕКЕТ ТӨЛЕУ



«Намаз оқу» деген сөздердің мағынасы - бұл бес парыз намаздарын қатаң белгіленген уақыттарында Мухаммад пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсіндіріп көрсеткендей етіп орындау арқылы Аллаһқа құлшылық ету.



«Зекет төлеу» деген сөздердің мағынасы - бұл өз мал-мүлкінің бір бөлігін бөлу және оны соған қақысы бар адамдарға үлестіру арқылы Аллаһқа құлшылық ету.




Намаз бен зекеттің парыз екендігіне шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде:

«Намаз орындаңдар, зекет төлеңдер және рукуғ етушілермен бірге рукуғ етіңдер» («әл-Бақара» сүресі, 43-аят).



Намаз бен зекеттің парыз екендігін теріске шығаратын адамның шариғи үкімі:

Мұндай адам Аллаһ Тағалаға иман келтірмеген (кәпір) болып табылады!



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Бірінші бағанадада (А) орналасқан сөз тіркесінен екінші бағанадағы (Б) тиісті сөз тіркесіне сызық сызыңыз:

Бағана (А)


Намаз оқу
Зекет төлеу
«Аллаһтан басқа
құлшылыққа лайықты ешкім
жоқ әрі Мухаммад –
Аллаһтың Елшісі» деген
куәлік

Бағана (Б)

Бірінші тірек
Екінші тірек
Үшінші тірек




2) Намаз оқу мен зекет төлеудің парыз екендігі шариғи дәлел келтіріңіз.



3) Келесі аятта аталатын Исламның тіректерін сызып көрсетіңіз:

«Олар ғибадатты нағыз Аллаһқа шынайы ықыласпен бірқұдайшылдар ретінде орындаулары, намаз оқулары, зекет берулері үшін әмір етілген еді. Міне, осы – тұп-тура дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят).




4) Бауырыңызды намазды тұрақты орындауға ынталандыратын екі қатар хат жазыңыз.

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

Менің бауырыма:

Әс-саләму аләйкум уа рахматуЛаһи уа баракатуһ (саған Аллаһтың сәлемі, мейірімі және игілігі болсын)!

.....



- Мен тұрақты түрде және өз уақыттарында намаз оқимын.
- Мен сондай-ақ зекетті төлемеу жаңбыр жаумаудың бір себебі екенін де білемін.



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Оқушыларды тұрақты түрде және өз уақытында намаз оқуға ынталандырыңыз әрі оларға намаз оқуды теріске шығаратын адам кәпір болып табылатынын түсіндіріңіз. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Біз бен олардың арамыздағы келісім – намаз. Кім оны тәрк етсе – сол кәпір болды»** (бұл хадисті имам Ахмад, 5/346 келтірген);
- 👉 Оқушыларға зекет төлеу мал-мүліктегі берекенің себебі, сондай-ақ кедейлер мен мұқтаждар үшін жұбаныш екенін түсіндіріңіз. Бұдан тыс зекетті төлемеу жаңбыр жаумауының себебі болып табылатынын түсіндіріңіз.

💡 Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 - Оқушыларға Исламның екінші және үшінші тіректерін ашып көрсету;
- 2 - Оқушыларды тұрақты түрде және өз уақыттарында намаз оқуға ынталандыру;
- 3 - Оқушыларға намаз бен зекеттің парыз екендігіне шариғи дәлел келтіру.

ЖЕТІНШІ САБАҚ
ИСЛАМНЫҢ ТӨРТІНШІ ЖӘНЕ БЕСІНШІ ТІРЕКТЕРІ

الركن الرابع والخامس

ТӨРТІНШІ ТІРЕК – РАМАЗАН АЙЫНДА ОРАЗА ҰСТАУ

БЕСІНШІ ТІРЕК - МҮМКІНДІГІ БАР АДАМҒА АЛЛАҒТЫҢ ҚАСИЕТТІ ҮЙІНЕ
ҚАЖЫЛЫҚ ЖАСАУ



«Ораза» сөзінің мағынасы - бұл таң атқан сәттен бастап күн батқанға дейін тамақтан, сусыннан және басқа да кейбір нәрселерден бас тарту арқылы Аллаһқа құлшылық ету.

التَّعَبُّدُ لِلَّهِ بِتَرْكِ الطَّعَامِ وَالشَّرَابِ وَغَيْرِهِمَا مِنْ
طُلُوعِ الْفَجْرِ إِلَى غُرُوبِ الشَّمْسِ .

معنى الصوم


Оразаның парыз екендігіне шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде қамтылған:

«Әй, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді. Әрине, сақсынарсыңдар» («әл-Бақара» сүресі, 183-аят).

والدليل على الصوم قوله تعالى:


﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ﴾ (سورة البقرة آية ١٨٣).

«Аллаһтың Үйіне қажылық жасау» деген сөздердің мағынасы – бұл белгілі уақытта Аллаһқа белгілі құлшылық рәсімдерін орындау үшін Оның Үйіне бару.



Қажылықтың парыз екендігіне шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде қамтылған:

«Оның жолына шамасы келген адамдар Аллаһ үшін Үйге (Қағбаға) қажылық жасауға міндетті» («Әли Имран» сүресі, 97-аят).



Оразаның немесе қажылықтың парыз екендігін теріске шығаратын адам туралы шариғаттың үкімі:

Мұндай адам Аллаһ Тағалаға иман келтірмеген (кәпір) болады!



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Сөйлемдерді тиісті сөздермен толтырыңыз:

Исламның тіректері:

Бірінші тірек - «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ әрі Мухаммад – Оның елшісі» деген куәлік.

..... - зекет төлеу.

Екінші тірек -

Аллаһтың Қасиетті Үйіне қажылық жасау -

Төртінші тірек -



2) Бірінші бағанадағы (А) сөз тіркесінен екінші бағанадағы (Б) тиісті сөз тіркесіне сызық сызыңыз:

Бағана (А)

Мұсылмандар парыз ораны
Мұсылмандар парыз
қажылықты

Бағана (А)

Зул-қағда
Зул-хижжа айында жасайды
Рамазан айында ұстайды


صِلْ العبارات في العمود (أ) بما يناسبها في العمود (ب):

العمود (ب)	العمود (أ)
ذي القعدة رمضان ذي الحجة	❖ يؤدي المسلمون فريضة الصيام في شهر ❖ يؤدي المسلمون فريضة الحج في شهر

3) Аллаһ Тағала былай деді: «Қадір түні мың айдан қайырлы. Періштелер және Жәбірейіл ол кеште Раббыларының рұқсаты бойынша барлық іс үшін түседі. Ол бейбітшілік кеші, таң рауандағанға дейін жалғасады» («әл-Қадр» сүресі, 3-5 аяттар).

а) Қадір түні қай айда болады?


б) Қадір түнінің артықшылықтары туралы айтып беріңіз.




4) Қажылықтың парыз екендігіне шариғи дәлел келтіріңіз.



5) Сіз рамазан айында ораза ұстаушылармен бірге күн батқаннан кейін ауыз ашарға (ифтарға) қатысқансыз ба? Сіз мұны не үшін істедіңіз?



6) Мұсылман адам қанша рет қажылық жасауы қажет?



Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларына рамазан айының басталуы туралы игі хабарды жеткізетін және оларға осы айда Жәннат есіктері ашылып, Тозақ есіктері жабылады дейтін.



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Оқушыларды рамазан айында ораза ұстауға ынталандырыңыз әрі оларға осы оразаның артықшылықтарын (игіліктерін) түсіндіріңіз. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Кім рамазан айында (Аллаһтың сыйына деген) иманмен және үмітпен ораза ұстаса, оның бұрынғы күнәлары кешіріледі»** (бұл хадисті әл-Бухари (№ 38) мен Муслим (№ 760) келтіреді);
- 👉 Оқушыларға мүмкіншілігі бар адам үшін өмірінде бір рет қажылық жасау парыз болып табылатынын түсіндіріңіз;
- 👉 Аллаһтың Қасиетті Үйінің мұсылмандардың жүрегінде алатын жоғары орыны туралы оқушыларға баяндап беріңіз.

💡 **Бұл сабақтың мақсаты:**

- 1 - Оқушыларға Исламның төртінші және бесінші тіректері туралы айтып беру;
- 2 - Оқушыларға рамазан айында ораза ұстаудың жақсылықтарын түсіндіру;
- 3 - Оқушыларға ораза мен қажылықтың парыз екендігіне шариғи дәлел келтіру.

СЕГІЗІНШІ САБАҚ
ОҚЫТУДЫҢ 3-ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КІТАПТЫҢ АЛҒАШҚЫ 7
САБАҒЫН ҚАЙТАЛАУ

1) Келесі сөйлемдегі бос орындарды толтырыңыз:

Ислам - бұл Аллаһқа.....арқылы мойынсұну, Оған бой ұсыну арқылыжәне пен көпқұдайшылдардан бас тарту.



2) Ислам бес тіректен тұрады. Оларды ретімен жазыңыздар:

Бірінші тірек - «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ және Мухаммад – Оның Елшісі» деген куәлік;

Екінші тірек -

Үшінші тірек -

Төртінші тірек -

Бесінші тірек -




3) Төменде келтірілетін шариғи дәлелдердің әрбірінен Исламның бір тірегін шығарыңыз:

а) «Әй, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді. Әрине, сақсынарсыңдар» («әл-Бақара» сүресі, 183-аят).

б) «Оның жолына шамасы келген адамдар Аллаһ үшін Үйге (Қағбаға) қажылық жасауға міндетті» («Әли Имран» сүресі, 97-аят).

в) «Ақиқатында, намаз мүміндерге қатаң белгіленген уақыттарда бұйырылған» («ән-Ниса» сүресі, 103-аят).



ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ
ДІННІҢ САТЫЛАРЫ

مَرَاتِبُ الدِّينِ


Екінші саты: ИМАН



(Ислам) (ИМАН) (Ихсан)



«Иман» сөзінің мағынасы - бұл жүрекпен мығым сену, тілмен айту және дене мүшелерімен амалдар жасау.



Иман алты тіректен тұрады:

- 1 - Аллаһқа иман;
- 2 - Оның періштелеріне иман;
- 3 - Оның Кітаптарына иман;
- 4 - Оның елшілеріне иман;
- 5 - Қиямет күніне иман;
- 6 - Тағдырға, одан болған жақсылыққа да, жамандыққа да иман.

Кім иманның осы алты тіректерінің біреуін болса да теріске шығарса, сол Аллаһ Тағалаға иман келтірмеген (кәпір) болады!



Иман Аллаһқа бойұсыну себепті күшейеді де, Оған мойынсұнбау себепті әлсірейді.



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) «Иман» сөзінің мағынасы неде?



2) Иманның тірегінің қасына оның реттілігіне сәйкес келетін санды жазыңыз:

- (__) Аллаһқа иман
- (__) Оның Кітаптарына иман
- (__) Қиямет күніне иман
- (__) Періштелерге иман
- (__) Елшілерге иман

(__) Тағдырға, одан болған жақсылыққа да, жамандыққа да иман

3) Кестеге Аллаһқа мойынсұнуға жататын олар арқылы иман күшейетін үш амалды, сондай-ақ иманды әлсірететін үш күнәні жазыңыз:

Иманды күшейтетін Аллаһқа мойынсұну істері:

Аллаһтан кешірім сұрау

Иманды әлсірететін күнәлар:

Өтірік айту



4) Келесі сөйлемдердегі бос орындарды толтырыңыз:

Иман - бұл жүреппен мығым сену, айту және дене мүшелерімен жасау.

Кім иманның алты тіректерінің біреуін болса да теріске шығарса, солболады.



Мен иманымды күшейтетін Аллаһқа мойынсұну амалдарын істеуге асығамын.

Мен сондай-ақ иманымды әлсірететін күнәлар жасамауға тырысамын.



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Діннің сатыларын қайталап, осы сабақтың тақырыбына дайындалыңыз;
- 👉 Оқушыларға кім иманның алты тіректерінің біреуін болса да жоққа шығарса, сол кәпір болатынын түсіндіріңіз;
- 👉 Иманның күшеюі мен әлсіреуіне ізгі сәлафтардың біреуінің «Егер біз Раббымызды атағанымызда Одан қорықсақ, онда бұл иманның көбеюі. Ал егер біз бейқамдық, ұмытшақтық және ұқыпсыздық танытсақ, онда бұл иманның азаюы» деген сөздерін келтіріңіз.
- 👉 Оқушыларды көбірек ізгі істер істеуге ынталандырыңыз, өйткені олар иманның өсуінің және нығаюының себебі болады. Аллаһ Тағала былай деді: **«Сөзсіз, мүміндер; Аллаһ еске алынса, жүректері қобалжиды да, оларға Аллаһтың аяттары оқылса, имандары артып, Раббыларына тәуекел етеді»** («әл-Әнфәл» сүресі, 2-аят).
- 👉 Оқушыларды ұсақ күнә істеуден де, үлкен күнә жасаудан да сақтандырып ескертіңіз, өйткені олар иманның азаюының және әлсіреуінің себебі болады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«...ұры ұрлық жасап жатқан сәтінде иман келтірген болып табылмайды»**, - деген (бұл хадисті әл-Бухари, № 5578, келтірген).
- 💡 **Бұл сабақтың мақсаты:**
 - 1 - Оқушыларға «иман» сөзінің мағынасын түсіндіру;
 - 2 - Оқушыларға иманның алты тіректері туралы айтып беру;
 - 3 - Оқушыларға иманның алты тірегінің біреуін болса да теріске шығаратын адам туралы шариғи үкімді түсіндіру.

ОНЫНШЫ САБАҚ
ИМАННЫҢ БІРІНШІ ТІРЕГІ

الرُّكْنُ الْأَوَّلُ

АЛЛАҢ ТАҒАЛАҒА ИМАН

الإيمان بالله تعالى

«Аллаһқа иман» сөздерінің мағынасы:

Жалғыз Аллаһты ғана Раббылықта (рубубийа), құлшылық етуде (улюһийа), Есімдері мен Сипаттарында (асмаи уа-с-сыфат) жекелеу.

معنى الإيمان بالله:

إفراد الله بالربوبية، والألوهية، والأسماء والصفات.


1. «Аллаһты Раббылықта (рубубийа) жекелеу» сөздері төмендегіні білдіреді:

«Аллаһ Жаратушы (әл-Халиқ), Ризық беруші (әр-Раззақ) болып табылады және тек Ол ғана барлық болмыстың істерін басқарады» деген тұжырым.



Мен мұсылманмын. Мен Аллаһ мені жаратқанына сенемін, Ол сондай-ақ көктерді, Жерді, адамдар мен жындарды жаратты, әрі оларды Аллаһтан басқа ешкім жаратпады.

Мен тек Жалғыз Аллаһ қана адамдарға, құстар мен жануарларға ризық беретініне әрі олардың өмір-тіршілігін басқа ешкім ұстап тұрмайтынына сенемін. Мен Аллаһ адамдарды алғаш рет жаратқанындай олар өлгендерінен кейін қайта тірілтетініне әрі Аллаһ Тағаладан басқа бұған ешкім құдіретті емес екендігіне сенемін!



2. «Аллаһты құлшылық-ғибадатта (улюһийа) жекелеу» сөздерінің мағынасы келесідей:

Құлшылық-ғибадаттың барлық түрлерін тек Аллаһқа ғана арнау. Мысалы, Аллаһтан басқа ешкімге дұға етіп жалбарынбау, құрбандықты тек Аллаһқа ғана арнап шалу және Одан басқаға арнамау.



Мен мұсылманмын. Мен тек Аллаһ үшін ғана намаз оқимын және басқа ешкім үшін намаз оқымаймын.

Мен тек Аллаһқа ғана дұға етемін, әрі Онымен бірге басқа ешкімге дұға етіп жалбарынбаймын.

Мен тек Аллаһқа ғана тәуекел етемін, әрі басқа ешкімге тәуекел етпеймін.



3. «Аллаһты Есімдері мен Сипаттарында жекелеу» сөздері мынандай мағынаны білдіреді:

Аллаһтың Есімдері мен Сипаттарын олар туралы Құранда қалай айтылатын болса, тура солай бекіту және Оған ұқсас ешбір жаратылыс жоқ екендігіне иман келтіру.



Мен мұсылманмын. Мен Аллаһтың барлық Есімдеріне иман келтіремін. Мысалы, әр-Рахман (Аса Мейірімді), әс-Сәми' (барлық нәрсені Естуші), әл-Қаууийй (Күшті), әл-'Алим (барлық нәрсені Білуші).

Мен сондай-ақ Аллаһтың барлық Сипаттарына иман келтіремін. Мысалы, әр-Рахма (Мейірім), әс-Сам' (Есту), әл-Қууа (Күш), әл-'Ильм (Білім).




II

ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН ТАҚЫРЫП

1) «Аллаһқа иман» деген сөздердің мағынасы қандай?



2) «Аллаһты құлшылық-ғибадатта жекелеу» деген сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.




3) «Аллаһты Раббылықта жекелеу» анықтамасының мағынасы шығу үшін, келесі сөздерді ретімен орналастырыңыз:

- өрі жалғыз Ол ғана
- барлық болмыстың істерін басқарады
- Ризық беруші болып табылады
- Аллах Жаратушы

«Аллаһты Раббылықта жекелеу»

 дегенді білдіреді.



4) Келесі аяттардағы Аллах Тағаланың Есімдері мен Сипаттарын сызып көрсетіңіз:

«Осыны Жаратқан білмей ме? Ол өте Қырағы, әр нәрседен Хабардар» («әл-Мүлк» сүресі, 14-аят).

«Расында, Аллаһтың мейірімі жақсылық істеушілерге жақын» («әл-А'раф» сүресі, 56-аят).

«(Мухаммад) оларға: "Шын мәнінде, оның мәліметі Аллаһқа тән. Мен ашық ескертуші ғанамын", - де» («әл-Мүлк» сүресі, 26-аят).

«Айт: «Ол - Аллах Бір (Жалғыз)» («әл-Ихлас» сүресі, 1-аят).



5) «Әл-Хашр» (59-сүре) сүресінің соңғы аяттарын оқып, олардағы Аллаһтың бес Есімін жазып алыңыз.


1).....;

2).....;

3).....;

4)

5).....;



6) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңыз:

(№ 1) Мен Аллаһтың Есімдеріне мына есімдер жататынына сенемін: әл-Басыр (барлық нәрсені Көруші), аль-Хайй (Мәңгі Тірі),....., әл-‘Алим (барлық нәрсені Білуші).

Бірінші сөйлемдегі (№1) түсіріліп қалдырылған сөзді Аллаһтың Сипаттары аталатын келесі сөйлемнен (№2) алу керек. №1 сөйлемде Аллаһтың қандай Есімін жазу керек?

(№ 2) Мен Аллаһ Тағаланың Сипаттарына: әл-Басар (Көру),....., әл-‘Иzza (Құдірет), әл-‘Ильм (Білім) - иман келтіремін.

Екінші сөйлемде (№2) түсіріліп қалдырылған сөзді жоғарыдағы Аллаһтың Есімдері аталатын (№1) сөйлемнен алу қажет. №2 сөйлемде Аллаһтың қандай Сипатын жазу қажет?

أكمل الفراغات التالية:

أؤمن بأن من أسماء الله تعالى: البصير، والحَي، و.....، والعليم

أؤمن بأن من صفاته تعالى: البصر، و.....، والعزة، والعلم


هنا أحد أسماء الله ذُكرت صفته في السطر التالي، فما هو؟


هنا إحدى صفات الله ذُكرت في السطر السابق، فما هي؟


Мен - иман келтіргенмін әрі мен тек Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етемін!





МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

 Оқушыларға Жалғыз Аллаһ қана Раббы екендігін мойындау Аллаһтың құлы Исламға кіру үшін жеткіліксіз екендігін түсіндіріңіз. Жоқ, сонымен бірге құлдың құлшылық-ғибадаттарының барлық түрі де тек Аллаһқа ғана арналуы қажет. Өйткені Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде өмір сүрген көпқұдайшыл-мүшриктер де Аллаһтың Раббы екендігін мойындайтын, алайда олар қажылық, умра, қажыларға су беру, Қағбаны тауап жасау сияқты түрлі ғибадат түрлерін орындаса да, бұл оларды мұсылман етпеді. Мұның барлығы оларға көмектеспеді, өйткені олар Аллаһқа серік қосатын, сол үшін де олардың игі амалдарының барлығы зая болды.

 Оқушылардың назарын бір Аллаһқа ғана құлшылық етпейтін адам, үлкен көпқұдайшылыққа түсетінін, ал оның салдары Аллаһ Тағаланың басқа күнәларға бермейтіндей жаза болатынына аударыңыз. Аллаһ Тағала былай деді: **«Кім Аллаһқа ортақ қосса, расында Аллаһ оған Жәннатты арам етеді. Оның орны - Тозақ оты. Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ»** («әл-Мәйда» сүресі, 72-аят).

 Мүмін өмірінің ұлықтығы мен құрметін өмірі малдың тіршілік етуіндей болған көпірдің өмірі мен салыстырыңыз, бұл туралы Аллаһ Тағала: **«Шәксіз, Аллаһ иман келтіріп, ізгі іс істегендерді астарынан өзендер ағатын Жәннатқа кіргізеді. Ал қарсы болғандар хайуандар тәрізді (дүние) игіліктерін пайдаланып, жей береді. Олардың орны - Тозақ оты»** («Мухаммад» сүресі, 12-аят).

 Аллаһтың Есімдері мен Сипаттарына иман келтіру – иманның көбеюі себептерінің бірі. Аллаһ – барлық нәрсені Білуші (әл-‘Алим), Бақылаушы (әр-Рақиб) екендігіне иман келтірген адамның жүрегі Аллаһ бізге, біз қозғалсақ та, тыныштық күйінде болсақ та, әркез бақылау жасап тұрғандығын сезінетін адамның сезіміне толады;

 Оқушыларға Аллаһтың Есімдері мен Сипаттарының біреуін болса да теріске шығару күпірлік болып табылатынын түсіндіру, бұл туралы Аллаһ Тағала: **«Әрі олар Аса Мейірімдіге иман келтірмеді»** («әр-Ра’д» сүресі, 30-аят), - деп айтқанындай.



Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 - Оқушыларға «Аллаһқа иман» сөздерінің мағынасын түсіндіру;
- 2 - Оқушыларды құлшылық-ғибадаттың қандай да болсын түрлерін Аллаһтан өзгеге арнаудан сақтандыру;
- 3 - Оқушыларға Аллаһтың кейбір Есімдері мен Сипаттарының мысалын келтіру.

ОН БІРІНШІ САБАҚ
ИМАННЫҢ ЕКІНШІ ТІРЕГІ

الرُّكْنُ الثَّانِي

ПЕРІШТЕЛЕРГЕ ИМАН



«Періштелерге иман» сөздері келесі мағынаны білдіреді:

Періштелер бар екендігіне, сондай-ақ Аллаһ оларды Өзіне құлшылық етулері үшін жаратқандығына деген мығым сенім. Олар Аллаһ оларға бұйрған нәрселерде Оған қарсы келмейді әрі өздеріне бұйырылғанды орындайды.



Періштелерге деген иманның дәлелдері Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде:

«Пайғамбар өзіне Раббы тарапынан түсірілгенге иман келтірді. Мүміндер де барлығы: Аллаһқа, періштелерге, Кітаптарға және пайғамбарларға иман келтірді» («әл-Бақара» сүресі, 285-аят).



Періштелердің саны өте көп, олардың арасынан мыналарды жеке атауға болады:

- 1 - Жәбірейіл (аләйһи-с-сәләм);
- 2 - Микаил (аләйһи-с-сәләм);
- 3 - Исрафил, (аләйһи-с-сәләм);



Періштелердің бар екендігін теріске шығаратын адам туралы шариаттың үкімі:

Мұндай адам Аллах Тағалаға иман келтірмеген (кәпір) болады!



ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП


1) Иманның тіректеріне періштелерге деген иман жатады ма? Бұл иманның мағынасы неде?

مِن أَرْكَانِ الْإِيمَانِ (الْإِيمَانُ بِالْمَلَائِكَةِ)، فَمَا مَعْنَى ذَلِكَ؟

2) Періштелердің аттарын сызып қойыңыз:

1) Ибраһим 2) Жәбірейіл 3) Микаил 4) Мухаммад 5) Исрафил

ضع خطأً تحت أسماء الملائكة:



3) «А» бағанасындағы әрбір сөз тіркесінен «Б» бағанасындағы тиісті әрбір сөз тіркесіне сызық өткізіңіз:

«А» бағанасы

Періштелер бар екендігіне
Өзіне құлшылық етулері
Олар Аллаһ оларға бұйырған
нәрселерде Оған қарсы
келмейді

«Б» бағанасы

сондай-ақ Аллаһ оларды
әрі өздеріне бұйырылғанды
орындайды
үшін жаратқандығына мығым
сенім

صِلْ كُلَّ فِقْرَةٍ مِنَ الْعَمُودِ (أ) بِمَا يَنَاسِبُهَا مِنَ الْعَمُودِ (ب):

العمود (ب)

بوجود الملائكة.
ويفعلون ما يؤمرون.
خلقهم لعبادته.

العمود (أ)

التصديق الجازم
وبأن الله سبحانه
وبأنهم لا يعصون الله ما أمرهم


4) Періштелердің екі сипатын келтіріңіз.

اذكر صفتين من صفات الملائكة.

5) Жоғары дәрежеге ие періштелерді атаңыз.

من أفضل الملائكة؟

Мен періштелер адамның жақсы да, жаман да істерін жазып алатынына сенемін!



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

👉 Оқушыларға барлық періштелердің ішінде ең жоғары дәрежеге жүректі тірілтетін уахиді жеткізу жүктелген Жәбірейіл (аләйһи-с-сәләм), Сүр үрлеу жүктелген Исрафил (аләйһи-с-сәләм) және жаңбырдың жауына жауапкершілік жүктелген Микаил (әләйһи-с-сәләм) ие екендігін түсіндіріңіз;

👉 Оқушыларға періштелердің кейбір істерін және оларға иман келтіруден туындайтын міндеттерді түсіндіріңіз:

- 1 - Оларға адамдардың істерін жазып алу жүктелген. Бұл Аллаһтың құлын Аллаһ Тағаланың ашуын туғызатын нәрселерді айтпауға және істемеуге міндеттейді;
- 2 - Оларға Аллаһтың құлын түрлі өмірлік жағдайларда қорғау жүктелген. Бұл Аллаһтың құлын Аллаһ Тағалаға адамдарға жасаған қамқорлығы үшін шүкіршілік етуге міндеттейді;
- 3 - Оларға адамдардың жандарын алу жүктелген. Бұл Аллаһтың құлдарын жақсы амалдар істеу арқылы Қиямет күніне дайындық жасауға міндеттейді.



Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 - Оқушыларға «періштелерге иман» сөздерінің мағынасын түсіндіру;
- 2 - Періштелерге иман келтірудің парыз екендігіне шариғи дәлел келтіру;
- 3 - Оқушыларға кейбір періштелердің есімдерін атау;

4 - Оқушыларға періштелерге иман келтірмеген адам туралы шариғи үкімді түсіндіру.

ОН ЕКІНШІ САБАҚ
ИМАННЫҢ ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ТІРЕГІ

الرُّكْنُ الثَّلَاثُ وَالرَّابِعُ

КІТАПТАР МЕН ЕЛШІЛЕРГЕ ИМАН

الإيمان بالكتب
والرسل

«Кітаптарға иман» деген сөздер мынаны білдіреді:

Аллаһ Өзінің елшілеріне адамдарға басшылық ретінде Кітаптар түсіргендігіне мығым сенім.

معنى الإيمان بالكتب

التَّصَدِيقُ الْجَازِمُ بِالْكِتَابِ الَّتِي أَنْزَلَهَا اللَّهُ عَلَى رُسُلِهِ
لِهَدَايَةِ النَّاسِ .

Ең Ұлы Кітап – бұл Аллаһтың Сөзі болып табылатын Құран Кәрім.



«Елшілерге иман» деген сөздердің мағынасы келесідей:


Аллаһ Өзінің жаратылыстарына елшілер жібергеніне және олар хабарлаған нәрселерінде шыншыл болғанына мығым сенім.



Барлық пайғамбарлардың шақырған нәрсесі бір еді: Аллаһқа ғана құлшылық ету (таухид) және көпқұдайшылыққа (ширк) тыйым салу.




Елшілердің алғашқысы Нух (аләйһи-с-сәләм) еді, ал соңғысы Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болды. Осы екі елшілердің арасында басқа да көптеген елшілер мен пайғамбарлар болды.



Елшілердің ең ардақтылары бесеу, оларды «мығым батылдық иелері» (улю-ль-‘азм) деп атайды:

- 1 - Нух (аләйһи-с-сәләм);
- 2 - Ибраһим (аләйһи-с-сәләм);
- 3 - Муса (аләйһи-с-сәләм);
- 4 - Иса (аләйһи-с-сәләм);
- 5 - Мухаммад (сәлләллаһу аләйһи уа сәлләм).



Кітаптар мен елшілерге иман келтіруге шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде:

«Пайғамбар өзіне Раббы тарапынан түсірілгенге иман келтірді. Мүміндер де барлығы: Аллаһқа, періштелерге, Кітаптарға және пайғамбарларға иман келтірді» («әл-Бақара» сүресі, 285-аят).



II

ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН ТАҚЫРЫП

1) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңыз:


Ең Ұлы Кітап - бұл.....

Елшілердің алғашқысы -


Елшілердің соңғысы



2) Пайғамбарлардың шақырған нәрсесі бір. Бұл шақырудың мәні неде?



3) Кітаптар мен елшілерге иман келтірудің парыз екендігіне шариғи дәлел келтіріңіз.



4) Бірінші бағанадағы (А) Кітаптың атынан екінші бағанадағы (Б) тиісті елшінің есіміне қарай сызық өткізіңіз. Нәтижесінде Аллаһтың Өз елшілеріне қандай Кітаптар түсіргені туралы сөйлем құралады.

«А» бағанасы

Аллаһ Құранды
Инжілді
Тауратты

«Б» бағанасы

Исаға (аләйһи-с-сәләм),
Мусаға (аләйһи-с-сәләм)
түсірді
Мухаммадқа (сәллә-Ллаһу
аләйһи уа сәлләм)



5) Мұғаліммен бірге «мығым батылдық иелері» деп аталатын пайғамбарларды олар өз жолдауларымен келген уақыттарына сәйкес ретімен орналастырыңыз.

- (4) - Иса (аләйһи-с-сәләм)
- (.) - Ибраһим (аләйһи-с-сәләм)
- (.) - Нух (аләйһи-с-сәләм)
- (.) - Мухаммад (сәлләллаһу аләйһи уа салләм)
- (.) - Муса (аләйһи-с-сәләм)



Мен мұсылманмын. Мен Құранды жақсы көремін, оны оқимын және оған сәйкес амал етемін! Мен сондай-ақ барлық елшілерді жақсы көремін, өйткені олар адамдарды хақ жолына түсіруге тырысты!

أنا مسلم أحب القرآن وأقرأه وأعمل بما فيه، وأحب جميع الرسل؛
لأنهم سعوا إلى هداية الناس.

III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 👉 Оқушыларға Аллаһ адамдарға елшілер жібергені және оларға хақ жолын көрсету үшін Кітаптар түсіргені - Оның адамдарға деген шексіз мейірімі екендігін түсіндіріңіз;
- 👉 Аллаһ Өзінің елшілеріне түсірген кейбір Кітаптарды атап өтіңіз. Мысалы, Таурат пен Інжіл. Бірақ олар уақыт өте келе адамдар тарапынан өзгертілді. Ал Қасиетті Құранды өзгеріссіз сақтап қалуға Аллаһ кепіл болып, былай деді: **«Расында, Ескертуді Біз түсірдік әрі Біз оны қорғаушымыз»** («әл-Хижр» сүресі, 9-аят);
- 👉 Оқушыларға Құран Кәрімнің мәртебесі мен артықшылықтарын түсіндіріңіз, оларды Құран оқуға, оны жаттауға әрі оған сәйкес амал жасауға шақырыңыз;
- 👉 Оқушыларға барлық елшілер мен пайғамбарларға иман келтіру парыз екендігін түсіндіріңіз. Ең алғашқы елші Нух (аләйһи-с-сәләм) болатын, ал олардың ең соңғысы - елшілер мен пайғамбарлардың ең абзалы болған Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын еді). Осы екі елшінің арасында басқа да көптеген пайғамбарлар болды. Олардың кейбіреулері туралы бізге мәлім, ал кейбіреулері туралы бізге білім жеткен жоқ.
- 👉 Оқушыларға барлық елшілер адам болғанын және Аллаһ тарапынан жаратылғанын түсіндіріңіз. Оларда раббылықтың немесе құдайылықтың ешқандай сипаттары жоқ, оларға ғайып нәрселер белгілі емес еді, әрі олар Ғаламның істерін басқармайтын;
- 👉 Оқушыларға кім өзін пайғамбар деп жарияласа, сол кәпір болатынын әрі оған сенген адам да кәпір болатынын түсіндіріңіз, өйткені Мухаммад пайғамбардан кейін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа пайғамбар жоқ. Аллаһ Тағала былай деді: **«Мухаммад сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың мөрі (соңы). Аллаһ әр нәрсені толық білуші»** («әл-Ахзаб» сүресі, 40-аят);
- 👉 Кейбір Пайғамбарлар мен олардың халықтарының, мысалы, Нухтың және Ибраһимнің (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) хикаяларын баяндап беріңіз.



Бұл сабақтың мақсаты:

1 - Оқушыларға «Кітаптарға және елшілерге иман» деген сөздердің

мағынасын түсіндіріп беру;

2 - Оқушыларға Құран Кәрім Аллаһтың сөзі екендігін түсіндіру;

3 - Оқушыларға Кітаптар мен елшілерді теріске шығаратындардың шариғи үкімін түсіндіру;

4 - Оқушыларға Аллаһ Құранды Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсіргендігін түсіндіру.

ОН ҮШІНШІ САБАҚ
ИМАННЫҢ БЕСІНШІ ТІРЕГІ

الركن الخامس

ҚИЯМЕТ КҮНІНЕ ИМАН

الإيمان باليوم الآخر

«Қиямет күніне иман» деген сөздер «өлімнен кейін орын алатын, Құран мен Сүннетте айтылған нәрселердің барлығына мығым сену» дегенді білдіреді.

معنى الإيمان باليوم الآخر

التَّصَدِيقُ الْجَازِمُ بِكُلِّ مَا يَقَعُ بَعْدَ الْمَوْتِ كَمَا جَاءَ فِي الْكِتَابِ وَالسُّنَّةِ.

Қиямет күніне иман келтіруге шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың келесі сөздерінде қамтылған:

«...және Ақыретке анық нанады» («әл-Бақара» сүресі, 4-аят).



Өлімнен кейін орын алатын нәрселерге мыналар жатады:

1 - Періштелер Аллаһтың құлына қабірде қоятын үш сұрақ:
Рабың кім? Дінің қандай? Пайғамбарың кім?

2 - Қабірдегі шаттық-шадымандық, не жазалану.

3 - Қайта тірілу. Бұл - адамдарды қабірлерінен есеп айырысу және тиісті жазасын, не сыйын беру үшін қайта шығару. Сонда Жәннат тұрғындары Жәннатқа, ал Тозақ тұрғындары Отқа кіреді.

4 - Істеген амалдар үшін есеп айырысу.



Қиямет күнін теріске шығаратын адам туралы шарифат үкімі:

Мұндай адам Аллаһ Тағалаға иман келтірмеген (кәпір) болады!



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП


1) Келесі анықтаманы соңына дейін аяқтап жазыңыз:

«Қиямет күніне иман» - бұл

..... барлық нәрселерге деген мығым сенім.



2) Өлімнен кейін орын алатын екі оқиғаны атаңыз.




3) «Қайта тірілу» сөзінің анықтамасы шығуы үшін келесі сөз тіркестерін ретімен қойып шығыңыз:

- 1) есеп айырысу және тиісті жазасын, не сыйын беру үшін қайта шығару;
- 2) Сонда Жәннат тұрғындары Жәннатқа;
- 3) адамдарды қабірлерінен;
- 4) ал Тозақ тұрғындары Отқа кіреді;

Қайта тірілу – бұл адамдарды қабірлерінен.....

.....



4) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

Қиямет күнінің басқа да атаулары бар. Олар төмендегідей:

1) Ұлы Апат (әл-Қари'а)

2)

3)











5) Өлімнен кейін орын алатын нәрселерге Аллаһтың құлына оның қабірінде қойылатын үш сұрақ жатады. Оларды атап шығыңыз.

مما يقع بعد الموت أن العبد يُسأل في قبره عن ثلاثة أمورٍ اذكرها.

Мен мұсылманмын. Мен игі амалдар жасау арқылы Қиямет күніне дайындалып жүрмін.



МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушыларға Қиямет күнінің көп атаулары бар екендігін түсіндіріңіз. Мысалы, Қайта тірілу күні (Йаум әл-Қийяма); Ұлы Апат (әл-Қари'а), Жабатын (әл-Ғашия), Түсетін (әл-Уақийя), Болуы Ақиқат (әл-Хаққа);
-  Оқушыларды қайта тірілу күніне дайындалу ретінде Аллаһқа мойынсұну істерін істеуге және қосымша игі істермен қамдануға ынталандырыңыз;
-  Оқушыларға қабір бұл Ақыреттің бірінші өткелі екендігін, Аллаһтың құлдарына қабірлерінде «Раббың кім? Дінің қандай? Пайғамбарың кім?» деген үш сұрақ қойылатынын түсіндіріңіз. Кім осы үш сұраққа дұрыс жауап берсе, соған сый ретінде шаттық-шадымандық нәсіп етіледі, ал кім оларға жауап бере алмаса, қабірде ұлы жазаға тартылады.
-  Оқушыларға Аллаһтың Ұлылығына және Оның Құдіретіне нұсқаңыз. Өйткені Ол адамдарды есеп айырысу үшін және сый немесе жазасын беру үшін олардың қабірлерінен қайта тірілтіп шығарады;
-  Оқушыларға Қайта Тірілу күнінің кейбір қорқыныштары туралы айтып беріңіз: Сүрдің үрленуі, Күннің жаратылыстарға жақындауы; амалдар жазылған дәптерлердің жан-жаққа ұшуы; біреулерге амал дәптерлерін оң қолына алуы туралы, ал басқаларға – сол қолына алуы туралы бұйрықтың түсуі; Тозақтың үстендегі Көпірден (әс-Сыраттан) өту.
-  Оқушыларға Жәннаттың кейбір шаттық-шадымандықтары туралы, сондай-ақ Жәннатқа кіруге алып баратын себептер жайында айтып беріп, оларда Жәннатқа кіруге деген құштарлықты оятыңыз. Оқушыларға Тозақтағы жазалардың кейбірі туралы, сондай-ақ Тозаққа түсуге себеп болатын нәрселер туралы айтып беріп, оларда Тозаққа түсуден қорқуды оятыңыз;
-  Оқушыларды Аллаһқа Жәннатты сыйлауын сұрап дұға етіп жалбарынуға және оған сөздер мен амалдар арқылы жақындауға ынталандырыңыз. Сондай-ақ оқушыларды Аллаһқа Тозақтан пана тілеп жалбарынуға және одан сөздер мен амалдар арқылы алыстауға ынталандырыңыз;
-  Оқушыларға «әт-Такуир» (81-сүре), «әл-Инфитар» (82-сүре) және «әл-Иншиқак» (84-сүре) сүрелерін оқып беріңіз әрі олардың мазмұнын осы сабақта оқытылып жатқан тақырыппен салыстырыңыз.



Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 - Оқушыларға «Қиямет күніне иман» сөздерінің мағынасын түсіндіріп беру;
- 2 - Оқушыларға Қиямет күнінде орын алатын кейбір оқиғалар туралы баяндап беру;

3 - Оқушыларға Қиямет күнін терске шығаратын адам туралы шариғат үкімін түсіндіру.

ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ
ИМАННЫҢ АЛТЫНШЫ ТІРЕГІ

الرُّكْنُ السَّادِسُ

ТАҒДЫРҒА, ОДАН БОЛҒАН ЖАҚСЫЛЫҚҚА ДА, ЖАМАНДЫҚҚА ДА ИМАН



«Тағдырға, одан болған жақсылыққа да, жамандыққа да иман» деген сөздердің мағынасы келесідей:

Барлық орын алып жатқан нәрселер, олардың жақсылары да, жамандары да Аллаһтың алдын ала жазуымен және тағдырға бекітуімен орын алатынына мығым сену.



Тағдырға иман келтірудің шариғи дәлелі Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде:

«Шын мәнінде Біз әр нәрсені бір өлшеумен жараттық» («әл-Қамар» сүресі, 49-аят).



Тағдырды жоққа шығаратын адам туралы шариғат үкімі:

Мұндай адам Аллаһ Тағалаға иман келтірмеген (кәпір) болады!



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) «Тағдырға, одан болған жақсылыққа да, жамандыққа да иман» деген сөздердің мағынасы қандай?

ما معنى الإيمان بالقدر خيره وشره؟

2) Тағдырға иман келтіруге шариғи дәлел келтіріңіз.

أذكر الدليل على الإيمان بالقدر.

3) Келесі сөздердің тура келетіндерін пайдалану арқылы төменде келтірілген сөйлемдерді аяқтаңыз:

шүкіршілік; кәпір; Аллаһтан сый; сабыр; Аллаһтың берген нығметтерінің;

1) Басыма бақытсыздық түскен кезде,етуім керек.


2) Басыма шаттық-шадымандық келсе,етуім керек.

3) Кім иманның алты тірегінің біреуін болса да теріске шығарса, сол

.....болады.

4) Сабырлықалуға себеп болады.

5) Шүкіршілік.....көбеюіне себеп болады.








Басыма қайғы түссе: «Ақиқатында, біз Аллаһқа тәнбіз және Оған қайта ораламыз. Уа, Аллаһ, мені қайғымда сыйыңа бөлей гөр және маған жақсырақ нәрсе нәсіп ете гөр (Инна ли-Лләһи уа инна иләһи ражи'ун! Аллаһумма әжжурни фи мусыбати уа ахлифни хайран минһа)!», - деп айтамын.



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

-  Оқушыларға Аллаһтың жазмышында және тағдырында Оның қалауына өзіңді тапсыру міндетті екенін, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Аллаһ тағдырларды көктер мен Жерді жаратудан елу мың жыл бұрын белгілеп қойған»,** - деп айтқанын (бұл хадисті әт-Тирмизи, № 2156, жеткізген) түсірдіріп беріңіз;
-  Оқушыларға адам бақытсыздыққа немесе қайғыға жолыққанда, мысалы, жақын біреуі қайтыс болғанда, мал-мүлкінен айырылғанда, белгілі бір дене мүшесі сырқаттағанда, сабыр танытуы қажет екендігін түсіндіріңіз;
-  Оқушыларға сабырлық Аллаһтан сый алуға себеп болатынын түсіндіріңіз. Бұл туралы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанындай: **«(Денесіне) тікен қадалған немесе басына бұдан жаман нәрсе түскен кез келген мұсылманға Аллаһ міндетті түрде осы үшін оның жаман істерін кешіреді, әрі ағаш өз жапырақтарынан арылғанындай, ол да өз күнәларынан арылады»** (бұл хадисті әл-Бухари № 5648 және Муслим № 2571 келтіреді);
-  Оқушыларды Аллаһқа шүкіршілік етуге ынталандырыңыз және бұл Оның нығметтерінің көбеюіне себеп болатынын түсіндіріңіз. Бұл туралы Аллаһ Тағала: **«Егер шүкір етсеңдер, арттыра беремін»,** - деп айтқан («Ибраһим» сүресі, 7-аят).
-  Бұл сабақтың мақсаты:
- 1 - Оқушыларға «тағдырға иман» сөздерінің мағынасын түсіндіріп беру;
 - 2 - Оқушыларға тағдырды теріске шығаратын адам туралы шарифат үкімін түсіндіру;
 - 3 - Оқушыларға Аллаһ барлық нәрсені өлшеуімен (тағдырымен) жаратқанына дәлел келтіру.

ОН БЕСІНШІ САБАҚ
ДІННІҢ САТЫЛАРЫ


مَرَاتِبُ الدِّينِ

Үшінші саты

ИХСАН



(Ислам) (Иман)(ИХСАН)



«Ихсан» сөзінің мағынасы - Аллаһқа сен Оны көріп тұрғандай етіп құлшылық етуің, ал сен Оны көре алмасаң да, ақиқатында, Ол сені көріп тұр.

Ихсан - діннің ең жоғары сатысы.



Ихсанға шариғи дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Ақиқатында, Аллаһ тақуалармен және ихсан істеушілермен (мухсинун)» бірге» («ән-Нәхл» сүресі, 128-аят).



II

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП

1) Діннің үш сатысы бар? Олардың қайсысы ең жоғарғысы болып табылады?

لِلدِّينِ ثَلَاثُ مَرَاتِبٍ، فَمَا أَعْلَاهَا؟

2) «Ихсан» сөзіне анықтама беріңіз және ихсанға шариғи дәлел келтіріңіз.

عَرَفَ الْإِحْسَانَ مَعَ ذِكْرِ دَلِيلٍ عَلَيْهِ.

3) Бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңыз:

бақылап; оны көріп тұрғанын; жасырын қалмайтынын

- Зәйд намазды жақсы орындады, өйткені ол Аллаһ
..... біледі.

- Али басқаның затын алмайды, өйткені ол Аллаһ
оны.....тұрғанын біледі.

- Омар шындықты сөйлеп, өтірік айтпайды, өйткені Аллаһтан еш нәрсе
..... біледі.



Мен мұсылманмын. Мен Аллаһ мені көріп және естіп тұрғанын білемін, сондықтан да мен Оның ашу-ызасын келтіретін нәрселерді тыңдамаймын әрі оларға қарамаймын!



III

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

👉 Оқушыларға ихсан – бұл ғибадаттың іштей де, сырттай да жетік екенін әрі ихсан – ықыластың ең жоғары дәрежесі екенін түсіндіріңіз;

👉 Оқушыларға ихсанға нұсқайтын кейбір оқиғаларды айтып беріңіз. Мысалы, Омар Ибн Хатаб туралы оқиғаны. Бірде ол бір қойшыны сынау үшін, оған: «Бір қойыңды маған сатсайшы», - деді. Қойшы: «Мен құлмын», - деп жауап береді. Омар: «Ал сен қожайыныңа: «Оны қасқыр жеп кетті», - деп айта сал!», - дейді. Сонда қойшы: «Бірақ Аллаһты алдай алмаймыз ғой», - дейді. Сол кезде Омар жылап жібереді де, бұл құлды сатып алып, оны азат етеді де: «Сені бұл дүниедегі

құлдықтан осы сөз азат етті, әрі ол сені Ақыретте де азат ететін шығар деп үміттенемін!» Бұл оқиға туралы толығырақ имам әз-Зәһабидің «Сияр а'ләм ән-нубалә» («Тамаша адамдардың өмірбаяндары») атты кітабында оқуға болады. Басқа бір мысал ретінде бір үңгірде түнеп қалған адамдар туралы оқиғаны да келтіруге болады. Үңгірдің ауызына тас құлап, оны бөгеп тастайды. Сонда әлгі адамдар істеген игі амалдарын айтып, Аллаһтан құтқару тілеп жалбарынады. Бұл оқиға туралы толығырақ әл-Бухари (№ 2272) мен Муслимнің (№ 2743) «Сахих» жинақтарында қараңыз.



Адам ихсан дәрежесіне тек мұсылман және мүмін болған жағдайда ғана жете алады.



Оқушылардың жүректерінде ғибадат рәсімдерін ықыластың негізінде орындауға деген ұмтылысты дамытыңыз.



Бұл сабақтың мақсаты:

- 1 - Оқушыларға «ихсан» сөзінің мағынасын түсіндіру;**
- 2 - Оқушыларға ихсанға шариғи дәлел келтіру;**
- 3 - Оқушылар ғибадат рәсімдерін ықыласты түрде орындауларына ықпал етіңіз.**

ҮШІНШІ ТАРАУ

«ИМАН» ЖӘНЕ «КҮШРЛІК» СӨЗДЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫ

الوحدة الثالثة معنى الإيمان والكفر

Бірінші сабақ

Тақырып:

АЛЛАҒ АДАМДАРҒА ЖҮКТЕГЕН ЕҢ БІРІНШІ ПАРЫЗ

أَوَّلُ مَا فَرَضَ اللَّهُ عَلَى النَّاسِ

Біл, Аллаһ Тағала сені рахым етсін, Аллаһ адамға жүктеген ең бірінші парыз – бұл Аллаһқа иман келтіру және тағутқа иман келтірмеу. Бұған шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде: “**Біз әрбір үмметке: «Аллаһқа құлшылық етіңдер де, тағуттан аулақ болыңдар!»**, - деп, елші жібердік!” («ән-Нәхл» сүресі, 36-аят).

Тағутқа қалай иман келтірмеу керек:

Тағутқа иман келтірмеу қалай іске асырылатындығына қатысты айтар болсақ, бұл иман келтірмеудің мәні сен Аллаһтан басқа кімге болсын құлшылық етудің жалған және жарамсыз екеніне мығым түрде сенуің, сондай-ақ Аллаһтан басқаға құлшылық етуді тастауың және Аллаһтан басқаға құлшылық етуді жек көруің.



II

ТАПСЫРМАЛАР

1) Жоғарыда келтірілген мәтіннен тағутқа қарсы келу (иман келтірмеу) мына үш шарттың орындалуымен іске асатыны шығады:

- Бірінші:.....
- Екінші:.....
- Үшінші:.....

1

تَسْتَنْجِعُ مِمَّا سَبَقَ أَنْ الْكُفْرَ بِالطَّاعُوتِ يَتَحَقَّقُ بِثَلَاثَةِ أُمُورٍ:

■ الْأَوَّلُ:

■ الثَّانِي:

■ الثَّالِثُ:

نشاطات

2) Аллаһ Тағала былай деді: **“Біз әрбір үмметке: «Аллаһқа құлшылық етіндер де, тағуттан аулақ болыңдар!»**, - деп, елші жібердік!” («ән-Нәхл» сүресі, 36-аят).

Бұл ардақты аят Аллаһ Тағала барлық елшілерін
 бұйрығымен және
 иман келтірмеумен жібергеніне нұсқайды.

2

قال تعالى: ﴿وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ﴾

دَلَّتْ هَذِهِ الْآيَةُ الْكَرِيمَةُ عَلَى أَنَّ اللَّهَ تَعَالَى أَرْسَلَ جَمِيعَ الْمُرْسَلِينَ بِالْأَمْرِ

بِ... وَالْكَفْرِ بِ...

3) Аллаһ Тағала былай деді: **“Біз әрбір үмметке: «Аллаһқа құлшылық етіндер де, тағуттан аулақ болыңдар!»**, - деп, елші жібердік!” («ән-Нәхл» сүресі, 36-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді: **«Дінде зорлау жоқ. Расында, туралық азғындықтан ажыратылды. Енді кім тағутқа қарсы келіп, Аллаһқа иман**

келтірсе, сонда ол, рас, үзілмейтін (берік) тұтқаны ұстады. Аллаһ әр нәрсені Естуші, Білуші» («әл-Бақара» сүресі, 256-аят).

Бұл екі ардақты аят Аллаһ Тағалаға иман келтірудің және тағутқа иман келтірмеудің міндетті екендігіне нұсқайды. Екі аяттың екеуінен де осы мағынаға нұсқайтын сөздерді бөліп көрсетіңіздер.

Бірінші аят	Екінші аят
<p>Аллаһ Тағаланың мына сөздері: </p>	<p>Аллаһ Тағаланың мына сөздері: </p>
<p>Аллаһ Тағаланың мына сөздері: </p>	<p>Аллаһ Тағаланың мына сөздері: </p>

٣

نشاطات

قال الله تعالى: ﴿وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ﴾
 وقال تعالى: ﴿لَا إِكْرَاهَ فِي الدِّينِ قَدْ تَبَيَّنَ الرُّشْدُ مِنَ الْغَيِّ فَمَنْ يَكْفُرْ
 بِالطَّاغُوتِ وَيُؤْمِرْ بِاللَّهِ فَقَدِ اسْتَمْسَكَ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَىٰ لَا انفِصَامَ لَهَا وَاللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ﴾
 تَدُلُّ الْآيَاتَانِ الْكَرِيمَتَانِ عَلَىٰ وُجُوبِ الْإِيمَانِ بِاللَّهِ تَعَالَىٰ وَالْكَفْرِ
 بِالطَّاغُوتِ ، حَدَّدَ مِنْ كُلِّ آيَةٍ مَا يَدُلُّ عَلَىٰ هَذَا الْمَعْنَى .

الآية الأولى	الآية الثانية
قولهُ تعالى:	قولهُ تعالى:
قولهُ تعالى:	قولهُ تعالى:

4) Келесі сөздерді ретімен орналастырсаңыз, пайдалы сөйлемдер құралады.

- бірінші, бұл, және тағутқа, парыз, жүктеген, иман келтіру, Аллаһ, Өзінің құлдарына, Аллаһқа, қарсы келу (иман келтірмеу).

.....

- тағутқа, иман келтіру, жарамсыз, қарсы келусіз (иман келтірмеусіз), Аллаһқа.



رَتَبَ الْكَلِمَاتِ الْآتِيَةَ لِتَخْرُجَ مِنْهَا بِجَمَلٍ مُّفِيدَةٍ:
 أَوَّلُ - هُوَ - وَالْكَفْرُ - فَرَضَ - الْإِيمَانُ - مَا - اللَّهُ - عِبَادِهِ - عَلَى
 - بِاللَّهِ - بِالطَّاعَاتِ .
 بِالطَّاعَاتِ - الْإِيمَانُ - يَصِحُّ - بِالْكَفْرِ - إِلَّا - لَا - بِاللَّهِ .

III

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

- 1) Аллаһ бізге жүктеген ең бірінші парыздың мәні неде?
- 2) Біз тағутқа иман келтірмеуімізді қалай танытамыз?
- 3) Аллаһ елшілерді қандай бұйрықпен жіберді?


۱- ما أول ما فرض الله علينا؟
 ۲- كيف نكفر بالطّاعوت؟
 ۳- بماذا بعث الله المرسلين؟



Екінші сабақ

I

Тақырып: ШЫНАЙЫ ИМАН



Біздің ең бірінші парызымыз Аллаһ Тағалаға иман келтіру болып табылады. Аллаһқа шынайы иман келтіру үшін, біз иманның мән-мағынасын біліп, содан соң сол білімге сәйкес амал етуіміз қажет:

أَوَّلُ وَاجِبٍ عَلَيْنَا هُوَ الْإِيمَانُ بِاللَّهِ تَعَالَى، وَحَتَّى نَحَقِّقَ الْإِيمَانَ بِاللَّهِ لَا بُدَّ أَنْ نَعْرِفَ مَعْنَى الْإِيمَانِ، ثُمَّ نَعْمَلُ بِهِ:

1 – Біз иман – ең бірінші парыз екенін білеміз

2 – Біз иманның мән-мағынасын білеміз

3 – Біз осыған сәйкес амал етеміз



«Аллаһқа иман» деген сөздердің мағынасы:

Бұл - сенің Аллаһ құлшылық етуге лайықты жалғыз Құдай екеніне және Одан басқа ешкім құлшылық етуге лайықты емес екеніне мығым түрде сенуің, құлшылықтың барлық түрлерін тек Аллаһқа ғана арнауың, Аллаһтан басқа құлшылық етілетін өзге құдайлардың барлығынан бас тартуың, Аллаһ үшін жақсы көруің және Аллаһ үшін жек көруің.

Ибраһимнің (аләһис-сәләм) діні осы. Кім осыдан бас тартса ақымақ болады. Әрі Аллаһ Өзінің мына Сөздерінде хабарлаған өнеге де осы: **“Расында, сендерге Ибраһим және онымен бірге болғандар бір көркем өнеге болды. Сол уақытта олар елдеріне: «Сендерден де, Аллаһтан өзге табынғандарыңнан да бездік. Сендермен аразмызға мәңгі дұшпандық пен өштік орнады. Сендер жалғыз Аллаһқа иман келтіргендеріңе дейін біз сендерден бас тартамыз», - деген”** («әл-Мумтахина» сүресі, 4-аят).



ТАПСЫРМАЛАР

1) Жоғарыда келтірілген анықтамадан Аллаһқа деген иман өзінің құрамына төмендегі нәрселерді қамтитыны айқын болады:

- 1-
- 2-
- 3-
- 4-
- 5-



2) Құранды алып, келесі аяттардағы қалдырылған сөздерді толтырыңыз:

- Аллаһ Тағала былай деді: **«Өзін білмеген ақылсыздан басқа кім бет бұрады? Расында, Біз оны дүниеде таңдадық әрі, күдіксіз, ол Ақыретте де игілерден болады»** («әл-Бақара» сүресі, 130-аят).
- Аллаһ Тағала былай деді: **“Олар: «Яһуди немесе христиан болындар, сонда тура жолда боласындар», - деді. «Жоқ, олай емес, ол ханиф (бірқұдайшыл) және ортақ қосушылардан емес еді», - де”** («әл-Бақара» сүресі, 135-аят).
- Аллаһ Тағала былай деді: **“«Аллаһ шын айтты. Ендеше, еріңдер, өйткені ол ханиф (бірқұдайшыл) еді, әрі ортақ қосушылардан емес еді», - деп айт”** («Әли Имран» сүресі, 95-аят).

- Аллаһ Тағала былай деді: **«Сендерді Ол таңдады. Сендерге дінде қиындық қылған емес. Аллаһ бұрын да сендерді мұсылмандар деп атады»** («әл-Хаж» сүресі, 78-аят).

3) Ибраһим, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, пайғамбарлардың атасы болып табылады. Аллаһ оны өз халқына ол оларды тек жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақыруы үшін жіберді. Өйткені олар Аллаһқа емес, пұттарға табынатын. Сондықтан Ибраһим оларды тек бір Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақырды.

Алайда олар қарсы шықты, менменсінді және пұттарға құлшылық етулерінде қасарысып алды. Бірде олар өз мейрамдарына байланысты той-салтанат өткізу үшін қаладан шығап кеткен кездерінде, Ибраһим, оған Аллаһтың сәлемі болсын, олардың пұттарын талқандап сындырды. Осы туралы білген соң, оның руластары үлкен от жағып, оны соған тастады. Сонда Ибраһиммен, оған Аллаһтың сәлемі болсын, не болғанын білесіздер ме? От оны күйдірмеді! Керісінше, Аллаһ жалынды отты Ибраһим үшін салқын және қауіпсіз етті.

! Ибраһим туралы осы хикая туралы ой қозғаңыздар да, кейін осы хикаядан пайдалы үш тұжырым шығарыңыз:

- 1-
- 2-
- 3-

٣

مَقَاتِلَات

إِبْرَاهِيمَ عَلَيْهِ الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ هُوَ أَبُو الْأَنْبِيَاءِ ﷺ أَرْسَلَهُ اللَّهُ إِلَى قَوْمِهِ لِيَدْعُوهُمْ إِلَى عِبَادَةِ اللَّهِ وَحْدَهُ، وَكَانُوا يَعْبُدُونَ الْأَصْنَامَ مِنْ دُونِ اللَّهِ، فَدَعَاهُمْ إِبْرَاهِيمُ إِلَى عِبَادَةِ اللَّهِ وَحْدَهُ.

وَلَكِنَّهُمْ عَانَدُوا وَتَكَبَّرُوا وَأَصْرُوا عَلَى عِبَادَةِ الْأَصْنَامِ، فَلَمَّا خَرَجُوا لِلْإِحْتِفَالِ بِعِيدِهِمْ، حَطَّمَ إِبْرَاهِيمُ ﷺ أَصْنَامَهُمْ، وَلَمَّا عَلِمُوا بِذَلِكَ، أَوْقَدُوا نَارًا كَبِيرَةً وَأَلْقَوْهُ فِيهَا، أَتَدْرُونَ مَاذَا حَصَلَ لِإِبْرَاهِيمَ ﷺ؟ لَمْ تُحْرِقْهُ النَّارُ بَلْ جَعَلَهَا اللَّهُ عَلَيْهِ بَرْدًا وَسَلَامًا.

تأمل قصة إبراهيم عليه السلام، ثم استخرج منها ثلاثاً من الفوائد:

١-.....

٢-.....

٣-.....

III

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

1) Ибраһимнің дінінен бас тартқан адамды кім деп атайды?

2) Мына адамдар шынайы түрде иман келтірген бе?

а) Намаз оқитын, бірақ ізгі адамдарды жек көретін адам;

б) «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ», - деп куәлік беретін, бірақ кәпірлерді жақсы көретін адам;

в) Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ететін, мүміндерді жақсы көретін және кәпірлерді жек көретін адам.



١- ماذا يُسمى من ترك ملة إبراهيم ﷺ؟

٢- هل تحقق الإيمان لدى هؤلاء؟

أ- رجلٌ يصلي لكنه يُبغض الصالحين.

ب- رجلٌ يشهد ألا إله إلا الله ويحب الكفار.

ج- رجلٌ يعبد الله وحده ويحب المؤمنين ويُبغض الكافرين.


Үшінші сабақ

I

Тақырып:
“«ИМАН» МЕН «КҮШРЛІК» СӨЗДЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫ” ТАРАУЫ
БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

نشاطات في وحدة معنى الإيمان والكفر

1) Алдыңғы сабақтан сіздер «Аллаһқа иман» сөздерінің мән-мағынасын білдіңіздер. «Аллаһ Жалғыз, әрі Одан өзге құлшылыққа лайықты ешкім жоқ» деген анықтамадан біз қандай пайда аламыз?



2) Біз Аллаһтың пайғамбары Ибраһимді, оған Аллаһтың сәлемі болсын, тәулік ішінде бірнеше рет еске аламыз. Біз оны Құрбан Айт мейрамында еске аламыз. Біз оны сондай-ақ Меккеге қажылық және умра жасау үшін сапарға шыққанда еске аламыз. Бұл қалайша іске асады?

- Біз оны тәулік ішінде бір реттен көп еске аламыз

- Біз оны Құрбан Айт мейрамында еске аламыз

- Біз оны Меккеге қажылық және умра жасау үшін сапарға шыққанда еске аламыз

٢

تَذَكَّرُ نَبِيَّ اللَّهِ إِبْرَاهِيمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ فِي الْيَوْمِ الْوَاحِدِ أَكْثَرَ مِنْ مَرَّةٍ،
وَتَذَكَّرُهُ فِي عِيدِ الْأَضْحَى، وَتَذَكَّرُهُ حِينَ نَذْهَبُ إِلَى مَكَّةَ حُجَّاجًا
وَمُعْتَمِرِينَ. كَيْفَ ذَلِكَ؟

■ نتذکره في اليوم أكثر من مرة

■ نتذکره في عيد الأضحى

■ نتذکره حين نذهب إلى مكة حجاجاً ومُعْتَمِرِينَ

3) Сіздер алдыңғы сабақтарда оқып үйренген нәрселеріңізге нұсқайтын сөйлемдер шығуы үшін, келесі сөздерді ретімен орналастырыңыз:

- **иман келтірмеу, парыз, бұл, иман келтіру, біздің, бірінші, Аллаһқа, және тағутқа.**
-

- **дініне, бізді, ілесумен, Ибраһимнің, Аллаһ, құрметтеді, оған Аллаһтың сәлемі болсын.**
-

- **олар, бет бұрушылар, ақымақтар, Ибраһимнің, дінінен, оған Аллаһтың сәлемі болсын.**
-

- **үшін, Аллаһ, жақсы көру, және Аллаһ, үшін, иманнан, жек көру.**
-

٣

نشطات

قم بترتيب هذه الكلمات لتكون منها جملاً تدل على ما درسته في
الدرس الماضي:

■ واجب - هو - الإيمان - علينا - أول - بالطاغوت - بالله - والكفر.

■ ملة - أكرمنا - باتباع - إبراهيم - الله - عليه السلام.

■ هم - المعرضون - السفهاء - إبراهيم - عن - ملة - عليه السلام.

■ في - الله - الحب - الله - في - الإيمان - من - والبغض.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

- «ТАҒУТ» СӨЗІНІҢ МАҒЫНАСЫ
- ТАҒУТТЫҢ ТҮРЛЕРІ
- БЕРІК (СЕНІМДІ) ТҮТҚА

الوحدة الرابعة

• معنى الطاغوت

• أنواع الطواغيت

• العروة الوثقى

Төртінші сабақ

I

Тақырып:

ШАЙТАН – ЕҢ БАСТЫ ТАҒУТ

الشَّيْطَانُ هُوَ الطَّاغُوتُ الْأَكْبَرُ

Алдыңғы сабақтардан біз Аллаһқа иман келтіру тек тағутқа қарсы келумен (иман келтірмеумен) жарамды болатынын білдік. Тағутқа шынайы түрде иман келтірмеу үшін біз тағуттың не екенін білуіміз қажет.

تَعَلَّمْنَا فِي الدَّرُوسِ الْمَاضِيَةِ أَنَّ الْإِيمَانَ بِاللَّهِ لَا يَصِحُّ إِلَّا بِالْكَفْرِ بِالطَّاغُوتِ، وَحَتَّى نُحَقِّقَ الْكَفْرَ بِالطَّاغُوتِ يَجِبُ عَلَيْنَا أَنْ نَعْرِفَ مَعْنَى الطَّاغُوتِ .

ТАҒУТ

Тағут – бұл жалпы ұғым. Аллаһтан басқа құлшылық етілетіннің, әрі өзіне өзгелердің құлшылық еткеніне, немесе Аллаһ пен Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мойынсұнбаушылық болып табылатын нәрседе өзіне өзгелердің ілескеніне немесе бағынғанына разы болушының кез-келгені тағут болып табылады.

Тағуттар көп, нақтылап айтқанда, олардың мынандай түрлері бар: Бірінші (тағут) – бұл Аллаһтан басқаға құлшылық етуге шақыратын шайтан. Бұған шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде қамтылған: **“Әй, адам баласы! Сендерге: «Шайтанға табынбаңдар. Әрине, ол сендерге ашық дұшпан», - деп, серт бермедім бе? Маған құлшылық қылыңдар. Тура жол осы!”** («Йа Син» сүресі, 60-61 аяттар).



Адам мен Шайтан туралы хикая

Аллаһ Тағала Адам атаны жаратқан соң періштелерге оған сәжде жасауды бұйырды. Періштелер Аллаһ Тағаланың бұйрығына мойынсұнды да, Ібілістен басқасының барлығы Адам атаға сәжде жасады. Ал Ібіліс менменсініп, өзін Адамнан (оған Аллаһтың сәлемі болсын) артықпын деп санады, өйткені Аллаһ оны оттан, ал

Адамды топырақтан жаратқан еді. Сондықтан да Ібіліс Аллаһтың сәжде жасау туралы әміріне мойынсұнбады. Сонда Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Тағала оны Жәннаттан қуып шығарды.

Ібіліс өзіне Қиямет күніне дейін мұрша беруін сұрады, ал Аллаһ оның тілегін қабыл етті. Ібіліс адамдарды адасушылыққа салу үшін және Аллаһқа құлшылық етуден бет бұрғызу үшін бар жігер-ынтасын салатындығы туралы ант етті. Өйткені ол адамдардың барлығының онымен бірге Тозақ отында болуын қалады.

Аллаһ Тағала Адам атаны оның әйелімен бірге Жәннатқа қоныстандырды. Ол оларды шайтанның қастығынан ескертіп, шайтан олардың екеуіне де дұшпан екенін хабарлады. Аллаһ Адамға, оған Аллаһтың сәлемі болсын, және оның әйеліне Жәннаттың барлық жемістерімен қоректенуге рұқсат етті, бірақ тек бір ғана ағаштың жемісін жеуге тыйым салды. Сонда шайтан келіп, Адамды және оның әйелін сол ағаштың жемісінен жеуге қызықтырып, азғыра бастады. Нәтижесінде Адам мен оның әйелі тыйым салынған ағаштың жемісінен жеді де, Аллаһ оларды Жәннаттан жерге түсіріп тастады. Содан соң олардың екеуі де Аллаһқа тәубе жасады, әрі Аллаһ Тағала олардың тәубесін қабыл етті.

Міне, шайтан малғұн Адам ұрпақтарын Аллаһ Тағалаға құлшылық етуден бас тартуға шақыру жолындағы күш-жігер салуын дәл осылай бастаған еді.

قِصَّةُ آدَمَ وَالشَّيْطَانِ :

حِينَما خَلَقَ اللهُ تَبَارَكَ وَتَعَالَى آدَمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ أَمَرَ الْمَلَائِكَةَ أَنْ يَسْجُدُوا لَهُ، فَطَاعَ الْمَلَائِكَةُ أَمْرَ اللهِ وَسَجَدُوا كُلُّهُمْ جَمِيعًا إِلَّا إِبْلِيسَ، فَإِنَّهُ تَكَبَّرَ وَرَأَى أَنَّهُ خَيْرٌ مِنْ آدَمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ، وَأَنَّ اللهُ خَلَقَهُ مِنْ نَارٍ وَخَلَقَ آدَمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ مِنْ طِينٍ، فَامْتَنَعَ أَنْ يُطِيعَ أَمْرَ اللهِ لَهُ بِالسُّجُودِ. فَأَخْرَجَهُ اللهُ عَزَّ وَجَلَّ مِنَ الْجَنَّةِ. فَسَأَلَ إِبْلِيسُ رَبَّهُ أَنْ يُؤَخَّرَ أَجَلَهُ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ.

فَأَجَابَ اللهُ دُعَاءَهُ.

فَأَقْسَمَ أَنْ يَجْتَهِدَ فِي إِضْلالِ النَّاسِ وَصَدَّهمْ عَنِ طَاعَةِ اللهِ حَتَّى يَكُونُوا مَعَهُ فِي نارِ جَهَنَّمَ. وَأَسْكَنَ اللهُ تَبَارَكَ وَتَعَالَى آدَمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ فِي الْجَنَّةِ هُوَ وَزَوْجَتُهُ، وَحَدَّرَهُمَا مِنْ كَيْدِ الشَّيْطَانِ وَأَخْبَرَهُمَا أَنَّهُ عَدُوٌّ لَهُمَا.

وَأَباحَ اللهُ لِآدَمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ وَزَوْجَتِهِ أَنْ يَأْكُلَا مِنْ جَمِيعِ ثَمَارِ الْجَنَّةِ ما عدا شَجَرَةَ واحِدَةً. فَجاءَ الشَّيْطَانُ فَوَسَّوسَ لِآدَمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ وَزَوْجَتِهِ وَأَمَرَهُمَا أَنْ يَأْكُلَا مِنَ الشَّجَرَةِ. فَأَكَلَ آدَمُ عَلَيْهِ السَّلَامُ وَزَوْجَتُهُ مِنَ الشَّجَرَةِ فَأَهْبَطَهُمَا اللهُ مِنَ الْجَنَّةِ. وَتابا إلى اللهِ فَقَبِلَ اللهُ تَوْبَتَهُمَا.

وهكذا بدأ الشَّيْطَانُ يَسْعَى لِذَعْوَةِ بني آدَمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ إلى تَرْكِ عِبَادَةِ اللهِ عَزَّ وَجَلَّ.

ТАПСЫРМА

1) Осы хикаядан алынатын кейбір пайдалы тұжырымдарды жазыңыз:

1 -

2 -

3 -



III

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

1) Келесі сөйлемдегі бос орындарға тиісті сөздерді қойыңыз:

Аллаһтан басқа етілетіннің әрбірі, егер ол өзіне тағұт болып табылады.

2) Шайтан адамдарды неге шақырады?

3) Аллаһ Тағаланың мына сөздерін оқыңыздар: “Әй, адам баласы! Сендерге: «Шайтанға табынбаңдар. Әрине, ол сендерге ашық дұшпан», - деп, серт бермедім бе? Маған құлшылық қылыңдар. Тура жол осы!” Осы аятта Аллаһ бізге бір нәрсені бұйырды және екінші нәрсеге тыйым салды. Қандай екі нәрсе туралы сөз болуда?

التقويم

١- اَمَلًا الْفَرَاغَ فِي الْجُمْلَةِ الْآتِيَةِ:
 كُلُّ مَا _____ مِنْ دُونِ اللَّهِ وَ _____ بَ _____ فِهِيَ طَاغُوتٌ.

٢- إِلَى أَيِّ شَيْءٍ يَدْعُو الشَّيْطَانُ النَّاسَ؟

٣- فِي قَوْلِهِ تَعَالَى: ﴿لَا تَعْبُدُوا الشَّيْطَانَ إِنَّهُ لَكُرْهُ عَدُوٌّ مُبِينٌ﴾
 وَأَنْ أَعْبُدُونِي هَذَا صِرَاطٌ مُسْتَقِيمٌ فِي هَذِهِ الْآيَةِ أَمَرْنَا اللَّهَ بِشَيْءٍ، وَنَهَانَا عَنْ شَيْءٍ، فَمَا هُمَا؟

Бесінші сабақ

I

Тақырып:

«ШАЙТАН – ЕҢ БАСТЫ ТАҒУТ» САБАҒЫНА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

نشاطات على درس الشيطان هو الطاغوت الأكبر

1) Аллаһ Тағала бізге шайтан азғыратын кезде не істеу керек екендігін үйретті. Аллаһ Тағала былай деді:

«Ал енді сені шайтаннан бір түлен түртсе, сонда Өйткені, Ол әр нәрсені толық Естуші, Білуші» («Фуссыләт» сүресі, 36-аят).

Құранды алып, жоғарыда келтірілген аяттағы қалдырылған сөздерді орнына қойыңыз.

نشاطات

١
 عَلَّمَنَا اللَّهُ تَبَارَكَ وَتَعَالَى مَاذَا نَفْعَلُ حِينَ يُوسِسُ لَنَا الشَّيْطَانَ. قَالَ
 تَعَالَى: ﴿وَمَا يَنْزَعَنَّكَ مِنَ الشَّيْطَانِ نَزْعٌ
 السَّمِيعُ الْعَلِيمُ﴾ (سورة فصلت: الآية ٣٦)
 ارْجِعْ إِلَى الْمُصْحَفِ وَأَكْمِلِ الْآيَةَ.
 إِنَّهُ هُوَ

2) Шайтан адамдардың көкірегіне азғыру салып, оларға Аллаһ Тағалаға емес, өзгеге табынуға бұйырады. Сондықтан да Аллаһ Тағала біз барлығымыз жатқа білетін сүреде шайтанның азғыруынан Аллаһтан пана іздеуді әмір етті. Бұл қандай сүре? Әрі қай аят осыған нұсқайды?

الشَّيْطَانُ هُوَ الَّذِي يُوسَّسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ، وَيَأْمُرُهُمْ بِعِبَادَةِ غَيْرِ اللَّهِ
تَعَالَى، وَلِذَلِكَ أَمَرْنَا اللَّهَ تَعَالَى أَنْ نَسْتَعِيذَ بِاللَّهِ مِنْ وَسْوَئِهِ فِي سُورَةِ
نَحْفَظُهَا جَمِيعًا؛ فَمَا هِيَ؟ وَمَا الْآيَةُ الدَّالَّةُ عَلَى ذَلِكَ؟

3) Келтірілген сөз қатарларының әрқайсысынан мағыналары бірдей екі сөйлем құрастырыңыз:

- Ең басты; шайтан; бұл; тағут.

1-

2-

- бұрын; қорғауына сиынамын; мен; Құран; шайтаннан; оқудан; Аллаһтың; лағынет етілген.

1-

2-

٣

حاول أن تكون من كل مجموعة من هذه الكلمات جملتين معناهما واحد:

■ الأكبر - الشيطان - هو - الطاغوت .

_____ : ١

_____ : ٢

■ قبل - أستعيد - القرآن - أن - الشيطان - أقرأ - بالله - الرجيم - من .

_____ : ١

_____ : ٢

نشاطات

4) Біз тағұттың – бұл Аллаһтан өзге құлшылық етілетін әрі өзіне өзгелер құлшылық етілуіне разы болушы екенін білдік. Төменде келтірілген сөздерде аталғандардың қайсыларына адамдар Аллаһтан өзге құлшылық етті, және олардың қайсыларына осы үшін «тағұт» деген сөз қолданыла алады?

- періштелер; Перғауын; Иса (аләһис-сәләм); шайтан.

1-

2-

٤

عرفنا أن الطاغوت هو : من عبد من دون الله ورَضِيَ بِالْعِبَادَةِ .

حدّد فيما يلي المعبودات التي عبدت من دون الله ويطلق عليها طواغيت .

الملائكة - فرعون - عيسى عليه السلام - الشيطان

_____ -١

_____ -٢

Алтыншы сабақ

I

Тақырып:

АЛЛАҒТЫҢ ТҮСІРГЕНІНЕН ӨЗГЕ НӘРСЕМЕН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҮКІМ ШЫҒАРУ

الْحُكْمُ بِغَيْرِ مَا أَنْزَلَ اللَّهُ

Осыдан алдыңғы сабақтардан біз басты тағут – бұл шайтан екенін және ол адамдарды Ұлы және Құдіретті Аллаһқа құлшылық жасаудан бет бұрғызуға ұмтылатынын білдік.

Сондай-ақ шайтанның жолымен жүретін, оған бағынатын және ілесетін адамдар да бар. Олар шайтанмен бірге адамдарды Аллаһ Табаракә уә Тағалаға мойынсұнудан бет бұрғызуға атсалысады. Осындай шайтанның көмекшілерін де Ұлы және Құдіретті Аллаһ тағуттар деп атады.

Осы және келесі сабақтарда біз осы тағуттардың кейбірін біліп танитын боламыз.

عرفنا في الدروس الماضية أَنَّ الشَّيْطَانَ هُوَ الطَّاغُوتُ الْأَكْبَرُ، وَأَنَّهُ يَسْعَى لِصَرْفِ النَّاسِ عَنْ عِبَادَةِ اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ.
وهناك من الإنس مَنْ يسبِّرون في طريق الشَّيْطَانَ فيطِيعونه وَيَتَّبِعُونَهُ، وَيُشَارِكُونَهُ فِي صَدِّ النَّاسِ عَنْ طَاعَةِ اللَّهِ تَبَارَكَ وَتَعَالَى، وَقَدْ سَمَّى اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ هَؤُلَاءِ الطَّاغُوتِغِيَّةَ.
وفي هذا الدرس وما بعده سنتناول بالدراسة بعض هَؤُلَاءِ الطَّاغُوتِغِيَّةِ.

Екінші (тағут) – бұл Аллаһ Тағаланың заң-ережелерін өзгертетін үкім шығарушы. Бұған шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде қамтылған: **«Саған түсірілгенге және сенен бұрын түсірілгенге иман келтірдік деп, бірақ тағутқа үкім үшін жүгінуді қалайтындарды көрмейсің бе? Оларға оған иман келтірмеу бұйырылған болса да. Шайтан оларды терең адасушылыққа салуды қалайды»** («ән-Ниса» сүресі, 60-аят).

الثاني: الحاكم المغير لأحكام الله تعالى، والدليل قول الله تعالى ﴿لَمْ تَرَ إِلَى الَّذِينَ رَزَعْتَهُمْ أَنَّهُمْ ءَامَنُوا بِمَا نُزِّلَ إِلَيْكَ وَمَا أَنْزَلَ مِنْ قَبْلِكَ يُرِيدُونَ أَنْ يَتَّحَكَّمُوا إِلَى الطَّاغُوتِ وَقَدْ أُمِرُوا أَنْ يَكْفُرُوا بِهِ. وَيُرِيدُ الشَّيْطَانُ أَنْ يُضِلَّهُمْ ضَلَالًا بَعِيدًا﴾ (سورة النساء: الآية ٦٠).

II

Тапсырмалар

1) Тағуттың екінші түрі – бұл «Аллаһ Тағаланың заң-ережелерін өзгертетін үкім шығарушы». Аллаһ Тағаланың заң-ережелерін өзгерту қалай жүзеге асады?

- Аллаһ тыйым салған (харам еткен) нәрселер бар, сондықтан да оларды арқылы Аллаһтың заң-ережелерін өзгерту орын алады.

Аллаһтың заңнамасын өзгертудің мұндай түріне мысал ретінде арақ-шарап ішуді рұқсат (хәлал) ету жатады.

- Аллаһ еткен нәрселер бар, сондықтан да оларды тыйым салу да (харам ету) Аллаһтың заңнамасын өзгерту болып табылады.


Аллаһтың заңнамасын өзгертудің мұндай түріне мысал ретінде мынаны келтіруге болады:

1

النوع الثاني من الطواغيت هو «الْحَاكِمُ الْمُغَيِّرُ لِأَحْكَامِ اللَّهِ تَعَالَى» كيف يكون تَغْيِيرُ أَحْكَامِ اللَّهِ تَعَالَى؟

■ هناك أُمُورٌ حَرَّمَهَا اللَّهُ فَيَكُونُ تَغْيِيرُهَا بِـ
وَمِنْ أَمْثَلِهِ ذَلِكَ: إِبَاحَةُ الْخَمْرِ.

■ هناك أُمُورٌ ، فَيَكُونُ تَغْيِيرُهَا بِتَحْرِيمِهَا ،
وَمِنْ أَمْثَلِهِ ذَلِكَ :



نشاطات

2) Жоғарыда келтірілген «Саған түсірілгенге және сенен бұрын түсірілгенге иман келтірдік деп, бірақ тағутқа үкім үшін жүгінуді қалайтындарды көрмейсің бе?...» деген аятта


- Аллаһ бізге бұйырды.
- Шайтан біздің қалайды.

2

في الآية السابقة وهي قوله تعالى: ﴿ أَلَمْ تَرَ إِلَى الَّذِينَ يَزْعُمُونَ ... ﴾

■ أمرنا الله بـ

■ الشيطان يريد منا



نشاطات

III

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

- 1) Аллаһтың заң-ережелерін өзгертетін үкім шығарушы кім деп аталады?
- 2) Бос орынға мағынасы бойынша сәйкес келетін сөзді қойыңыздар.
Біз тағутқа керек.
- 3) Аллаһтың тыйым салғанын (харам еткенін) рұқсат (хәлал) ететін және Аллаһтың рұқсат (хәлал) еткенін тыйым салатын (харам ететін) адам кім болады?
- 4) Дұрыс сөйлемді табындар:
 - а) Аллаһтың үкімдерін өзгертетін үкім шығарушы тағуттардың санатына жатады.
 - б) Тағуттар Аллаһтың үкімдерін өзгертетін адамдардың санатына жатады.

التقويم 

١- بِمِ يَسْمَى مِنْ غَيْرِ أَحْكَامِ اللَّهِ؟

٢- إِمْلَأِ الْفَرَاغَ بِالْكَلِمَةِ الْمُنَاسِبَةِ. يَجِبُ عَلَيْنَا أَنْ بِالطَّاعُوتِ.

٣- مِنْ أَبَاحِ الْحَرَامِ، وَحَرَمِ الْحَلَالِ مَاذَا يَسْمَى؟

٤- اخْتَرِ الْإِجَابَةَ الصَّحِيحَةَ:

أ- الْحَاكِمُ الْمَغْيِرُ لِأَحْكَامِ اللَّهِ يَدْخُلُ ضَمْنَ الطَّوَاغِيَتِ ()

ب- الطَّوَاغِيَتِ تَدْخُلُ ضَمْنَ الْحَاكِمِ الْمَغْيِرِ لِأَحْكَامِ اللَّهِ ()

Жетінші сабақ

I

Тақырып:

АЛЛАҒТАН ӨЗГЕ КІМ ӨЗІНІҢ ҒАЙЫПТЫ БІЛЕТІНІН АЙТСА, СОЛ
ТАҒУТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

مَنْ ادَّعَى عِلْمَ الْغَيْبِ مِنْ دُونِ اللَّهِ فَهُوَ طَاغُوتٌ

Адамдар шектеулі қабілеттерге ғана ие. Олар барлық нәрсе туралы білмейді де, барлық нәрсені істей де алмайды. Тек Аллаһ Табаракә уә Тағала ғана мінсіз-кемел қабілетке ие және Оған ғана бүкіл нәрсе түгелімен белгілі, біз Оны пәктейміз және ұлықтаймыз! Сондықтан да егер Аллаһтан өзге әлдекім өзінің ғайыпты білетінін айтса, біз ондай адамды кім деп атауымыз қажет?

النَّاسُ لَهُمْ قُدْرَةٌ مَّحْدُودَةٌ، فَلَا يَعْلَمُونَ كُلَّ شَيْءٍ، وَلَا يَسْتَطِيعُونَ فِعْلَ كُلِّ شَيْءٍ.
لَكِنَّ اللَّهَ تَبَارَكَ وَتَعَالَى عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، وَعَالَمٌ بِكُلِّ شَيْءٍ سُبْحَانَهُ وَتَعَالَى، وَإِذَا قَالَ
شَخْصٌ بِأَنَّهُ يَعْلَمُ أُمُورَ الْغَيْبِ؛ فَمَاذَا نُسَمِّي هَذَا الْإِنْسَانَ؟

Үшінші (тағут) – бұл Аллаһтан өзге өзінің ғайыпты білетінін айтушы. Бұған шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде қамтылған: **«Ол – ғайыпты Білуші және оның сырын Өзі разы болған және алды-артына күзетші қоятын елшілерінен басқа ешкімге ашпайды»** («Жын» сүресі, 26-27 аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді: **«Көместің кілттері Оның жанында. Оны Ол Өзі ғана біледі. Және құрлықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де, Аллаһ оны біледі. Және жердің қараңғылықтарындағы құрғақ және жас ұрыққа дейін ашық Кітапта бар»** («Әнғам» сүресі, 59-аят).



- Мұсылман адам өзінің ғайыпты білетінін айтатындардың кез-келгеніне барудан сақ болуы керек. Мысалы, көріпкелдерге, балгерлерге, және балгерлікпен айналысатындарға. Мұсылман адам осындай адамдардың айтатын сөздеріне сенуіне қатаң тыйым салынған.

■ يَجِبُ عَلَى الْمُسْلِمِ أَنْ يَحْذَرَ مِنَ الذَّهَابِ إِلَى كُلِّ مَنْ يَدْعِي عِلْمَ الْغَيْبِ مِثْلَ:
الْكُهَّانِ وَالْعَرَّافِينَ، وَيَحْرُمُ عَلَيْهِ تَصَدِيقُهُمْ فِيمَا يَدْعُونَهُ.

Егер сен ағашқа толы орманда болсаң және сол кезде қатты жел ессе, ағаштардан

төгіліп түскен жапырақтардың санын айтып бере алар ма едің?!

Егер сен теңіздің жағалауында тұрып, оған үніліп қарасаң, ондағы барлық нәрселерді санай алар ма едің?!




لو كُنْتَ أَمَامَ الْبَحْرِ وَنَظَرْتَ فِيهِ فَهَلْ تَسْتَطِيعُ إِحْصَاءَ كُلِّ مَا فِيهِ؟

لو كُنْتَ فِي غَايَةِ مَلِيحَةِ الْأَشْجَارِ وَهَبَّتْ عَاصِفَةٌ شَدِيدَةً، فَهَلْ تَسْتَطِيعُ أَنْ تَعُدَّ الْأَوْرَاقَ الْمَتَسَاقِطَةَ مِنْهَا؟

II

ТАПСЫРМАЛАР

- 1) Осы сабақта келтірілген екінші аят туралы ой қозғандар, сонда сендер Аллаһтың ұлылығы туралы біраз нәрселер білесіңдер.



- 2) Келесі жағдайларды карап шығыңдар да, ғайыпты білу туралы айтудың санатына қайсылары жататынын және қайсылары жатпайтынын анықтаңдар.

Жағдай	Ғайыпты білу туралы айтудың санатына жатады	Ғайыпты білу туралы айтудың санатына жатпайды
Бір кісі ақшасын жоғалтып, көріпкелге барды. Ол оған: «Ақшаң пәлен жерде», - деп айтты.		
Мухаммедтің көршісі сапарға кеткен болатын. Мухаммед үйінен мешітке қарай шыққан кезінде, көршісінің қақпасының алдында тұрған оның автокөлігін көріп: «Көршім сапардан қайтып келіпті», - деді.		

<p>Ахметтің сағаты тоқтап қалды. Ол оны тексеріп көріп: «Батарейкасы бітіпті», - деді.</p>		
<p>Бір адам: «Ақырзаман он жылдан кейін болады», - деді.</p>		
<p>Сауда дүкеншесінің иесі кара бұлттарды көріп, жаңбыр жауып кетуінен қорықты. Сол себепті тауарларын ішке кіргізді.</p>		

ما الذي يَدْخُلُ من المَوَاقِفِ التالية: تَحْتَ ادْعَاءِ عِلْمِ الْغَيْبِ وما الذي لا يَدْخُلُ فيها:

لا يدخل تحت ادعاء علم الغيب	يدخل تحت ادعاء علم الغيب	الموقف
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	فَقَدَ رَجُلٌ نَقُودَهُ فَذَهَبَ إِلَى أَحَدِ الشَّجَرَةِ فَقَالَ لَهُ: إِنَّهَا فِي الْمَكَانِ الْفُلَانِيِّ.
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	كَانَ جَارٌ مُحَمَّدٍ مُسَافِرًا فَلَمَّا خَرَجَ مُحَمَّدٌ إِلَى الْمَسْجِدِ رَأَى سَيَّارَةً جَارِهِ عِنْدَ الْبَابِ فَقَالَ: لَقَدْ قَدِمَ جَارِي مِنَ السُّفْرِ.
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	تَعَطَّلَتْ سَاعَةُ أَحْمَدَ فَذَهَبَ بِهَا إِلَى صَاحِبِ مَحَلٍّ وَبَعْدَ فَحْصِهَا قَالَ: إِنَّ الْبَطَّارِيَّةَ تَالِفَةٌ.
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	قَالَ رَجُلٌ: إِنَّ الْقِيَامَةَ سَوْفَ تَقُومُ بَعْدَ عَشْرِ سَنَوَاتٍ.
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	رَأَى صَاحِبُ مَحَلِّ تِجَارِي السَّحَابَ فَخَشِيَ أَنْ يَنْزِلَ الْمَطَرُ فَأَدْخَلَ بِضَاعَتَهُ.

- 3) Бірде бір кішкентай күң қыз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасында болған кезінде: «Бізбен бірге Пайғамбар, ол ертең не болатынын біледі», - деген тақпақ айтты. Сол кезде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған мұндай сөздерді айтуға тыйым салды. Бұл хадис не нәрсеге нұсқайды?

كانت جارية تُنشدُ عند النَّبِيِّ ﷺ فقالت: «وفينا نبيٌّ يَعْلَمُ ما في غدٍ»
فنهاها النَّبِيُّ ﷺ أن تقولَ ذلك؟ ما الذي يُدُلُّ عليه هذا الحديثُ؟

III

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

- 1) Сөйлемді тиісті сөзбен бастандар: «..... басқа ешкім ғайыпты білмейді».
- 2) Балгерлікпен айналысатындардың біреуі адамның алақанына қарап осы адамды болашақта не күтетінін білетіні туралы айтады.
 - a) Мұндай адам кім деп аталады?
 - б) Оған баруға рұқсат етіледі ме?
 - в) Оның айтқан сөздеріне сенуге болады ма?
- 3) Не себептен өзінің ғайыпты білетіні туралы айтатын адам тағут деп аталады?

التقويم 

١- أكمل الفراغ بكلمة مناسبة. لا يعلم الغيب إلا _____

٢- رجلٌ من العرَّافين يدَّعي حين ينظرُ في كَفِّ الشخصِ أنه يعلمُ بذلك ما سيحصل له في المستقبل.

أ- ماذا يُطلقُ على هذا الرجلِ؟

ب- هل يجوزُ الذهابُ له؟

ج- هل يجوزُ تصديقُه؟

٣- لماذا يُعتبرُ من يدعي علمَ الغيبِ من الطواغيتِ؟

Сегізінші сабақ

I

Тақырып:
**«АЛЛАҒТАН ӨЗГЕ КІМ ӨЗІНІҢ ҒАЙЫПТЫ БІЛЕТІНІ ТУРАЛЫ АЙТСА,
 СОЛ ТАҒУТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ» АТТЫ САБАҒЫНА АРНАЛҒАН
 ТАПСЫРМАЛАР**

نشاطات علی درس: من ادعى علم الغيب من دون الله فهو طاغوت

1) Сіздердің алдыларыңызда бірнеше сөйлемшелер тұр. Біз өзінің ғайыпты білетіні туралы айтатын адамға қатысты не істеуіміз керек екеніне дұрыс нұсқайтын сөйлемшенің реттік санын шеңбермен белгілеңдер.

- 1- оған сенбеу керек.
- 2- оны жақсы көру керек.
- 3- оған насихат айтып, сөгуіміз керек.
- 4- оның қабілеттеріне таң қалуымыз керек.
- 5- оған барушыларға насихат айтуымыз керек.
- 6- оны үйімізге шақыруымыз керек.

1

أمامك عدد من العبارات، ضع دائرة على رقم العبارة التي تدل على
 واجبنا تجاه من يدعي علم الغيب:

- 1- الأُصْدَقُ.
- 2- أَنْ نُحِبَّهُ.
- 3- أَنْ نَقُومَ بِنَصِيحَتِهِ وَالْإِنْكَارِ عَلَيْهِ.
- 4- أَنْ نَعْجَبَ بِقُدْرَاتِهِ.
- 5- أَنْ نَقُومَ بِنَصِيحَةٍ مَنْ يَذْهَبُ إِلَيْهِ.
- 6- أَنْ نَدْعُوهُ لزيارة بيوتنا.



2) Мына жағдайлар туралы не айта аласыз?

Жағдай	дұрыс	дұрыс емес
Оқушы сабаққа үй тапсырмасын орындамастан келді. Мұғалім одан: «Үй тапсырмасы қайда?», - деп сұраған кезде, әлгі оқушы: «Маған ғайып белгісіз», - деп жауап берді.		
Мөлтек аудандардың бірінде фокус /сиқыр/ көрсететін адам бар. Осы мөлтек ауданның бір тұрғыны ол туралы біліп, жақсылыққа шақырып жамандықтан қайтару сылтауымен, ол туралы полицияға хабарлады.		
Ахмед аяғын зақымдап алды. Дәрігер оның сүйегі сынған-сынбағанын білу үшін, аяғын рентгенге түсірді.		
Ахметтің әкесі сапарға кеткен болатын. Ахмет мешіттен үйіне келе жатып, үйінің алдында әкесінің автокөлігін көрді де, әкесінің сапардан қайтып келгенін түсінді.		
Науқас адам тәуіптердің біріне келді. Өлгі тәуіп жұлдыздарға қарады да: «Саған көз тиген», - деді.		

غير صحيح	صحيح	ما رأيك في هذه المواقف
		جاء طالب للصف دون أن يحضر كتابه فسأله المعلم عنه فقال: لا أعلم الغيب.
		يوجد في الحي رجل مشغوف فعلم عنه أحد سكان الحي فبلغ عنه الشرطة، وهبته الأمر بالمعروف والنهي عن المنكر.
		أصيب أحمد بكسر في ساقه فوضعه الطبيب على جهاز الأشعة ليعلم هل أصاب الكسر العظم أم لا.
		كان جاز أحمد مسافراً، ولما خرج أحمد للمسجد وجد سيارة جاره عند بابه فتوقع أحمد أن يكون جاره قد عاد من سفره.
		جاء رجل مريض إلى أحد المعالجين فنظر هذا المعالج في النجوم فقال: إنك مضاب بالعين.

3) Пайдалы сөйлемдер шығу үшін, келесі сөздерді ретімен орналастырыңдар.

- туралы айту; ғайыпты; рұқсат; етілмейді; білетіні.

-
- білетіні; ғайыпты; туралы айтса; өтірікші; кім, сол.
-

- біздің сенуімізге; ғайыпты; болмайды; айтатын адамға; туралы; білетіні.
-

- білетіні; тағут; туралы айтушы; ғайыпты; өзінің.
-

رتب هذه الكلمات لتخرج بجملي مفيدة:

■ ادعاء - الغيب - يجوز - لا - علم.

■ علم - الغيب - يدعي - كاذب - الذي.

■ نصدق - الغيب - يجوز - مدعي - علم - لا - أن.

■ علم - طاغوت - مدعي - الغيب.

نشاطات

Тоғызыншы сабақ

I

Тақырып:

**АЛЛАҒТАН ӨЗГЕ ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТІЛЕТІН ЖӘНЕ ӨЗІНЕ ҚҰЛШЫЛЫҚ
ЕТІЛГЕНГЕ РАЗЫ БОЛАТЫН ТАҒУТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ**

مَنْ عُبِدَ مِنْ دُونِ اللَّهِ وَهُوَ رَاضٍ فَهُوَ طَافُوتٌ

Құлшылық – бұл Ұлы және Құдіретті Аллаһтың ғана қақысы. Сондықтан да ешкімге өзіне немесе Аллаһтан өзгеге құлшылық жасауға шақыруға болмайды. Ал Аллаһтан басқа кімге құлшылық жасалса әрі ол осыған разы болса, сол тағут болады.

العبادة حق لله عز وجل، فلا يجوز لأحد أن يدعو لعبادة نفسه، أو لعبادة أحد غير الله تعالى، ومن رضي أن يُعبد من دون الله فهو طافوت.

Төртінші (тағут) – бұл Аллаһтан басқа құлшылық етілетін әрі өзіне құлшылық етілуге разы болушы. Бұған шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде қамтылған: **“Олардан кім: «Аллаһтан өзге мен де тәңірмін!» - десе, оны Тозақпен жазаландырамыз. Залымдардың сазайын сөйтіп тарттырамыз”** («әл-Әнбия» сүресі, 29-аят).

الرَّابِعُ: الَّذِي يُعْبَدُ مِنْ دُونِ اللَّهِ وَهُوَ رَاضٍ بِالْعِبَادَةِ، وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَمَنْ يَقُلْ مِنْهُمْ إِنِّي إِلَهٌ مِنْ دُونِهِ فَذَلِكَ نَجْزِيهِ جَهَنَّمَ كَذَلِكَ نَجْزِي الظَّالِمِينَ﴾ (سورة الأنبياء: الآية ٢٩).

II

ТАПСЫРМАЛАР

- 1) Аллаһтан басқа кімге құлшылық етілсе, сол егер осыған болса, тағут болып табылады.

«Өзіне өзгелер құлшылық еткенге разы болса» деген сөздерден біз егер Аллаһтан өзге біреуге құлшылық жасалып жатса әрі ол осыған разы болмаса, онда ол тағут деп түсінеміз.

1

الَّذِي يُعْبَدُ مِنْ دُونِ اللَّهِ يَكُونُ طَافُوتًا إِذَا بِذَلِكَ.

نفهم من جملة (وهو راضٍ بالعبادة) أن الذي يُعْبَدُ مِنْ دُونِ اللَّهِ وَهُوَ غَيْرُ رَاضٍ بِذَلِكَ (يَكُونُ طَافُوتًا / لَا يَكُونُ طَافُوتًا).

نشاطات

- 2) Христиандар Исаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) құлшылық етеді, бірақ сонымен бірге Исаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) тағут болуы мүмкін

емес. Не үшін?

٢

النصارى يعبدون عيسى عليه السلام، وعيسى عليه السلام لا يُمكن أن يكون طاغوتا، فلماذا؟

- 3) Перғауын өз халқын Аллаһқа емес, өзіне құлшылық етуге шақырып, былай деді: **«Әй, бастықтар! Мен сендер үшін менен басқа тәңір барлығын білмеймін»** («әл-Қасас» сүресі, 38-аят). Перғауын тағут па? Не үшін?

٣

دَعَا فِرْعَوْنُ قَوْمَهُ لِعِبَادَتِهِ مِنْ دُونِ اللَّهِ فَقَالَ لَهُمْ: ﴿وَقَالَ فِرْعَوْنُ يَا أَيُّهَا الْمَلَأُ مَا عَلِمْتُ لَكُمْ مِنْ إِلَهٍ غَيْرِي﴾، فهل يكون طاغوتا؟ ولماذا؟

- 4) Бір салиқалы адам қайтыс болды. Содан соң адамдар Ұлы және Құдіретті Аллаһқа емес, соның қабіріне құлшылық ете бастады. Осы қабірге табынушылар туралы шариғи үкім қандай? Бұл салиқалы адам тағут болып табылады ма? Не үшін?

٤

رَجُلٌ صَالِحٌ مَاتَ فَعَبَدَ النَّاسُ قَبْرَهُ مِنْ دُونِ اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ، فَمَا حُكْمٌ مِنْ يَعْبُدُونَهُ؟

وهل يُعبدُ هذا الرَّجُلُ الصَّالِحُ طاغوتا؟ ولماذا؟

نشاطات

III

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

1) Тағуттың төртінші түріне кім жатады?

2) Сөйлемді тиісті сөздермен аяқтаңдар: «Аллаһтан өзге құлшылық етілетін біреуді тағут деп атаудың шарттарының бірі – ол».

3) Өзін Аллаһ Тағаламен қатар құдай деп айтатын адамның жазасы қандай?



- ١- ما النوع الرابع من أنواع الطواغيت؟
 ٢- املا الفراغ بكلمة مناسبة: يُشترطُ في وَصْفِ مَنْ يُعْبَدُ مِنْ دُونِ اللَّهِ أَنَّهُ
 طاعوت أن
 ٣- ما جزاء من يدعي الألوهية من دون الله تعالى؟

Оныншы сабақ

I

Тақырып:

МҮМІН АДАМ ТАҒУТҚА ИМАН КЕЛТІРМЕУІ (СЕНБЕУІ) КЕРЕК

المؤمن لا بد أن يكفر بالطَّغُوتِ

Сендер оқыған бірінші тарауға жүгініп, келесі сөйлемдегі бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңдар:

Аллаһ Тағала адамға жүктеген ең бірінші міндет - бұл
 **және** Бұған шариғи
 дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде қамтылған:

«.....»

ارجع إلى الدرس الأول الذي درستَه في هذا الفصل، وأكمل هذه العبارة:
 أول ما فرض الله على ابن آدم والدليل قوله
 تعالى:)


Кейінгі сабақтардан сендер басқа да көптеген тағуттардың бар екенін білдіңдер. Олардың арасында мыналар бар:

1)

2)

3)

4)



Егер адам тағутқа күпірлік танытпаса, ол Аллаһқа иман келтірген бола алмайды. Бұған шариғи дәлел Аллаһ Тағаланың мына Сөздерінде қамтылған: **«Дінде зорлау жоқ. Расында, туралық азғындықтан ажыратылды. Енді кім тағутқа қарсы келіп, Аллаһқа иман келтірсе, сонда ол рас үзілмейтін (берік) тұтқаны ұстады. Аллаһ әр нәрсені Естуші, Білуші»** («әл-Бақара» сүресі, 256-аят).




Тура жол – бұл Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) діні, ал адасушылық – бұл Абу Жәхлдің діні.

II

ТАПСЫРМАЛАР

1) Сендердің алдарында бірнеше сөйлемшелер тұр. Біз тағуттарға қатысты не істеуіміз керек екеніне нұсқайтын сөйлемшенің санын шеңбермен сызып қоршандар.

- 1- олардың сипаттарын білуіміз керек;
- 2- оларды жақсы көруіміз керек;
- 3- оларға тән сипаттарға ие болудан сақ болуымыз керек;
- 4- оларға баруымыз керек;
- 5- оларға күпірлік танытуымыз керек.



2) Пайдалы сөйлемдер шығуы үшін, келесі сөздерді ретімен орналастырыңдар.

- Аллахқа; тағуттарға; иман келтірмеуді; иман келтіруді; берік тұтқа; және; өзіне; қамтыған.
.....
- иман; толық; тағуттарға; күпірлік етпей; болмайды; Аллахқа деген.
.....
- Абу Жәхлдің; адасушылық; бұл; діні.
.....
- Мухаммадтың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын; бұл; тура жол; діні.
.....

٢

رَتَّبِ الْكَلِمَاتِ الْآتِيَةَ لَتَكُونَ مِنْهَا جُمْلًا مَفِيدَةً:

■ بِاللَّهِ - تَتَضَمَّنُ - الْوَثْقَى - بِالطَّاعُوتِ - الْكُفْرِ -
الْإِيمَانِ - الْعُرْوَةِ.

■ الْإِيمَانُ - يَتِمُّ - بِالطَّاعُوتِ - إِلَّا - لَا - بِالْكَفْرِ - بِاللَّهِ.

■ أَبِي جَهْلٍ - الْعَيِّ - هُوَ - دِينُ.

■ مُحَمَّدٌ ﷺ - هُوَ - الرَّشْدُ - دِينُ.

III

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

1) Адамның иманы немен шартталады?

2) Кім екі сипатқа ие болса, сол сенімді (берік) тұтқаны ұстаған болып саналады. Оларды атаңдар?

التقويم

١ - ماذا يُشترطُ لإيمان الإنسان؟

٢ - المُستَمْسِكُ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَى هُوَ مَنْ وَجَدَتْ فِيهِ صِفَتَانِ، اذْكُرْهُمَا.

Он бірінші сабақ

I

Тақырып:

«СЕНІМДІ (БЕРІК) ТҮТҚА» СӨЗДЕРІНІҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ

معنى العزوة الوثقى

Осыдан алдыңғы сабақтан біз кім Аллаһқа иман келтірген болса және тағұтқа иман келтірмесе, сол сенімді (берік) тұтқаны ұстанған болатынын білдік. Аллаһ Тағала былай деді: **«Енді кім тағұтқа қарсы келіп, Аллаһқа иман келтірсе, сонда ол рас үзілмейтін (берік) тұтқаны ұстады»** («әл-Бақара» сүресі, 256-аят). Ал осы сабақта біз сіздерді «сенімді (берік) тұтқа» сөздерінің мағынасымен таныстыратын боламыз.

عرفنا في الدرس الماضي أَنَّ مَنْ حَقَّقَ الْإِيمَانَ بِاللَّهِ وَالْكَفَرَ بِالطَّاغُوتِ فَقَدْ اسْتَمْسَكَ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَى، قَالَ تَعَالَى: ﴿فَمَنْ يَكْفُرْ بِالطَّاغُوتِ وَيُؤْمِنُ بِاللَّهِ فَقَدِ اسْتَمْسَكَ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَى﴾
ونريد أن نتعرَّفَ في هذا الدرس على المراد بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَى.

Сенімді (берік) тұтқа – бұл Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ деген куәлік. Ол өзінің құрамына теріске шығару мен бекітуді қамтиды. Ол Аллаһтан басқаға арналған барлық құлшылық түрлерін теріске шығарады, әрі серігі жоқ жалғыз Аллаһқа ғана арналған барлық құлшылық түрлерін бекітеді.

العزوة الوثقى:
شهادة أن لا إله إلا الله، وهي متضمنة للنفي والإثبات، تنفي جميع أنواع العبادة عن غير الله تعالى، وتثبت جميع أنواع العبادة كلها لله وحده لا شريك له.

II

ТАПСЫРМАЛАР


1) Сенімді (берік) тұтқа – бұл
Ол Исламның тіректерінің бірі.




2) «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәлік өзінің құрамына екі нәрсені қамтиды:

Біріншісі – бұл

Екіншісі – бұл



3) Келесі суретке тиісті сөздерді қосып жазындар:



III

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

- 1) «Сенімді (берік) тұтқа» деген сөз нені білдіреді?
- 2) «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәлік өзіне нелерді қамтиды?
- 3) «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәлік өзіне теріске шығару мен бекітуді қамтиды. Олардың қайсысымен тағұттар, ал қайсысымен иман мензеледі?



١- ما المقصود بالعبادة الوثنية؟

٢- ماذا تتضمن شهادة أن لا إله إلا الله؟

٣- تتضمن شهادة أن لا إله إلا الله النفي والإثبات، فأيهما التي يقصد بها الطواغيت وأيهما يقصد بها الإيمان؟

